

ҚЫЛЫШБАЙ СҮНДЕТҰЛЫ

**ОРДАДАН ҚАНАТ ҚАҚҚАН
ҮНПАРАҚТАР**

Батыс Қазақстан облысының баспасөзіне – 90 жыл!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ҚЫЛЫШБАЙ СҮНДЕТҰЛЫ

**ОРДАДАН ҚАНАТ ҚАҚҚАН
ҮНПАРАҚТАР**

Батыс Қазақстан облысының баспасөзіне – 90 жыл!

Орал, 2008

ББК 76.1

С 90

Жауапты редакторы:

Мұқтар Ә.Қ., тарих ғылымдарының докторы

Пікір жазғандар:

Абдуллаев Н.А., тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Идрисова Ү.Х., тарих ғылымдарының кандидаты

Сүндетұлы Қ.

Ордадан қанат қакқан үнпарақтар: Оқу-әдістемелік құрал, - Орал; М.Өтемісов атындағы БҚМУ Баспа орталығы, 2008.-144 б.

ISBN 9965-07-395-3

XX ғасырдағы республиканың баспасөз тарихын зерттеп жүрген Қылышбай Сүндетұлының екі бөлімнен тұратын бұл кітабы Батыс Қазақстан облысы баспасөзінің құрылуына 90 жыл толуына орай шығарылып отыр. Кітаптың алғашқы бөлімінде өлкемізде пайда болған мерзімді басылымдардың құрылуы мен дамуына арналған деректі мақалалары топтастырылған болса, екінші бөлімде 1927 жылы 21-25 қаңтарда Орал қаласында өткен тұңғыш ауыл-село мен жұмысшы тілшілерінің съезінің материалдары арапшадан аударылып, кириллицаға түсірілген. Кітаптың соңғы бетінде Батыс Қазақстанда әр жылдары жарық көрген мерзімді басылымдардың тізімі берілген.

Бүгінгі таңда өткенді ардақтау жас ұрпақтың абыройлы міндеті болса, аталмыш еңбектің осы міндет биігінен табылары сөзсіз.

Кітап мәдениет сүйер қауым мен журналистерге, студенттерге арналған.

Баспаға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесі ұсынған

ISBN 9965-07-395-3

ББК 76.1

С 45020000

(05-08)

© Сүндетұлы Қ., 2008.

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ Баспа орталығы, 2008.

2009/72

Бастау

Газет тарихы – оны жасаушылардың тарихы ғана емес, ол сол өлкенің өз тарихы, ел тарихы, өлке адамдарының мәдени, рухани, әлеуметтік-саяси кемелдену тарихы. Бүгінде халқымыздың өткен тарихы зерттеліп, небір асыл мұраларымыз қайтадан жаңарып табысуда. Солардың қатарында биылғы жылы 90 жылдық торқалы тойын өткізгелі отырған Батыс Қазақстан баспасөзінің тарихы туралы жүйелі тың еңбектің жоқтығы жасырын емес.

XIX ғасырдың II жартысынан бастау алған Қазақстанның өзге өңірлері секілді Жайық өңіріндегі батыс аймақтың баспасөзінің бай тарихы бар. Бұл кезде патша үкіметі өз билігін күшейту мақсатында, орыс шаруаларын тыныштығын ұстап тұру үшін оларды қазақ жеріне көшірді. Сонымен қатар қазақ пен орысты араластырып қазақтың елдігін, ұлттығын айырудың мақсатын көздеді. «1868 жылы патша өкіметі «Дала облыстарын басқарудың уақытша жағдайы» атты бұйрығына сай 1869 жылы Орал облысы құрылып, оның құрамына Оралдық казак әскери территориясы мен Орынбор қазақтарының жері біріктірілді. Облыс Орал, Ілбішін, Гурьев және Темір уездіктеріне бөлінді, сондай-ақ бұған Маңғыстау приствінің жері де кірді. Жалпы жер көлемі 29 626 234 десятина болған болса, оның ең шұрайлы, құнарлы 6 4645 402 десятина жері казактар әскерилерге, ал қалған 23 160 832 десятинасы мемлекеттік деп жарияланып, казактарға қоғамдық негізде пайдалануға берілген [1, 69 б.].

Орыс отаршылдары егінге жарамды жердің бәрін казактардан тартып алып, Ішкі Ресейден шаруаларды әкеп қоныстандырған. Жайық бойына бір адам аттап кіре алмайтын, казактар өз жерінде өгей баланың күйін кешті. Осылайша Ресей империясы казак жерін толық жаулап алғаннан кейін, бұл аймақта өз саясатын орнықтырып, насихаттау мақсатында газеттер ашты. Батыс Қазақстандағы мерзімді баспасөздің алғашқы пайда болуымен және даму тарихына қысқаша тоқталсақ. Алғаш 1867 жылы Орал қаласының мәдени өмірінде елеулі оқиға болған «Уральские войсковые ведомости» атты апталық газет жарық көрді. Оның алғашқы редакторы есаул П.Назаров болған, газет алғашқы нөмірінен Ресей патшасына қызмет еткен Орал казактарының әскери құрамаларын

реформалау, олардың үлесіндегі жер-су көлемін өзара реттеу, әскери қимылдардың орталықпен почта байланысын күшейту, Жайықтан балық аулау кәсібін жетілдіру және т.б. жазып, отарлау саясатын ұстады. Балық аулау кезінде мысалы, кімнің мол ат-арбасы, ау құралдары, балық таситын жүкшілері, азық-түлік қорлары болған адамдарға балық тартымының соңғы тартымына қатысуға рұқсат беріледі. Алайда, сол кездегі адамдардың балық аулауға төлейтін 2-3 рубль тұратын рұқсат қағазын да ала алмайтын күйде болғанын «Уральские войсковые ведомости» газеті жазған [2]. Бұдан басқа Орал қаласында 1891 жылы «Уральский листок» газеті шыққан. Әу, баста хабарландыру беретін газет болғанмен 1893 жылдағы № 48 санынан бастап әдеби-саяси, экономикалық басылымға айналды. Редакторы әрі шығарушысы М.Жавронкова болған. 1897 жылы «Уралец» газеті жарық көрді. Бұл газет 1903 жылдан кейін «Уральский дневник» атауына ие болды. 1897-1909 жылдары аптасына 3 рет шығып, құрылтайшысы К.В.Ванюшкин, редакторлары М.С.Сладков, 1897 жылдың № 48 саны бастап Б.А.Турыбрин, № 7 санынан 1899 жылдан бастап Н.М.Логашкин, 1902 жылдары Н.Д. Аржанов, 1905 жылдары А.Тухфатуллин шығарушы болды. 1906 жылдың 20 қаңтарында соттың шешімімен уақытша тоқтатылды. Осы газеттің тігіндісі сақталған М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік бұқаралық кітапханасының қорында: «Теріс» бағыттағы пиғылда болғандықтан жабылғандығы туралы анықтама бар» [3, 68 б.]. Аталмыш газетте татар ақыны, демократ-публицист Г.Тукай жұмыс істеген. Сондай-ақ, А.Тухфатуллин Орал қаласындағы медреседе мұғалім болып жүріп татар тілінде «Новый век» газетін шығарып, кейін «Мысль» газетінде белсене жұмыс істейді. Бұл газеттер жабылғасын «Новая жизнь», «Стрелы» сатиралық журналында жұмысын жалғастырған. Осы газет және журналдар алғашқы татар халқының басылымдары болып саналады. Сондай-ақ, Орал қаласының әдебиет сүйер қауымы «Горыныш» студенттік жинағын шығарған.

Ал енді Бөкей ордасына келген газеттерге қысқаша тоқтала кетсек. Алдымен Ішкі орданы басқару жөніндегі Уақытша кеңестің 1889-1891 жылдардағы төрағасы И.С.Ивановтың «Джангер – хан Внутренней киргизской Орды. Астрахань, 1895» еңбегінде: «Ханның кітапханасында төмендегідей мерзімдік

басылымдар болды: «Северная пчела», «Отечественная записки», «Современник», «Москвитянин», «Халық ағарту министрлігінің журналы», «Руский инвалид», «Сенатские ведомости», Астраханның, Саратовтың және Оренбургтың губерниялық ведомостілері (газеттері)-деп тізбектеп көрсетеді [4, 13 б.].

Байқап отырсақ, қазақ даласына келген газет-журналдар сөз жоқ ел жаңалықтарын әкелді. Осы Ордада ашылған тұңғыш мұсылманша-орысша білім беретін Жәңгірхан мектебінде оқыған, кейін Орынбордағы Неплюев кадет корпусын 1845 жылы бітірген С.Бабажанов этногрф, тарихшы географ ретінде Императорлық орыс география қоғамының хабаршысында, жинақтарда мақалалар жариялап тұрған. Қазақ баспасөзінің көш бастаушысы болған «Түркістан уалаятының газетінің» 1876 жылғы 28-33 сандарында, 1877 жылғы 10-12 сандарында қазақтың 300-ге жуық мақал-мәтелін жинап бастырған. «Ташкент қаласында қызмет қылып тұрушы Қожа Салық Бабажанов біздің газетке басып шығаруға Кіші жүздің Бөкей ордасында жүріп жиған қазақтың мақал сөздерін берді» деген кіріспе сөзбен басталған мақал – мәтелдер алғаш баспа бетін көрген нұсқалар ретінде баға жетпес дүние [5, 14 б.].

Жалпы, Батыс Қазақстан өлкесіне алғашқы уақытта мерзімді баспасөз орыс тілінде жеткен. Бұл газеттердің мақсаты патша үкіметінің отаршылдық саясаты аясында, оның бұйрық-жарлықтарын қазақ тілінде жариялап, оның ресми көзқарастарын халық арасында кеңінен таратып, көпшілікке жеткізу еді. Бірақ уақыт өте келе Қазақстанда баспасөз жергілікті жердегі өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы өндірісін, сауданың дамуы туралы жазып тұрды. Кейін бұл газеттер Ресей үкіметі қойған міндеттер мен мақсаттарға, оның отаршылдық саясатын жүзеге асыруға қызмет еткенімен, қазақтың тілі мен жазба әдебиетін қалыптастыруға, қазақтың әлеуметтік, шаруашылық және мәдени өмірінің мәселелерін көтеруге де едәуір үлес қосты. «Газет негізінде жергілікті отаршылық әкімшілік органдардың ресми ұйымы бола тұрса да, халықты отырықшылыққа, өнер-білімге, мәдениетке шақыруда едәуір рөл атқарды, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына зор ықпал жасады» [6, 17 б.].

Жалпы, байқап отырғанымыздай мерзімді баспасөздің ірге тасы сонау Орынбор, Омбы қалаларынан бастау алып, көршілес

Орал өңіріне де құлашын ұрған. Бұл өлкедегі мерзімді баспасөздің зерттелуі жайына келгенде, Ф.Яхиннің «Из истории периодической печати г.Уральска» (1905-1907), «Татарская литература периодической печати Уральска (1905 -1907)», «Жизнь и творчества Ризенддиина Фахреддина» атты Қазан қаласынан басылып шыққан кітаптарының тарихи маңызы зор. Осы еңбектерінде автор Орал өңіріндегі мерзімді баспасөзді қалыптастыруда татар газет- журналдарының және баспагерлерінің рөліне тоқталып кетеді. Қазақ зиялылары алғашқы саяси күреске де өз басылымдары болмағандықтан осы татар баспасөзі арқылы шықты. Сөйтіп олардың бұл бағыттағы қызметінің тұсауы «Фикер» газетінің жарық көруімен кесілді. «Фикер» газеті, «Ал –гасруль джадид» және «Уклар» журналдары беттерінде татар халқы ғана емес, өзге де қазақ, башқұрт ұлттарының ұлт-азаттық қозғалысы туралы материалдар кеңінен жарияланып отырған. «Әсіресе, бұл «Фикер» газеті, «Ал-гасруль-джадид» және «Уклар» журналдарында материалдардан анық көрінеді. Бұл баспалар отарлық езгіде отырған халықтардың еркіндігі туралы аз ғана қылт еткен қозғалысын қызу қолдап, бұл халықтардың өкілдерінің өлеңдерін және мақалаларын басты. Мысалы, 17 мамыр 1906 года «Фикер» газетінде қазақ ақыны Ғалиасқар Қуанышевтің қазақтарды болашағын ойлап, өз халқының мүддесін қорғауға, еркіндік пен оқу-ағартуға кеңінен шақырған «Қазақтар мен қырғыздарға бір үндеу» атты өлеңі жарияланды»[7, 41б.].

1907 жылдың 4 қаңтарынан 27 ақпанына дейін Орынбор қаласында «Орал» газеті жарық көріп, небәрі 31 нөмірі оқырман қолына тиді. «Орал» газеті Қазақстанның шет аймағында еңбекшілерге саяси тәрбие беруде үлкен рөл атқарады.

Азаматтық қарсылық кезеңі басталғанға дейін Қазақстанның батыс өлкесіндегі Орал жерінде дүниеге келген «Уральские войсковые ведомости» (1867), «Уральский листок» (1892), «Уралец» (1897), «Уральский дневник» (1906), татар тілінде «Фикер» (Мысль) (1905), «Ал-гасрель жәдид» (Новый век) (1906), «Уклар» (Стрелы) (1906) және т.б. қалың бұқараның зор қолдауына ие болып, болашақ мерзімді баспасөздің талайының тұсауын кесті. Осы газеттердің алғашқы сандары Орал қаласындағы татар халқының адал перзенті Ғ.Тоқайдың өміріне

арналаған мұражайда тұр. Осы мұражай орналасқан үйдің төменгі бөлмесінде баспахана орналасқан.

Ішкі Бөкей Ордасынан сонау Жәңгір хан заманынан бастап Ресейдің Астрахань, Орынбор секілді іргелес жатқан қалалармен жиі араласуы, Орда мектебінде ұстаздық еткен өзге ұлт зиялылары арқылы да қазақ даласына келген газет-журналдар біздің халқымыздың көкірегіне сәуле түсірді. Сол кездегі қалыптасқан қазақ интеллигенциясы да өзімен бірге халықтың қамын жеп, сөзін сөйлейтін нағыз ұлттық газеттің дүниеге келуін тездетті.

Батыс Қазақстандағы ұлттық баспасөздің бастауы 1911 жылы 16 наурызда жарық көрген «Қазақстан» газетінен алады. «Қазақстан» газеті 1911 жылы 16 наурызда Орда қаласында шығады. Сол жылы 27 мамырда шыққан кейін кезекті сандары шықпай, алты айға жуық тоқтап қалады. Бірақ бұл мерзімде газетті шығарушылар редакция мен баспахана жабдықтарын Орал қаласына көшіреді. Бұл туралы «Қазақ» газетінде былай деп жазылды: «Оралский қаласында он шақты нөмір шығып тоқтаған «Қазақстан» жаңадан шыға бастады. Оралскіде 27 шақты оқымысты қазақ жастары ішінде Бақытжан Қаратаев бар, бас қосып, «Қазақстан» шығарып жүргізіп жіберу турасында кеңесіпті. Кеңестен соң қылған қаулысы мынау: Сол 27 адам ай сайын алды жиырма сомнан, арты бестен жәрдем бермекші. Бұлайша жинағанда айына жүз жетпіс бес сом ақша жиналатын болыпты. «Қазақстанның» 27 январьда шыққан бірінші нөмірі басқармамызға келді. Кітап формасында сегіз бет болып басылады екен. Аяғында бір беті орысша» [8].

Ақ Жайықтың бойындағы тарихи, мәдени орталықтардың бірі, кезінде Бөкей хандығының орталығы болған Ордада шыға бастаған «Қазақстан» газетінің жарық көруіне – Ғ.Қараш, Е.Бұйрин (редактор), Б.Қаратаев, Ш.Бөкеевтер атсалысты. Сөйтіп Ордада 2, Оралда 16 нөмірі жарияланып не бары 18 нөмірінен кейін 1913 жылы шілде айында «Қазақстан» газетінің шығуы тоқтатылады. «Қазақстан» газеті бірнеше рет патша өкіметі тарапынан қуғынға ұшырап, 1912 жылы Астрахань қаласында Апресянц және Окур деген армяндар басқарған баспаханасында басылып тараған. Ғ.Қараш пен пен Е.Бұйрин газетке бірі мақалаларды қазақша, бірі орыс тілінде әзірлеген. ...Бірақ редакциясы Борсыдағы Ш.Бөкеевтің үйінде болған. Шәңгерей

Сейткерейұлы Бөкеев 1847 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданынан қарасты Көлборсы ауылында туған. Орынбор кадет корпусында, Астрахан гимназиясында білім алған. Бойындағы тума ақындық талантының арқасында орыс классигі М.Лермонтов шығармаларын қазақша сөйлеткен. Шәңгерейдің 1912 жылы «Шайыр», «Көксілдер» атты жинақтары жарық көрген. 1920 жылы Қаратөбе ауданындағы Ақбақай қорымында жерленген. Шәңгерей кең тынысты ақында болған еді. Газет материалдарын Ғ.Қараш пен Е.Бұйрин даярлап, кезек-кезек Астрахань қаласына поезбен апарып, Б.Қаратаевқа тапсыратын болған. Ол өзі қарап большевиктердің баспаханасында газетті басқарады [9].

Бір ескеретін жәйт «Қазақстан» газеті шыққанға дейін Қазақстан деген республикамыздың партиялық ресми аты ешбір тарихи кітаптар мен баспасөздерде аталған емес. «Қазақстан» деген сөзді тұңғыш ресми тілге енгізген Е.Бұйринге Орал облыстық әскери губернаторы Дубасовтың «Қазақстан» газетінің шығару туралы берген куәлігінде: «Бұл куәлікті Орал әскери губернаторы Ішкі Орда қазағы халық мұғалімі атағы бар Елеусин Бұйриннің арызына байланысты беріліп, жауапты редактор ретінде киргиз(қазақ) тілінде «Қазақстан» атауымен, аударғанда «Қазақ өлкесі» атты газетті шығаруға берілді»деп, анық айтылған [10].

Ол кезде сауатты көзі қарақты оқығандар саны аз болғандықтан ел ішінде газеттің не екендігін түсіндіру міндеті тұрды. «Қазақстан» газеті әлемнің төрткүл жерінде не болып жатқандығынан өз оқырманын хабардар етеді. «Қазақстан» газетінің мазмұнына, идеялық - саяси бағытына келсек, шоқтығы биік көрінеді. «Қазақстан» газеті сол кездегі қазақ тұрмысынан көп мәселе көтерген. «Қазақстан» газетінің редакторы Бұйра ұлы Елеусін (1874, Жаңғала ауданы - 1933, Тәжікстан, Душанбе) - алғашқы қазақ журналистерінің бірі, ақын, қоғам қайраткері. Жазушы Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында бас кейіпкер Хакімді «атты казактар қоршап алып «Қырық трубаға» қарай қуалағанда төбесінен жай түскендей болып еді, кісі өлтіріп, ұрлық жасап тұтқынға алынған қылмысты адамға мұндай маскаралық халге душар болу, оған өліммен тең көрінді.

— Ым ...Сіз кім болдыңыз?

— Екінші рангалы юрист Елеулі Бұйратов деген болам. Округтік адвокаттар коллегиясының мүшесі. Мамандығым бойынша халайықтың ғарзасына түсінік беріп, жол көрсетіп, өзіме тағаллықты жұмысымды атқаруға сот коллегиясына кетіп бара жатыр едім, сол жолда казак хорунжиі тиіссіз кіріптар етіп, сіздің қарауыңыздағы қылмыстылар отыратын түрмеге қамады» [11, 98 б.]. Бұл үзіндіден заңгер, ақын, журналист Е.Бұйриннің протопипін анық көрінеді. Орал облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған 1920 жылы 15-26 мамырда өткен 4 Бөкейлік губерниелік сиездің 277 парақтан тұратын материалдарында С. Меңдешев, А.Оразбаева және т.б. бар делегаттық тізімде Е.Бұйринде бар: «58. Бюрин Илеусин. 44 лет. Мандат. от К-Самарской части. №1512 Должность следователь. До Октябрьской революций скотовод» [12]- деп көрсетілген.

Газет шығарушылардың бірі Ғ.Қараш қазақ халқының еркіндігін, елінің тәуелсіздігін армандаған көрнекті ақын, ойшыл - философ, қоғам қайраткері Бөкей Ордасының Қырыққұдық деген жерінде туған. 1911-1913 жылдары Орынбор қаласында Ш.Бөкеевтің қамқорлығымен ел аузынан әдеби мұраларды жинап «Шайыр», «Көксілдер» атты екі жинақ құрастырады. «Бала тұлпар», «Қарылғаш», «Тұмыш» «Аға тұлпар», «Тұрымтай» аталатын бес поэзиялық, «Ойға келген пікірлерім», «Өрнек», «Бәдел қажы» атты зертеулері жарық көрген. Тарихшы И.Кенжәлиевтің пікірінше оның еңбегі «1910 жылы Ішкі Ордада тамамдалып, 1911 жылы Уфада жарық көрген 20 тараудан тұратын «Тұмыш» өлеңдер циклында ақын ұрпақ тәрбиесін әйел-ана релін, оның ішінде қыз баланы оқытуды және әрбір саналы азаматтардың халқына қызмет етуін насихаттаған» [13, 46 б.]. Ғ. Қараштың қоғамдық-саяси қызметі 1911-13 жылдары «Қазақстан», «Ұран» (1917), «Қазақ дұрыстығы» (1918), «Дұрыстық жолы» (1919) газеттері мен «Мұғалім» атты жарық көрген басылымдармен қатар дамыды.

Осылайша, қазақ журналистика тарихындағы толыққанды басылым болып табылатын, ұлтының бостандығы жолында табанды күрес жүргізген саяси орган ретінде танылған баспасөз «Қазақстан» газеті болып қалды.

1913 жылы 2 ақпанда Кәрімов-Хұсаиновтар баспаханасында жарық көрген «Қазақ» газеті мен Тройцк қаласында 1911 жылы жарық көрген «Айқап» журналдары беттерінде батыс өлкедегі

жағдайларға тұрақты хабарлар басылып тұрды. Олардың бетінде Х.Досмұхамедов, Н. Ипмағамбетов, Б.Қаратаев, Ғ.Қараш, А.Мәметов, Ғ.Мұсағалиев, Ж.Сейдалин, А.Кенжин және т.б. әр түрлі тақырыпқа қалам тартқан. Газет беттерінде ішкі және халықаралық өмірдің негізгі мәселелері туралы хабарлар жарияланды, майдан мен тылдағы жағдайға толық тоқталды. М.Дулатов «Қазақ» газетінің 1915 жыл 15 ақпандағы №104 санында Қоныс аудару басқармасының Орал облысының Гурьев уезінде жер бөлу жұмысын жүргізуі айтылған [14, 133 б.]. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 2 ақпан №101 санында «Тәңірі жарылқасын!» атты мақала жарияланған: «Өткен жаз елге қайтпай Сібір жағында мұғалім болып, осы қыс тағы да Уфадағы медресе «Ғалияға» келіп оқып жатқанымда, 12 қаңтарда атамның опат хабары келіп, үйге қайтып едім. Елге қайтуға қаражатым кем болып тұрғанда серіктерім - қазақ шәкірттері өз араларынан жолдық ақша жинап берді.

Енді медресеге қайта барудан үміт үзіп тұрғанымда «Қазақ» басқармасынан 25 сом барғанын көріп, баруға жігер екенімде, Лұқпан Көжеков, Әжікей Жакенов секілді құрбылар Уфаға жетерлік жолдық расход жинап беріп, тағы қайта бара жатырмын. Бұлардың әр қайсысына тәңірі жарылқасын айтамын! Ахмет Мәметов»[14, 131б.].

А.Мәметовтың «Алаш» газетінің 1917 жылғы 25 мамырдағы №22 санында «Балаларға», «Қазақ» газетінің 1915 жылы 5 наурызда №109 «Көңіліме», 27 қаңтардағы №99 «Тілегім», 1916 жылғы №186 санындағы «Су жағасында» атты өлеңінде табиғатты суреттейді, 1917 жылғы №222 санында «Алашка сәлем», №232 санында «Г...жұбату» өлеңдері жарық көрді.

Қазақ қоғамы үшін ХХ ғасырдың бас кезі түрлі саяси, азаматтық бағыттардың өзара қақтығыс және күрес кезеңі болды. Тарих сахнасына ақпан, қазан революциялары мен азамат соғысы жылдары енді. Міне, осындай кезеңде қазақ халқының тарихында бүкіл қоғамдық ой-пікірдің өрлеуіне мүмкіндік туып, тұмшаланған ұлттық сананың ояну дәуіріне жол ашқан еді. Дәл осы уақытта халық санасының дамуына бірден-бір қозғаушы күш болған мерзімді баспасөз басты күшке айналды. 1917 жылдың шілде айында Хан Ордасындағы Орал үкіметінің Мұсылман бюросы «Ұран» газетін ұйымдастырды. Оның бас редакторы Абдул Азиз Муса, Стамбулда білім алған оқыған адам болған.

Осы газеттің қызметі жайында «Қазақ» газеті 1917 жылы 24 шілдедегі санында Орынборда ашылған «Жалпы қазақ съезі» туралы айта келіп: «Алаш», «Ұран», «Сарыарқа» газеттері олар да жоғарыда айтылған мәселелер туралы пікірлерін білдірсе екен» деген [15].

Орда қаласындағы алғашқы газет «Ұран» 1918 жылдың мамырына дейін шыққан. Оны жеке адамдар бірлесіп шығарып тұрды. Аталмыш газет туралы С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітабында: «Әр жерде-ақ газет шығара бастады. ...Бөкейлікте, Астрахань қаласында, «Ұран» газеті. Басқарған-А.Мұсаұлы» (Ғабдолғазиз Мұсағалиев-Қ.С.) [16, 52 б.]-делінген.

Газет беттерінде Бөкей қазақтарының Уақытша өкіметтің басшыларын түсіріп, оның орнына бұқара халық өкілдерін қойғанын хабарлап отырған. «Ұран» газетінің бетінде жарық көрген «Тағы да өзгеріс» атты мақаланы «Қазақ» газеті көшіріп басқан. Содан үзінді бере кетсек: «Өткен нөмірінде бұрынғы комиссарлық Құлманұлы қалып, оның орнына Әзірбайұлы болып еді. Оның бер жағында комиссарлық қалып, Бөкейліктің істері осы кісілер арасынан бөлінді:

Ішкі істі қараушы:	Б.Ниязұлы.
Жол ісін қараушы:	І.Көшекұлы.
Жәрдем беруші:	К.Менешұлы.
Азық-түлік:	С.Генералұлы.
Ақша жағын:	Д.Темірәлиұлы.
Оқу- оқыту:	С.Меңдешұлы.
Ден саулық:	М.Көкібайұлы.
Дау:	С.Нұралиханұлы..

Бұлардың халықтың бас-аяғын жинап мәслихат етуге шыдамай, Бөкейліктің ісін қолдарына алуларын әр түрлі жоруға болады.

Біреуі – уақыт оздырмай осындай қысаңшылық заманда халықты қиындықтардан сақтап тура жолға бастау, екінші түрлі ойлағанда, ел адамдарына мынау қалай демей, төрт жүз мың Бөкейліктің делегаттарының сайлаған адамдарының билігін кешегідей он шақты қара таяққа беріп, өзара кеңесіп, өз тілектерін жасай беруі өздерінің бас қамы үшін деп айтуға да мүмкін. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» деген қазақтың мақалы бар.

Мен басшыларымыздың бұл істерін жөн яки жөн емес деп айта алмаймын. Дұрыс, дұрыс емесін халықтың өзі шамалап тұрған болар...» [17].

Біз бұдан Бөкейліктердің сол кезден-ақ тығырықтан шығар жол іздегенін көріп отырмыз. Жоғарыдағы мақаладан, елдің өзін-өзі басқарудың жүйесін іске асырған алғашқы автономиялық құрылымның барлық белгілері Бөкей Ордасында көрініс тапқанын айқын аңғаруға да болады. Қазақ интеллигенциясының жайын төменде жарияланған мақаладан көруге болады: «ескі үкіметке деген өшпенділік және сенімсіздік тек қана қараңғы халық арасынан орын алған жоқ, сондай-ақ біздің интеллигенция ортасынан табылып жатыр» [18].

1917 жылғы ақпан революциясына қазақ халқы ерекше үміт артты. Өйткені патша езгісінен құтылғасын әр жерде ұлттық негізде комитеттер құрылып, әр ұлттың мүддесін қорғауға кірісті. Сол жылдың жазына қарай құрылған қорғаушы ретінде қазақ комитеттері қоғамдық-саяси өмірде елеулі орын алды. Орынборда шоғырланған қазақ оқығандары өзара кеңесе келе, жалпы қазақ сиезін шақыруға шешім шығарады. Комиссия «Қазақ» газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеумен қайырылып, артын ала қажет деп тапқан адресстерге жеделхат жолдайды. 1917 жылы 12-22 сәуірде Орал қаласындағы цирк үйінде қазақтардың облыстық сиезін өткізді, Съезде атқаратын жұмыстардың сапында қазақ тілінде газет пен кітап шығаруды алдыңғы қатарға қояды.

Сөйтіп, жалпы ұлттық деңгейде саяси ұйым құруға, ұлттық басқару жүйесін жасауға негіз болды. Мазмұны жағынан бірін бірі толтырған деректердің түп негізі – халық бостандығы негізінде жазылды. Газеттер бетіне жарияланған мақалалар съезд шешімдері еді, айтылған мәселелер қазақ халқының алдындағы шешімін күттірмейтін асқар асулар болатын. Қазаққа жаңа өкіметтің жайын, оның не мақсат ұстанғаны, жиылыстарда талқыланған мәселелермен таныстыру болды.

Қорыта айтқанда, өлкемізге тараған «Қазақ», «Алаш» және Ордада шыққан «Ұран» газеттері батыс өлкеде адамдардың санасына сілкініс жасаған баспасөздер болды. Ұлттық басылым беттерінде жарық көрген мақалалардағы көкейтесті мәселелер – ұлттық дербестікке, өркениетке қол жеткізу, оқу-білімге ұмтылу, ғылым жетістіктеріне бой ұсыну, сонымен бірге дін, тіл мәселелерін қастерлеуді көтерді. Мұның өзі сол кездегі Батыс Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірді жақынырақ танып білу үшін үлкен дерек көзі болып табылады. Кейін Қазан төңкерісі нәтижесінде дүниеге келген компартияның қатаң тәртібі ұлттық

бағыттағы газеттердің тағдырына тұсау болып, сан ғасыр арман еткен қазақ халқының арманы болған тәуелсіздік жолындағы күресін тоқтатты. Осылайша газеттердің Қазақстанның батыс өлкесі үшін жаңа «большевиктік» кезең басталды.

Компартияның идеологиясын іс жүзінде асыру жолында аянбай тер төккен кеңес үкіметі баспасөзді үгітші, насихатшы құрал ретінде өз мақсаттарына орынды пайдаланды. Баспасөз шексіз үстемдік құрған партияға тәуелді болып, сол уақыттағы қоғамның шын келбетін ашып бере алмады. Газет бетіндегі сөз бостандығы шексіз шектеулі болғандықтан, өлкеде пайда болған газеттеріміз сол заманның жаршысына айналды.

Енді Ордада жаңа тұрапты газет ұйымдастыруға қадамдар жасалды. 1918 жылғы тамыз айында Оралға Мәскеуден Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариатының қазақ бөлімінің меңгерушісі М.Тұнғачин келді. Сол күндерде Ордада жүрген Н.Н. Наримановтың ұсынысы бойынша бөкейлік еңбекшілер арасында үгіт - насихат жұмыстарын күшейту, бұл үшін ең алдымен газет шығару мәселесіне көбірек көңіл бөлінді. Астраханнан баспа жабдықтары әкелінеді. 1918 жылы 17 қарашада дүниеге келген «Ішкі Ордалықты басқарушы областной комитетінің хабары» деген атпен Ордада екі тілде тұңғыш газеттің бірінші саны шықты. Төрт беттік бұл газеттің екі беті, қазақша, екі беті орысша болды. Газет күнара шығып большевиктік партияның сенімді үніне айналды. Газеттің редакторы болып Астрахань жұмысшысы, Бөкей облыстық атқару комитетінің төрағасы С.П.Милютин тағайындалды. С.П.Милютиннің «Хабар» газетінің бірінші нөміріне жазған «Енді өз газетіміз бар» атты басмақаласында былай деді: «Бүгін қараңғылықта қалған ішкі ордалықты ағарту жолына кірудің тойы, соның шаттығы. Бүгіннен бастап біз де баспасөзге қошамыз. Бүгінгі күннен бастап мәдени һәм саяси істерде жұртпен қатар біз де дүниеге шығамыз, өзіміздің барлығымызды білдіреміз». Бұдан әрі газетте губерниялық атқару комитетінің қаулылары, баспахананың жұмысы, газетке жазылу басталғаны, Ордада кедейлер комитетінің құрылғаны туралы хабарлар жарияланды. Біз бұдан «Хабар» газетінің алғашқы күннен бастап, жаңа өкіметтің саясатын қолдап, партияның құрылысын нығайту үшін күрескендігін көреміз. Газет бетінде ақылға сыйымсыз социализмді бүкіл дүние жүзіне тарату туралы үндеуде жарияланып үлгерді [19].

Кейін газет 1919 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақ дұрыстығы» (орысша «Киргизская правда») деп қайта аталды. Бұл газет 1919 жылдың 20 ақпанынан бастап бірыңғай қазақ

тілінде «Дұрыстық жолы» газеті шығарылды. «Дұрыстық жолы» газетінің алғашқы өмірге келуіне Ғ. Мұсағалиев, Ш. Бекмұхаметов, Б.Жәнекешев, М.Көкебаев, Х.Есенбаев, Ғ.Беғалиев, Ғ.Сарбаев, Ә.Меңешев, Х.Бекқалиев, Х.Чурин, белгілі ақын Ғ.Қарашев және басқалар қатысқан. Бұл газет те еліміздің ішкі өмірінен, шетелдерден көптеген хабарлар, қазақ даласының хроникасын жиі жазып тұрды. Көп ұзамай екі газеттің орнына Ұлттық істер жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Қазақ бөлімінің Бөкей подотделінің үні ретінде 26 ақпаннан 10 шілдеге дейін «Дұрыстық жолы», кейін «Сахара таңы» деген қазақша газет ұйымдастырылды. Алайда «Сахара» газеті татар тілінде жарық көрген болып шықты. Оған нақты дәлелім Орал-Бөкей Қазақ әскери революциялық комитетінің 1919 жылдың 15-28 қарашасында Қазасревкомының басқармасына берген баяндамасының есебінде: «...Татар тілінде «Сахара таңы» атты газеттің бірінші саны 3000 данамен жарық көрді. Жаудан тазартылған аудандардағы мұсылман қызыл әскерлер мен 25-ші дивизияның саясат бөлімі арқылы жауынгерлер арасына таратылды. Мәскеу, Саратов, Қазан, Орынбор және басқа қалаларға жіберіліп, онда шығатын татар газеттері секілді ауылдық кеңестер мен атқару комитеттеріне киргиз (қазақ) арасында мәдени жұмыстарды жүргізу үшін жіберілді» – делінген [20].

Ордадағы осы аралықта жарық көрген «Қызыл дала» газетінің шығуы туралы мына дерекке назар аударсақ. РК(б)П Бөкей губкомының үгіт-насихат бөлімінің жазған есебінде анық көрсетілген: «Қызыл дала» газеті аптасына екі рет шығып, 2000 данамен таралып отырған. Үзбей жаздырып алдыратындардың саны -250; 10 губерниелік қалаларға, 1878 ауыл-селоға данасы таралған. Алайда баспаханада қазақша корректор мен әріп теруші жетіспеген, тұрақты штаты болмаған» [21]. Аталмыш газетті жоғарғы басшы органдар бюджеттің қамқорлығына алмай, қаржылай да полиграфиялық құралдарменде (қағаз, бояу, техникалық) ешқандай көмек бермеген. Осыны ескертіп жергілікті Бөкей губкомитетінің жауапты басшылары Мәскеуге Бөкей губерниелік комитетінің «Қызыл дала» газетін аштыққа ұшырап отырған жерде қаражаттың жоқтығын ескертіп, мәдениеті артта қалған елде үгіт - насихат жұмысын жүргізудің негізгі құралы ретінде газетті шығаруды тек қана мемлекеттің қамқорлығына алуды сұрап екінші рет хат жолдаған [21, 40 п].

Батыс Қазақстанда шыққан газет-журналдардың тағдыры үнемі қыл үстінде тұрды. Газет редакторларының шебер ұйымдастырушылық қабілеттері мен білімпаздығына қарамастан,

кеңес үкіметінің ұлттық саясатына қарсы деген желеумен газеттің аяқ асты жабылып қалатын тұстары жиі орын алды. Мысалы, Ордада алғашқы әскери газеттердің қатарына қосылатын «Соғыс істері жөніндегі Қазақ комиссариатының «Хабарлары» («Известия Киргизского комиссариата по военным делам») деген қазақ және орыс тілінде деген газет пен «Мұғалім» журналы шыққан.

Уақыттың өзгеруіне қарай Бөкей губерниесіндегі Орда газетінің аты да («Степной Набат», «Қазақ жарлылары», «Кедей Туы») өзгеріп отырды. 1923 жылы күзде өлкеде болған С.Сейфуллин жергілікті халықтың баспасөзге сусап, құмарланып отырғанын көзімен көрген жазушы сол кезде шығып тұрған газеттердің ауыр жағдайы туралы былай дейді: «Бөкейде «Қазақ жарлылары» деген бір жағы орысша, бір жағы қазақша бір газет шығады. Қазақшасы орысшадан аударылып отырылған. Сөзі түсініксіз. Баспасы өте көмескі» [22].

Қазақстан баспасөзіне партияның тоталитарлық-әкімшілік билігін нығайтуға арналған ВКП(б) Орталық Комитетінің 1925 жылы 2 наурызда қабылдаған қаулысы шықты. Онда қазақ баспасөзін онан әрі өркендетудің жолдары белгіленіп, жергілікті басшы органдардың газет-журналдарға басшылығы төмен деп бағаланды. Баспасөзде еңбек ететін редакция қызметкерлерінің партиялық саяси сауаты төмен, мазмұны мен тілі жөнінен бұқара халықтан алшақ делінді. Аталған қаулыны жүзеге асыру үшін 1925 жылы 26 маусымда өлкелік комитет секретариаты мәжілісінің № 49 §19 бабымен «Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөздің жәйі туралы» туралы мәселе қаралды. Қысқартылып және қайта жаратқандырылған газеттердің ішінде Бөкей губерниесіндегі Орда қаласындағы «Кедей Туы» жабылып, барлық құрал - жабдықтары Гурьев қаласындағы «Жұмыскер тілі» газеті редакциясы қарамағына берілді. Оралда «Қызыл Ту» газеті сақталынды [23].

Бөкей даласына Астрахань қаласынан шығатын жалғыз қазақ газеті «Кедей тілі» де кеңінен тарап, Нарын даласы, Еділ өңірі мен Каспий теңізі жағалауын жайлаған қазақ ауылдарының мәдени-әлеуметтік тұрмысын жақсартуға белсене араласқан. 1924 жылы 22 майда Бөкей губерниелік комитетінің Астрахань губкомына жазған №185/4 хатында Басқұншақ көлінде тұз өндіруде жүрген өлкенің қазақ жұмысшыларының тұрмыс жәйіне қатты алаңдайтындығын білдірген [24]. Ең бірінші міндет сауаты төмен халықтарды оқып, білім алуға, жақсы тұрмыс құруға үгіттеу болды. Сондай-ақ, 1924 жылы 2 қыркүйекте «Коммунист» баспа басқармасы арқылы Бөкей губерниесіндегі Катаявка

жәрменкесіне бір адамды жіберіп, осы газетке жергілікті тұрғындарды жазылуын ұйымдастырған [24, 132-іс, 15 п]. Кейін «Кедей тілі» газетінің қызметкерлері Басқұншақ тұз алаңында жұмыс жасап жатқан жұмысшылармен кездесіп, сапар барысында туған өткір сынды мақалаларында жұмысшылардың ауыр еңбегін жеңілдету мәселелерін көтерді. Астраханьнан шығатын «Қызыл Иль», «Коммунист» және орталықтан келетін «Правда», «Известия» газеттерін таратып олардың сауатын ашу, дауыстап газет оқуын ұйымдастыруға да көңіл бөлінді.

Ордада ХІХ ғасырда ірге тасы қаланған ғимратқа 1918 жылы қазақ баспаханасы көшіп келген. Онда газет-журнал, кітапшалар, үкіметтің қаулы-қараралары қазақ, орыс тілдерінде басылды.

Өз дәуірінде Ордада түлеп ұшқан газеттер мен журналдар сол өлкенің саяси – әлеуметтік және экономикасының дамуына сүбелі үлес қосты.

-
1. Герасимова Э.И. Уральск. – Алма – Ата, 1969. – 260 с.
 2. Уральские войсковые ведомости. № 28, 1885 г.
 3. Иванчикова Э.И., Акашева С.С. Дореволюционная периодическая печать Казахстана. – Алматы, 1998, – 117 с.
 4. Букеевской Орде 200 лет. Издание из 6 книг. Книга 2. – Алматы: издательство «Өлке», 2001. – 232 с.
 5. Түркістан уалаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 2003. – 602 б.
 6. Сұбханбердина Ү. Дала уалаятының газеті, 5-кітап, Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Ғылым, 1995.– 216 б.
 7. Яхин Ф. Татарская литература в периодической печати Уральска (1905-1907 гг).– Казан, Татарское книжное издательство 1992. – 235 с.
 8. Қазақ. – 1913. – 10 ақпан.
 9. Ысмағұлов М. // Орал өңірі. – 1977. – 12 ақпан 1977.
 10. Боранғали Т. Ел атауына ақжол тілеген. // Егемен Қазақстан, – 1997.– 17 қараша.
 11. Есенжанов Х. Ақ Жайық: Трилогия. I кітап. Төңкеріс үстінде. – Алматы: Жазушы, 2003. – 304 б.
 12. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚОММ) 312-к., 1-т., 2- іс, 5- п.
 13. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1916-1920ж.ж.) Тарихи очерк. – Орал, 2000.

14. «Қазақ» газеті (Бас редактор Нысанбаев Ә. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
15. Қазақ. – 1917. – 24 шілде.
16. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. «Жазушы» баспасы. – Алматы, 1977. – 392 б.
17. Қазақ. – 1918. – 27 ақпан.
18. Пахмурный П., Григорьев В. Октябрь в Казахстане – Алма-Ата: Казахстан, 1978.139 с. // Ұран. – 1917. – 26 қыркүйек.
19. Хабар. – 1918. – 17 қараша.
20. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. 81- қ., 1-т., 532- іс, 25-п.
21. БҚ ОММ 17- қ., 1- т., 243- іс, 37-39- п.п.
22. Сейфуллин С. Бес том. Шығ. жин.– Алматы: Жазушы, 1986. - Т.5. – 187 б.
23. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 141- қ., 1- т., 12 - іс, 56- п.
24. РФ Астрахань облыстық мемлекеттік қазіргі заманғы құжаттар мұрағаты 1- қ., 1- т., 96 - іс, 21- п.

Орал баспасөзінің алғашқы қарылғаштары (1919 - 1928 жж.)

Орал губерниесі баспасөзі туралы алғашқы деректер халқымыздың бір туар ұлы С.Сейфуллиннің шығармаларында айқын бейнеленді. 1923 жылы жазған «Қазақстан баспасөздері», «Орал губерниесі» және «Орал қаласы» және т.б. мақалаларында кездеседі. Жергілікті халықтың баспасөзге сусап, құмарланып отырғанын көзімен көрген жазушы сол кезде шығып тұрған газеттердің ауыр жағдайын жазған [1]. Алашым деп жүрегі соққан, халқының тәуелсіздігін аңсаумен өткен сталиндік құғын-сүргін құрбаны баспагер – журналист Міржақып Дулатұлы 1923 жылы 11 қаңтарда жазған «Еңбекші қазақ» газетіндегі «Баспасөзіміз не күйде» атты мақаласында: «Біздің бүкіл Қазақстанда қазақша шығып тұратын газет-журналдары: 1) «Еңбекші қазақ», 2) «Қызыл Қазақстан»....б) «Қызыл Ту». Бұлардың көбі аяғын ақсай басып, өзінің дүниеде барлығын ұмыттыра беріп, анда-санда бір шығып қояды», - деп, полиграфиялық базаның жоқтығынан газеттердің уақтылы шықпайтындары қатарында «Қызыл Туды» (Орал) мысалға алады [2].

1919 жылы Орал облысының солтүстік территориясы ақказактардан тазартылғасын 1 ақпаннан бастап Орал облыстық революциялық комитеті мен РКП(б) органы ретінде «Яицкая правда» шығарыла бастады. 1920 жылы 2 наурыз айында «Красный Урал» атауына ие болды. Редакторы П.Г. Петровский болады. Осы газеттің жұмысына бағыт - бағдар беруде Ә.Ә.Әйтиевтің де еңбегі зор болған [3].

«Яицкая Правда» газетінен басқа қалада Түркістан майданы №4 армиясының саяси органы «Красный Боец» газеті шығып тұрды. Алайда оның кейбір ашық сынап жазған мақалалары жергілікті үкіметтің «қытығына» тиіп, ол үшін редакция қызметкерлері қуғынға ұшыраған. 1920 жылы 1 наурызда өткен Орал губерниелік партия комитетінің №24 мәжілісінде баспасөздің мәселесі қаралып, «Яицкая Правда» газетінің ұнамды жұмыстары атап өтіліп, жауапты редактор Горюнов пен хатшысы Батураның жұмысына баға беріледі. Алайда мәжілісте «Красный Боец» газетінің ұрыс даласында қаза болған солдаттарды жерлеудегі кемшіліктерін көрсетіп, жергілікті билік басындағыларды сынағаны үшін редактор Котомко мен газет қызметкерін уақытша тұтқындауға қаулы қабылдаған [4]. Газет арасында туған теке тірес ұзаққа бармады. Жергілікті басшы органдар көп ұзамай «Красный Боец» басылымын аталмыш газетке қосып жіберді. Редактор ж.Котомканың «Яицкая правда» газеті құрамында жұмыс жасамайтындығы туралы берген арызын ескеріп, оны редакциялық құрамнан шығаруға бірауыздан қаулы шығарған.

1920 жылы қалада мұсылмандарға арналып шығып тұрған «Яна фикир» газетінен басқа губбюро жанындағы Шығыс халықтары бөлімінің «Красный Восток» газеті жанынан қазақ тілінде газет шығару мәселесі қаралды. 1920 жылы 2 ақпанда өткен №2 мұсылман - жұмысшыларының жалпы жиналысында губком жанынан қырғыз-татар бөлімі құрылып, оның алқа мүшелігіне сайланған Камил мен Хамид Тұхфатуллиндер қазақ тілінде газет шығаруға қажетті қазақ кадры табылғанша газетті татарша шығара тұруға шешім алды [5]. Сол кезде шығып тұрған «Яицкая Правда» және «Яна фикир» және «Красный Восток» газеттері тұрғылықты қазақтар арасында жаңа үкімет саясатын өз мәнінде насихаттай алмағанын оларда түсінді. Көп ұзамай 1920 жылы 21 ақпанда өткен мәжілісінде Орал губерниелік партия

комитеті «Қазақ - татар газеттері» атты мәселе қарап, Орал губерниесін мекен еткен халықтың басым көпшілігі қазақ болғандықтан жақсы жасақталған екі газетті шығаруға мүмкіндік болсада, қазақша газетті шығаруға күш салды. Қазақша газеттің редакциялық штатына 1 редактор, 1 хатшы, 1 қызметкер, 1 хат тасушы және 4 жолдас болып бекілді. Татар халқын басылымсыз қалдырмас үшін губкомның қазақ-татар бөліміне мерзімді үнпарақтар(листовка) шығару міндеттелді [6]. Міне, осы кезде Орал қаласында «Қызыл Ту» газетінің негізі қаланды деген ой туады. Бұған 1923 жылы 12 шілдедегі №3552 санды газет редакторы А.Байділдиннің Орал губерниелік партия комитетіне жазған қатынас хаты дәлел: «Қызыл Ту» газеті 1920 жылдан РКП(б) Орал ұйымының апталық үні болып шығып келеді. Содан бері ½ жыл өтседе, күн ертең 3 жыл толады. Үш жыл деген, жергілікті ұйымдардың шын ниеті бұрылғанда қазақ тілінде шығатын губерниедегі жалғыз газеттің жағдайын дұрыс жолға қоюға болатын жәйт. Азамат соғысы, аштық, халық шаруашылығының қирауы осыдан келіп қазақ еңбекшілер бұқарасының газет жұмысын жақсартуына кедергі болды. Міне осыдан келіп жергілікті жауапты ұйымдардың газет жұмысына көңіл бөлу дәрежелері өз мәнінде болмай отыр. Мен газеттің мұрағатын қарап отырсам қай кезде де газеттің жайы күйсіз болғанын аңғарасың. Таралымы 170 ден 450 арасында болған» [7].

Сол кезде шығатын Орал губерниесінің татар-қазақ «Қызыл шырақ» газетінің қаладағы таралымы да нашар болды. Осыған орай 1920 жыл 4 мамыр күні Орал губкомы алқа мәжілісінде ж.Заромовскийдің төрағалығымен арнайы қаралып қазақ газетін Жымпитыға көшіруге шешім қабылдайды [8]. Бұдан сәл кейін Жымпитыға баспаханада көшірілді. 1920 жылы 8 қазанда өткен губкомның мәжілісі қаулысымен «Қызыл шырақ» газетін қазақ тілінде шығару мақсатында редакциялық құрамына ж.ж.Улямаев, Игмушмахамбетов және Тоқтыбаев кіргізіледі [6, 164 п]. Алайда сол жазғы екі ай бойына Орал губерниесі мұсылман халқы газетсіз қалады, себебі Оралдан баспахана Жымпитыға көшіріліп жатты. Шілде айында Қазан қаласынан жергілікті татар - қазақ бөлімі күшімен татар тілінде әріптер алынады. Осының күшімен 1 тамызға үш кәссе әріп табылып

«Қызыл шырақтың» екі саны қатар №14-15 нөмірлері 4000-8000 данадан шығарылады. Сол секілді оның «Красный Восток» пен «Молодой борец» атты және басқада жастар ұйымы ережелері басылған үндеулер мен үнпарақтар басылған. Осы тұста Орал облыстық әскери-цензуралық баспасөз бөлімге 1920 жылы 31/08 № 153 төмендегідей қатынас хат жолданады: «Орал губкомына қарасты Шығыс бөлімі жанынан «Красный Восток» («Қызыл шырақ») газеті шығады. Енді жақында Жымпитыда уездік РКП(б) мен атқару комитетінің органы «ЭРК» (Свобода) қазақ тілінде шығатынын қатерге беремін. Хатшы: (Улямаев)» [6, 77 п].

Жоғарыда айтқан татар - қазақ бөлімінің жанынан шығып тұрған «Қызыл шырақ» газетін губбюроның Коммунистік Шығыс бөлімінің хатшысы ж.Зайнуллин Мәскеуге қызмет бабымен іс сапарға кетуіне байланысты Жымпиты уезінің хатшысы ж.Улямаевтың редактор ретінде қол қойған 3 саны 9000 данамен шығарылады. Осы кезде Жымпитыда «Ерік» газеті шығып, сол кездегі дәуір үніне өзіндік үлесін қосады. Әсіресе, еңбекшілер арасында сауатсыздықты жою, мәдениет жұмысы мәселелеріне көп орын беріледі. Уездік комитет жанындағы татар-мұсылмандар бөлімі берген төмендегі есебінен үзінді келтіре кетсек: «Киргиз-татар бөліміне Х.Тұхфатуллин тағайындалғасын оның басшылығымен «Янги фекрдің» № 3-4 саны әр данасы 3000 шығып, барлығы 9000-1200 таратылды да тоқтап қалды. Оның орнына қазақ тілінде «Ерік» газеті А.Мәметовтың редакторлығымен жарық көріп, № 6-7 сандары әр данасы 3000 шығарылып, жалпы таралымы 21.000 жетті. Хатшы: (Улямаев)» [9].

Біз бұдан сол газеттің таралымы тез өсіп, мазмұнды шығарылуына редактор Ахмет Мәметовтың қандай құлшыныспен кіріскенін айтпасаңда түсінесің. А.Мәметов 1920 жылдың аяғы мен 1921 жылдың көктемінде облыстық «Қызыл Ту» газетіне редакторлыққа ауысады.

Алаштың соңғы астанасы болған бұрынғы Ойыл қаласында да қайтадан татар-қазақ газетінің жұмысын қайтадан қалпына келтіру жұмысы жүріп жатты. Алаштың ардақты ұлдарының бірі

А.Мәметов редакторлық еткен «Еркін қазақ» газетінің баспаханасы түгелімен Орынборға көшіріп әкетілгендіктен баспа ісін жаңадан ұйымдастыру міндеті тұрды. 1920 жылы 23 қазанда Ойыл уездік партия ұйымы мәжілісінде хатшы Тухфатуллиннің төрағалығымен мұсылман газетін ұйымдастыру қаралды. Газет шығару үшін 2 мұсылманша әріп теруші мен 1 басушыға қоса іс-шаралардың тізімі жасақталып губерниелік басшы ұйымдар алдына мәселе етіліп қойылды [10].

Орал өңірінде бұрын тарихы ешкімге көп таныс емес губерниелік атқару және партия комитетінің «Вехи строительство» атты айына бір шығатын журналы шығып тұрды. Журналды шығару мәселесі 1920 жылы 15 қарашадағы Орал губкомы президумы мәжілісінде қаралып, «Вехи строительство» журналы жергілікті РКП(б), атқару комитеті мен кәсіпшілер одағы кеңесінің айына бір рет шығатын журналы және редакторлығына губкомның хатшысы П.Г.Петровский тағайындалды [11].

1921 жылы 18 ақпаннан бастап губерниелік жастар үшін әуелі осы газеттің жанынан, кейін бұл шешім өзгертіліп «Красный Урал» газетінің форматы көлемінде айына екі рет «Юный пролетарий» журналын шығарды. Сондай-ақ, губкомның қазақ-татар бөлімі жанындағы жастар фракциясының қолдауымен қазақша «Жастар хабары» (Жастар дауысы) атты қосымша бетше шығарылады [12].

Сол кезде үкіметтің ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы заңы мәнін кеңінен шаруаларға түсіндіріп, өлкеде халық шаруашылығын қалпына келтіру мен халықтың тұрмыс жәйін жақсарту міндеті тұрды. Ауыл шаруашылық кооперациясының ең басты міндеті - шаруалардың қолындағы затын өткеріп беру-өндіріс ісін ұйымдастыру болды. «Красный Урал» газеті аталған міндеттерді орындауға шамасы жетпегендіктен Оралда 1924 жыл 4 желтоқсаннан бастап «Крестьянская новь» атты шаруалардың апталық газеті шықты. Газеттің редакторлығына Я.Каховский тағайындалып, аптасына бір рет 4 бетпен жарық көріп, айға жазылу 15 тиын болып белгіленді. Газетті тұрақты шығару үшін жоғарғы органдардан 27812 сом көлемінде қарыз

сұралды» [13]. Газеттің 1925 жыл 31 қыркүйекте қабылданған апталық өндірістік жоспарына сәйкес аптасына бір рет шығып, таралым саны 3000 жеткізу міндетін қойылды. Алайда газеттің қаржылай жағы және оның деревниде тарату ісі қиын жағдайда жүрді. Осыны ескеріп губерниялық атқару комитетінің 1924 жылы 11 желтоқсандағы мәжілісінің 79 хаттамасының 25 пункті бойынша «Крестьянская новь» газетіне 200 сом субсидия бөлуге шешім алды [14]. Апталық газет өз кезегінде ауыл - селодағы шаруалардың жұмысын жолға қою, оларға арзан бағадағы тауарлар алуға көмектесіп, өндірген өнімдерін қымбат бағаға сату ісін ұйымдастыруға мұрындық болды. Газеттің кеңінен таратылуын көздеп редакция таратушылар ұстаған. Мысалы, Николаевск уезінің Илек болысына қарасты Бөрлі селосында тұратын Кулешов деген азамат «Крестьянская новь» газетіне үш айға 25 адамды жазғаны үшін 2 сом 50 тиын алғанын жазады. 1925 жылы мамыр айында Кирглавлитоның тексеру қорытындысында: «Красный Урал» - дың № 98-122 сандары 67100 данамен таралып, 25 баспа табақпен шыққан. «Қызыл Тудың» № 30-36 сандары 6200 данамен тарап, 7 баспа табақ, «Қызыл Тудың» жалғамасы ретінде шығатын «Жастар дауысы» газеті №1-13 сандары 8000 данамен таралып, 6,5 баспа табақ болса, «Красный новь» апталық газетінің №18 -22 сандары 5180 данамен таралып, 5 баспа парақ болған [15].

Қазақстан баспасөзінің дамуына арналған ВКП(б) Орталық Комитетінің 1925 жылы 2 наурызда арнайы қабылдаған қаулысы шықты. Онда қазақ баспасөзін онан әрі өркендетудің жолдары белгіленіп, жергілікті басшы органдардың газет-журналдарға басшылығы төмен деп бағаланды. Олардың арасында батыста шығатын «Қызыл Ту», «Кедей» (Ақтөбе), «Жұмыскер тілі» (Гурьев) газеттері де іліне барды. Сөйтіп аталған қаулыны жүзеге асыру үшін 1925 жылы 26 маусымда өлкелік комитет Секретариатының № 49 мәжілісінің § 19 бабымен «Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөздің жәйі туралы» туралы мәселе қаралды. Мәжіліс қаулысымен республикадағы баспасөзге басшылықты нығайту мақсатында саяси бөлімдердің (баспасөз) штаты 3 адамға ұлғайтылды. Қысқартылып және қайта

жарактандырылған газеттердің ішінде Бөкей губерниесіндегі Орда қаласындағы «Кедей Туы» жабылып, барлық құрал - жабдықтары Гурьев қаласындағы «Жұмыскер тілі» газеті редакциясы қарамағына берілді. Омбы қаласындағы «Эрик» газеті жабылып, ол жақтағы халықты «Сабан», «Кедей» газеттеріне қамту міндеттелді. Оралдық «Қызыл Ту» газеті сақталынды [16]. Бұдан кейін 1925 жылы 12 тамызда РК(б)П Қазақ обкомының жауапты хатшысы С.Қожановтың төрағалық етуімен өткен №74 бюро мәжілісінде бұл мәселе қайтадан қаралып, Орал губерниесіндегі баспасөзді нығайту деген мақсатта «Красный Урал» немесе «Крестьянской новь» газеттерінің бірін жауып, қалған газетті шаруаларға арналған сипатын ұстауы қажет деп тапты. Гурьев уездік «Рабочая правда» газеті орталықтан алыста орналасқандықтан жұмысшыларға арналған газет болып сақталсын деген қорытындыға келді [17].

Аталған мәселе кейін Орал губерниесінің жергілікті ұйым басшылары қатысқан жиналыста талқыланды. 1926 жылы 16 ақпанда №15 губкомның бюро мәжілісінде газет редакторы ж.Деловтың есепті мерзімдегі баяндамасы тыңдалады. Осы мәжілісте газеттің қаржысын үнемдеу мен нығайту, қаржы жетіспеушілікті (дефицитность) жою мақсатында жоғарыдағы екі газетті біріктіруге деген шешім алынады [18].

Орал губерниесіндегі баспа ісі мен баспасөзді жақсарту мәселесі жоғарғы үкімет орны басшыларының алдына да мезгіл-мезгіл қойылып отырды. Осының куәсіндей болған сол жылдардағы жергілікті баспа бөлімінің Қазақ өлкелік партия комитетіне берген мына қатынас хатына назар аударалық: «Біздің губерниде 4 газет шығады, оның 2 қазақ, 2 орыс тілінде (2 губерниелік, 2 уездік). «Қызыл Ту» - губерниелік шаруалар газеті. Аптасына 3 рет шығады. Басылымды таратушылардың белсенді атқарған жұмысы арқасында таралымы 500- ден 2800 -ге жетіп, сонымен бірге жазылу бағасы ай сайын 60 тиыннан 40-30 тиынға төмендеді. 2300 данасы деревниге, ал қалғандары қала ішілік тарайды. Ай сайын 1200 сом көлемінде жетіспестік (дефицит) бар. «Красный Урал» - орыс тілінде шығатын губерниелік шаруалар газеті. Күн сайын шығады, аптасына 1 рет қосымша

«Юный большевик» атты комсомол бетшесі шығады. Таралымы 2800, оның 700 ауылға тарайды. Жетіспестік 1500 сом мөлшерінде. «Жұмыскер тілі» - Орал-Ембі мұнайлы аудандарындағы жұмысшы қазақтар мен бүкіл Гурьев уезін қамтитын жұмысшылар газетасы. Оның жағдайы губерниелік газеттерге қарағанда өте ауыр. Таралымы 800 дана. «Рабочая правда» - бұл да Гурьев уезінде шығады. Аптасына 2 рет шығатын орыс тіліндегі жұмысшылар газеті. Таралымы 750 дана.

Бұл екі уездік газет жұмысшылар арасында аз тарайды, себебі газет қызметкерлері әлсіз және ешкім оларға қаржылай көмектеспейді. Сондықтан Қазақстандағы 3 мыңдай, ал маусымдық кезде 5-6 мыңға дейін жететін жұмысшыларды тұрақты қамтитын жұмысшы газеттері үшін шұғыл түрде редакторлар жіберіп және үкіметтің қаржылай көмегі керек. «Қызыл Ту» мен «Красный Урал» редакциялары 33 000 (33 мың) сом шығынмен жұмыс істейді. Жылдық смета 11 000 сом мөлшерінде жетіспеушілік (дефицит) жасалып, қаржы айналымы 20000 сом мөлшерінде көрінді» [18,73 п]. Міне, осы хаттың әсері болса керек Қазақ өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімінің меңгерушісі Т.Рысқұлов 1926 жылы 13 мамыр күні № 327-ші санмен Қазақстан үкіметінің басшысы Н.Нұрмақовқа төмендегі мазмұнда қатынас қағаз жібереді: «ВКП(б) өлкелік комитетінің баспасөз бөліміне Қазақстан баспасөзінің сұранысын қанағаттандыру үшін қажетті смета шығындарын жолдайды. Сұралған барлық қаржы тек қана жағдайы өте ауыр басылымдарды тығырықтан шығарудың амалына арналып бір жолға субсидия есебінде берілмек. Субсидия төмендегі шығындар үшін қажет:

«§11 Орал газеттері:

- а) Екі жұмысшылар газеті («Жұмыскер тілі» мен «Рабочая Правда» - 6.025 сом 30 тиын;
- б) Губерниялық «Қызыл Ту» үшін - 4.908 сом 00 тиын;
- в) «Красный Урал» - 10.626 сом 00 тиын» [18, 1 п].

Жалпы, өлкеміздің баспасөзі басқа аймақтардағыдай көп қиыншылықтарды бастан кешті. Дегенмен редакция

қызметкерлерінің басылымдарға деген сүйіспеншілігі мен қажырлы еңбегінің арқасында газеттер тұрақты шыққан еді. 1927 жылы шыққан «Қазақстан баспасөзі Октябрь өзгерісінен бұрын қандай еді. Кейін қандай болды» атты кітапта:

«Байтақ бейнетқор бұқараға мынадай газеттер тарап тұр:

...6) «Қызыл Ту» (Орал) - 2700;

7) «Кедей» (Ақтөбе) - 1900;

8) «Жұмыскер тілі» (Үйшік) – 5500» [19].

Қорыта келгенде, Орал өңірі газет-журналдарының тарихы бүгінгі Қазақстан баспасөзінде өзіне тән сара жолы, қол таңбасы бар басылымдар болып қалды.

1. Сейфуллин С. Бес том. шығ. жин. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т.5. 187 б.

2. Еңбекші қазақ. – 1923. – 11 қаңтар.

3. Көлбаев Т., Әйтиева Р. Әбдірахман Әйтиев - ерлік пен қасіретке толы өмір. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 146 б.

4. БҚ ОММ 1- қ., 1- т., 57 - іс, 36 - п.

5. БҚ ОММ 1- қ., 1- т., 99 - іс, 2- п.

6. БҚ ОММ 1- қ., 1- т., 111- іс, 6- п.

7. БҚ ОММ 1- қ., 2 - т., 507- іс, 29-31- пп.

8. БҚ ОММ 1- қ., 1- т., 57- іс, 72- п.

9. БҚ ОММ 1- қ., 1- т., 108- іс, 3- п..

10. БҚ ОММ 1- қ., 1- т, 124- іс, 79, 80, 81-пп.

11. БҚ ОММ 1- қ., 1-т., 57-а -іс, 42- п.

12. БҚ ОММ 1- қ., 1- т., 159- іс, 23, 28 - пп.

13. БҚ ОММ 1- қ., 1- т., 257 —іс, 36- п.

14.БҚ ОММ 1- қ., 1- т., 252- іс, 32-п.

15. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты 81- қ.,1- т., 1175- іс, 100- п.

16.Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты(ҚР ПМ) 141 - қ., 1- т., 12 - іс, 56- п.

17.ҚР ПМ 141-қ., 1- т., 13 б - іс, 105- п.

18. ҚР ПМ 141- қ., 17- т., 21 - іс, 89- п.

19. Қазақстан баспасөзі Октябрь өзгерісінен бұрын қандай еді. Кейін қандай болды. Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1927.-17-18 бб.

Орал өңіріндегі аудандық баспасөз тарихынан (1930-1940 жж.)

Республикамыздың кеңестер одағының сапында болған 1928-1937 жылдары қызыл көсемдер идеясынан туған саясатты жүзеге асыру мақсатында пайда болған газеттердің әр түрінің тарихы зерттеліп, оларға оң баға беріле бастады. Осы кезді жете зерттеген тарихшы Т.З. Рысбеков былайша сипаттаған еді: «Қазақстанның тәуелсіз ел болуы оның күрделі тарихи даму кезеңдеріндегі елеулі оқиғалар мен фактілерге жаңаша бағыт беру қажеттілігін туғызады. Осындай тарихи мәселелердің бірі - қазақ шаруаларын меншігінен айыру және күшпен ұжымдастыру (коллективтендіру)» [1].

1930 жылы 11 тамызда Мәскеудегі жоғарғы партия комитеті «Округтерді жоюға байланысты газеттердің желісін қайта құру туралы», 1931 жылы 18 қаңтарда «Селолық, аудандық және төменгі баспасөз туралы» қаулы қабылдады. Қазақстанда осы қайта құруларға дейін 1930 жылы 5 қыркүйекте өлкелік комитеттің баспа ісі және баспасөз бөлімінің меңгерушісі М.Муравьевтің ВКП(б) орталық комитетінің мәдениет-насихат бөліміне жазған қатынас хатында мынадай фактілер бар: «Қазақстандағы аудандық газет желісін өрістету үшін 27 газет пен 19 баспахананы құрал-жабдықпен толықтыру керек. Қазірдің өзінде республикада 60 аудандық газет ұйымдастыру керек. Осыған қарамастан өлкелік комитет қолда мүмкіндіктерді ескеріп өз күшімен аудандық газеттер ұйымдастыруда: Ажыратылған 20 округ ізінде аудандық газет ашылды. Оның 8 орыс тілінде және 11 қазақ, 1 өзбек тілінде шығуда. Қазір қолда бар полиграфиялық құрал жабдықтар негізінде Қазақстанда 38 аудандық газет құрылды. Енді тағы да 22 аудандық газет қажет. Олардың 9 қазақ, 5 орыс, 5 орысша - қазақша, 1 неміс, 2 украин тілінде шықпақ. Солардың сапында өндірістік сипат алатын Доссор, Қарсақпай да бар» [2].

Осылайша, машина - трактор станциялары (МТС) саясат бөлімдері жанынан газеттердің жүйесін дамытуға ерекше назар аударылды. Жоғарыдағы аталған қаулыларды жүзеге асыру үшін Қазақстан өлкелік партия комитеті Секретариатының І.Құрамысов қол қойған 1931 жылы 13 қаңтардағы №80 мәжілісі қабылдаған қаулысына сай, бұрыннан бар Орал өңірінде «Трактор»- Орал тұқым совхозы, «Төңкеріс жолы» - Талов аудандық газеттері жаңа жағдайға бейімделіп, редакция құрамы қайтадан беркілді. Орал қаласында шығатын «Промкооператор» газеті жабылып, «Красный Урал» газетімен бірікті [3]. 1930 жылы 1 желтоқсанға дейін Орал облысында «Трактор» (Орал тұқым кеңшары), «Жаңа жол» (Орда) және «Қызыл Ту» (Жымпиты) аудандық сипаттағы газеттер пайда болды. Осыларға

қосымша жаңадан ашылған газеттер қатарында Ордада, Орал қаласында 2, сол кезде Орал облысы құрамындағы Гурьев, Теңіз, Маңғыстау, Доссорда ашылды. Газеттер 4 беттік 290x420 формасында шығатын болды. Газет редакциясының штаты 2, 3- тен 6 арттырылды [4]. Осы газеттердің сапында 1930 жылы 21 қазанда Орал аудандық партия комитетінің № 22 бюро мәжілісінде шешім алынған, кейін 31 желтоқсанның бастап «Үлгілі ауыл» газеті жарыққа шықты [4, 71 п]. Аудандық газеттердің жұмысын ұйымдастыру өте қиын жағдайда жүрді. Кеңестік солақай саясаттың салдарынан баспахана тиісті құрал-жабдықтармен, редакция құрамы жаңа журналист мамандармен толықтырылмай жатты. Барлық жұмыстар қолмен атқарылып, адамдардың еңбек етуі қиын болды. Сөйтіп кадрлар тұрақтамады. «Біздің «Төңкеріс Жолы» газеті 1931 жыл 15 наурызынан бері шығады. Газет мамандарының болмауынан ол нашар шықты. Алғаш рет 500 данамен тарайды. 1931 жылдың 1 маусымында 2000-ға жетті. Оның 1000 данасы Жаңғала ауданына тарайды. Қазір газеттің 34 ауыл-село тілшілер бар және 1 тілшілер тобы(постысы) ұйымдастырылды. 1931 жыл 1 майдан бастап жаңа альфавитке көшеміз. Алайда, біздің баспаханада латын әріпіндегі шрифт жетіспейді. Әріп тек қана газеттің 2,5 бетіне ғана жетеді. Москваға полиграфтрестіге сұраныс бергенбіз, әзірге жауап жоқ.

Баспахана жәйіне келсек: Терушілер (наборщиктер) баспаханада жеткілікті. Баспа машиналары электр қуатымен жүрмейді, оны біз қолмен айналдырамыз. Мұның өзі өндіріске үлкен кедергі болып тұр.

Газеттің бюджеті: Смета бойынша кіріс жағы 29.705 сом және шығыс жағы да соншалықты. Смета 1 наурыз 1931 мен 1 қаңтар 1932 жылға жасалды. Жаңғала ауданына 8000 сом қаралған еді, бірақ олар әлі күнге ақшаны бермей отыр» - деп жазды осы кезде газет редакторы Туркин [5].

Уақыт өте келе жергілікті баспа ісінің талап етуімен атқару комитеттері баспаханалардың материалдық қорын нығайтуға бет бұра бастады. Осыған сәйкес 1932 жылы 25 қаңтарда Казполиграф тресі арқылы келген баспа машинасы Гурьевке бөлініп, Жылқосы ауданына жіберілді. 1934 жылы 27 желтоқсанда өткен Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің №22 алқа мәжілісінің §33 бойынша Тайпак және Жаңғала аудандары газеттері үшін жаңадан екі баспахана американка машинасын, әріптер мен мебельдер алу үшін 10000-нан 20000 сом бөлінді [6]. Мәскеуден келген 20 тонна әріптің өлкелік комитеттің 1936 жылғы 20 наурыздағы бюро мәжілісі қаулысымен 1 тоннасы Орал облысының үлесіне тиді [7].

Өндіріске қажетті отын өндіруді арттыру мен кәсіпорындарды жұмыс күшімен қамтамасыз етуде мұнай өнеркәсібі шешуші рөл атқарады. Міне осыған сәйкес мұнай өнеркәсібі бар ауданда газет ашу

мәселесі қолға алынды. 1931 жылы 25 сәуірде өткен № 111 мәжілісінің §17 қаулысымен «Трудовая правданың» газетінің көшпелі редакциясы Доссорда ашылып, редакторлығына В.Череватов тағайындалды [8]. Бұл Доссордағы алғашқы газеттің ашылуы еді. Мұнайшылардың қуанышында шек болмады. Газет редакциялары мен баспаханада еңбек ететін қызметкерлердің мамандығын ұштау бағытында әр түрлі мамандық көтеру курстері ұйымдастырылды. Өлкелік партия комитетінің 1931 жыл 13 қараша №174 мәжілісінде «Аудандық және төменгі буындағы газеттерге басшылықты жақсарту жәйі» атты мәселе қаралғанда жаңадан ашылатын газеттер үшін өзге облыстармен қатар Орал қаласында да редакторлар және баспахана мамандарын дайындайтын үш айлық курс ашуға шешім алды [8, 523 п]. Оралда 1934 жылдың 13 қаңтарындағы обком бюросының шешімімен газет қызметкерлерін дайындайтын үш айлық курс 1 марттан бастап ашылды [9]. Осындай аудандық газеттер мен көп тиражды және қабырға газеттері редакторларының 1935 жылы 1 қараша мен 1 қаңтар арасында оқуына Оралдан 30 адам қатысты [10]. 1931 жылы 20 мамырда Қазақстан баспа ісі комитетінің «Аудандық газеттердің таралымы, шығарылу мерзімі мен қажетті қағаз мөлшері» атты қаулысында орталықтан бөлінген 244 тонна қағаз қоры жаңадан ашылған газеттер есебінен 44 тоннаға ұлғайтылды [11].

1934 жылы 17 тамыздағы есеп бойынша Батыс Қазақстан облысында төмендегідей аудандық және төмен буындағы газеттер шықты:

Газет атауы	таралымы	Шығуы	Қағаз келеді
Аудандық:		Айына 3	
«Қызыл Ту»	5000	рет	Жымпиты.
«Төңкеріс жолы»	4000	3	Таловка
«Жаңа-жол»	5500	3	Орда.ст.Сайхим.
«Балықшы. үні»	4000	6	Ганюшкино.
«Красн.Каспий»	4000	6	Ганюшкино.
«Путь ударника»	4000	6	Лбищенск.
«Колхоз жолы»	4000	3	Форт-Александ.
«Социал.ауыл»	4000	3	Жылкоса.Гурьев
«Соц.мал шаруа».	4000	3	Кулагино.
«Жаңқала»	4000	6	Новая Казанка.
«Талов(орыс)»	3000	6	Тепклевка.
«Тайпақ»	3000	6	Калмыков.
«Шынғырлау»	3000	6	Шынғырлау.
«Жәнібек»	2500	6	Жәнібек.
«Екпінді жол»	3000	6	Лбищенск.
		6	

Саяси бөлім:	1000			Бөрлі.МТС.
«Колхоз.правда»	800	Айына	3	Каменск ет/с.
«Реконструктор»	800	рет		Рубешенск.
«Сталинец»	800		3	Гурьев қой шар.
«Голос чабана»	800		3	Орал тұқым.
«Трактор»	1000		3	Обл.МТС.
«Колхоз.строй»	600		3	Шиновск МТС.
«За животновод».			3	
Көп тиражды:	1000		3	Орал қаласы.
«Динамовец»	500			Орал.
«Кавалерист»	500		3	Орал.
«За соц.перест».	500		3	Орал.
«Замяс.проблему»	800		3	Гурьев.
«Нефтепровод»	500		3	Гур.мех.завод.
«За осв. Техники»			6	
			4	

[12].

Бұл өлкеде бұрын ашылған саяси бөлімдер ашқан газеттер есебінен аудандық газеттердің жүйесін құру үстем алды. Жергілікті өкімет басшылары «үй ішінен үй тіккізбей- ақ» қолда бар полиграфиялық қорды жинақтап және редакцияларға бөлінген қаржыны үнемдеу мақсатында осындай шараларға еріксіз барды. Батыс Қазақстан облыстық 1934 жылы 26 желтоқсанда № 66 §12 бюро мәжілісі «Саяси бөлімдер газеттері туралы» атты мәселе қарап, Зеленовский МТС жанындағы саяси бөлімнің барлық редакциясы мен баспаханасы Каменский ауданына, Озерновскі МТС - Приуральный, Теректі МТС - Теректі, Бөрлі МТС - Шыңғырлау аудандарында қазақ және орыс тілдерінде газет шығару үшін берді. Зверновск МТС баспаханасы мен редакциялық штаты Орынбор облысы ұйымдарының қарамағына беруге қаулы алды [13].

1936 жылы 3 наурызда өткен облыстық партия комитетінің №16 мәжілісінде §11 бабымен Қаратөбе ауданында «Колхозшылар үні» атты аудандық газеті ұйымдастырылып, газеттің форматы 42 x 39,4; Айына 6 рет шығарылып, таралымы 2000 дана болып беркілді. Газеттің редакторлығына 1924 жылдан партия мүшесі, билет № 0946287, 1898 туған Бахтияров Жұма тағайындалды [14].

Сонымен қатар көп тиражды газеттер шығару кең қанатын жайды. Осындай көп тиражды газеттер өлкелік партия комитетінде 1936 жылы 28 ақпандағы №172 мәжілісінде §13 қаулысымен Доссор-Байшонас (Ембімұнай), Қосшағыл өндірісінде де ашылды. Құрылыстың қанат жайып өркендеуіне орай орталық комитет пен Халық комиссарлар Кеңесінің арнайы қаулысына сәйкес Индерборда, Ембімұнай кәсіпшіліктерінде осы бағытта газеттер ашылды. Оларды

қағазбен камту жоспары беркітілді. Бірақ Орал ВКСХШ (жоғарғы ком.мектеп) «Сталинец» көп тиражды газеті жабылды [15]. Осы қаулымен Батыс Қазақстан облысындағы көп тиражды газеттердің құрылымын қайтадан бекітті. Олардың арасында «Оқу майданы» (КазПИ), «За оброзцов.мясокомбинат», «За культуру» (Гурьев), «Ембімұнай-Доссор», «Ембімұнай-Қосшағыл», «Индербор» көптиражды газеттері болды.

Бұл аймақта Орал өзені болғандықтан су шаруашылығы бұл өңірде маңызды орын алды. Осыған сәйкес Батыс Қазақстан обкомының бюросы 1936 жылы 3 наурызда өткен №16 мәжілісінің § 12 бабы қаулысымен «УРП-е жанынан көп тиражды газет ашу туралы» атты мәселе қарап, «Орал сушысы» («Уральский водник») атты қазақ және орыс тілінде, форматы 29 x 42, 2 беттік, бес күнде бір рет шығып, таралымы 1000 дана болатын газет шығаруға шешім алды. Көптиражды газетінің редакторлығына 1931 партия мүшесі, билет № 2370274, ВКИЖ-дің (журналистика институты) 2 жылдығын бітірген К.С.Надеждина тағайындалды [16]. Сондай-ақ, Орал жеріндегі маңызды құрылыс атанған Көшім каналын қазушылардың жанқиярлық еңбегі кім-кімдіні таңдандырмай қойды. Міне, осыған орай 1939 жылы 11 қыркүйекте обкомның №55 §55 мәжілісі қаулысымен «Большевиктік құрылыс» атты қазақ және орыс тілінде газет шығаруға шешім алынды [17]. Аз уақыт ішінде 1939 жылы 15 қазанда жалпы ұзындығы 26 шақырымдық су құрылысын аяқталды. Каналдың құрылысшылары 30 жұмыс күнінің ішінде 250 мың шаршы метр жер қазды. Каналдың құрылысына 5 мың адам және басқа да техника күші қатысқан [18].

Облыстың және аудан орталығынан шалғай орналасқан кеңшарлардың (совхоз) тыныс тіршіліген баяндау үшін көптиражды газет ашу жұмысы қызу жүріп жатты. Солардың қатарында Каменск ауданындағы №500 қой совхозы 1935 жылдан Халық шаруашылығы кеңшарлар комиссариатының ауыспалы Қызыл Туын ұстап отырған. Мұндағы еңбек ететін 520 адамның 70 пайызы қазақ және 30 пайызы орыс халқы. Шаруашылықты дұрыс ұйымдастырып, еңбекті оңтайлы ұйымдастыра білгені үшін кеңшар ВДНХ көрмесінің алтын, күміс белгілерімен марапатталған. Міне, осыны ескерген облыс басшылары 1939 жылғы 29 тамыздағы Каменскі ауданы жергілікті ұйымдарының №500 кеңшары жанынан көптиражды газет ашу ұсынысын қарап бекітті [19].

1939 жылы 29 желтоқсанда Зеленовский ауданында «Большевитский путь» атты газет ұйымдастырылды [19, 8-іс, 516-п.]. 1940 жылға дейін Батыс Қазақстанда 19 газет 53 мың, ал 1938 жылдың 1 қаңтарына дейін осы облыс құрамында болған Гурьев облысында 8 газет 23 мың данамен жарық көрді.

Жалпы айтқанда, Батыс Қазақстан өлкесінде шыққан баспасөздің төменгі буыны аталған аудандық және көптиражды газеттерінің тарихы өз дәуірінде халқымыздың оқу-ағарту, мәдениет саласына қосқан үлесі мол болды.

-
1. Рысбеков Т.З. Менің Қазақстаным. – Орал, 2002. – 97 б.
 2. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ) 141- қ., 1-т., 3679-іс, 5- п.
 3. ҚР ПМ 141- қ., 1- т., 3821 - іс, 18-п.
 4. Сонда 4998-іс, 36- п.
 5. Сонда 4992- іс, 91- п.
 6. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ) 5-қ., 15-т., 167- іс, 82-п.
 7. ҚР ПМ 141-қ., 1- т., 10583- іс, 144- п.
 8. Сонда. 3821- іс, 109-п.
 9. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚ ОММ) 37-қ., 3- т., 5-іс, 51-п.
 10. ҚР ПМ 141- қ., 1- т., 8075- іс, 33-п.
 11. ҚРОММ 81- қ., 1- т., 1611-іс, 12-п.
 12. ҚР ПМ 141- қ., 1- т., 7673-іс, 2-п.
 13. БҚ ОММ 37- қ., 3- т., 13- іс, 139-141- пп.
 14. БҚ ОММ 37- қ., 5- т., 3- іс, 124 -п.
 15. ҚР ПМ 141- қ., 1-т., 10603 – іс, 124-п.
 16. БҚОММ 37- қ., 5-т., 3-іс, 124-п.
 17. БҚ ОММ 37- қ., 8- т., 7- іс, 96 – п.
 18. Социалистік құрылыс. – 1939. – 17 қазан.
 19. БҚ ОММ 37-қ., 8-т., 7-іс, 98-п.

Тілшілердің «Қызыл Ту» ұйымдастырған алғашқы бас қосуы

(Кітаптың толық мәтіні ІІ бөлімде берілген)

Баспасөз - өмірдің айнасы және шежіресі. Ал сол шежірелерді жасайтын баспасөздің жұмысына бел шеше кірісіп жүрген тілшілері екені айтпаса да түсінікті.

Қазақстандағы тұңғыш тілшілердің бас қосуы 1924 жылы 27-30 тамызда «Советская степь» газеті ұйымдастырған Ташкент темір жолы тілшілерінің І съезінен басталады. Съезд делегаттары «Жұмысшы тілшілердің міндеттері туралы» қаулы қабылдап, тілшілер алдына қалың бұқараның сөзін сөйлейтін қоғамдық алып күшке айналудың жолдарын көрсеткен бірнеше баптан тұратын жолдарын нұсқады. 1927 жылы қаңтар айының аяғында Орал қаласында бірінші губерниялық жұмысшы, село және ауыл тілшілерінің кеңесі болды. Қазақстанның Ұлттық Республикалық кітапханасы сирек қорынан шыққан авторы жоқ, арап тіліндегі «Қызыл ту» мен «Красный Урал» басқармаларының жанында болған жұмыскер, ауыл және поселке тілшілерінің губерниялық тұңғыш тобы. 1927 жыл. 21-25 январь. Бастырушы. Қызыл Ту басқармасы. Теке, Оралгуббас, 1927, 23 бет.500 дана» [1].

Кітаптың алғашқы беті «Сөз басы», «Партия мен ауыл тілшілері туралы баяндама бойынша қаулы», «Жолдас Варнаков баяндамасы бойынша қаулы», «Р. Сүгірұлының баяндамасы бойынша «Қызыл Ту» газетінің күйі туралы», «Губерниедегі тілшілер қозғалысы және оның кезекті міндеттері туралы», «Жапсырма газеттер туралы» баяндамалар бойынша қаулы, «Ауыл тілшілерін ұйымдастыру және олардың үйірмелерінің жұмысы жайындағы уақытша негізгі ережелер» атты осындай 7 тараудан және тілшілер съезіне қатысқан «Қызыл Ту» ауыл тілшілерінің 1 фото суреті бар.

Аталмыш кітаптың маңызы туралы кезінде қазақтың маңдай алды ұлдарының бірі баспа ісінің жарық жұлдызы Міржақып Дулатов «Қазақ тілінде» басылған кітаптардың көрсеткіші» атты құнды мұрасында тоқталып, олардың қатарында «Қызыл ту», «Красный орел» (Орал- Қ.С.) тілшілерінің тұңғыш тобы. Теке, 1927, 24 бет» атты кітапқа да орын береді [2].

«Сөз басы» атты тарауда: «Ауылда тілшілер үйірмесінің мүлде жоқтығы, ауыл тілшілері қозғалысына басшылық жұмысына және олардың арасында тәрбие жұмысын жолға қоюға үлкен әсер етеді, ауыл тілшілерінің қызметін қиындатады, оларды өздерінің күнделік қызметінде саңлаусыз қылып қояды. Сондықтан да губерниелік тұңғыш тілшілер тобы, жуырда істелетін негізгі міндеттердің бірі деп мынаны таныды: бірінші - газет пен тілшілердің байланыстарын бұрынғыдан да жақынырақ орнату. Екінші - саяси мектептерге тарту жолымен барлық тілшілер арасына тәрбие жұмысын күшейту [3]. Осылайша, тілшілер қозғалысын өркендетуде қатарына жұмысшылар мен кара шаруалармен бірге әйелдерді де баулу «ұлы міндет» екенін атап көрсетеді. Губерниелік тұңғыш топтың мәжілісінде қабылданған бағалы қаулылар губерние мен уездердегі тілшілер қозғалысы келешекте табан тіреп нығая, өркендей беруіне осы қаулылар ұлы негіз болуы тиіс дей келе: «Негіз салынды. Жас тілшілер өзегі осы негізге құрыла, нығая жұмысын өркендете бермек. «Қызыл Ту» басқармасы» деп ақ жол тілейді.

Съезд жұмысын сол кездегі өлкелік партия комитетінің баспа сөз бөлімінің меңгерушісі және «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты шығарушысы Тоғжан ұлы Ғаббас құттықтаған телеграмма басылған.

«Жолдас Федоров баяндамасы бойынша» қабылданған қаулы төрт баптан тұрған «Партия мен ауыл тілшілері» атты тақырыппен берілген. Онда ауыл және жұмысшы тілшілердің міндеті - елдегі үкімет саясатын орнықтырып, шаруашылық - мәдени өмірде болып жатқан өзгерістерден мақалалар беру тілшілер жұмысының негізгі мақсаты делінді.

Осы бас қосуда Ж.Варнаков жолдастың губерниелік партия бақылау комиссиясы, «Жұмыскер кара шаруа инспекциясы» мен «Жұмыскер ауыл тілшілері» және Ж.Матжан ұлының «Прокурор мекемесі мен ауыл - жұмыскер тілшілері» атты баяндамалары бойынша қаулылар алынған. Онда жаңа қоғам орнату жолында шаруа мен жұмысшылар бірлігін нығайта отырып, осы міндеттерді жүзеге асыру жолында бақылау комиссиясы - жұмыскер кара шаруа инспекциясы және прокурор мекемесінің маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді. Халықтың надандығы, ауылдарда кеңес жұмыстарының өте нашарлығы, еңбекшілер мүддесін қорғайтын кеңестердің болмауы және кедейлердің әлі

күнге ақсақалдар мен атқамінерлердің ықпалынан шыға алмай отырғандығы тілшілер хатының тірегі болуы тиіс делінді. Сөйтіп, аталған губерниелік бақылау комиссиясы, жұмыскер – кара шаруа инспекциясы және прокурор мекемесінің жуық арада тілшілермен жұмысты күшейту үшін төмендегідей шараларды жүзеге асыру керек деп шешті.

Енді сол бас қосуда «Қызыл Ту» газетінің редакторы Р.Сүгірұлының жасаған баяндамасы бойынша алынған қаулыға тоқталмас бұрын, сәл шегініс жасап, Орал губерниесіндегі баспасөздің осы съезге дейінгі жәйі туралы Орал облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған мына құжаттарға назар аударсақ: «I губерниедегі баспа ісінің жәйі.

Губерниедегі баспа ісіне мыналар кіреді:

1 Құрамында 75 жұмысшысы бар баспахана.

2 «Красный Урал» редакциясы, қызметкер саны 12. партия мүшесі 3.

3 «Қызыл Ту» редакциясы, қызметкер саны 5. партия мүшесі 3.

4 2 сауда дүкені.

II Губерниелік баспа ісінің бюджеті және қаржылай айналымы.

1925/ 26 жылдардағы баспа ісінің бюджет мөлшері төмендегі кіріс және шығыс бөліміне сүйеніп жасалынды.

Баспахана өз өнімінен 9 мың сом таза пайда түсіреді.

2 дүкен баспа өнімін сатудан 13 мың сом таза пайда түсіреді. Барлығы 22 мың сом. «Красный Урал» мен «Қызыл Ту» редакциялары: Шығыс жағы: 33 мың сом. Жылдық есептің қорытындысы бойынша жетіспеушілік (дефицит): 11 мың сом.

...Аталған жұмысты жақсарту үшін орталық комитет пен Крайкомнан қаржылай(субсидия) бөлумен бірге 3 редактор: 2 орыс тілінде, 1 қазақ тіліндегі газеттер үшін жіберуді және губаткомның баспа ісінің меңгерушілігіне жалақы төлеген штат ашуды сұрайды» [4].

Сондай-ақ, 1926 жылдың 24 қарашасы күні жергілікті губерниелік партия белсенділері алдында «Қызыл Ту» газетінің редакторы Р. Сүгірұлы жасаған есебін тындап төмендегідей мазмұнда қаулы қабылдаған:

1 Газеттің мазмұнын жақсартып қана қоймай оның техникалық базасын да күшейту.

2 Таралым санын 500 - ден 2500 - ге дейін жеткізу.

3 Ауыл мен қалада тілшілер қосын 10 - нан 60 -дейін арттыру.

«Қызыл Ту» газетінің негізгі міндеті: қол жеткен табыстарды нығайта отырып, газеттің қызмет аясын көбейту, қалың бұқара арасында кеңінен тарап, беделінің үстем болуын, газеттің сату құнын арзандату, баспахананы жаңа әріптермен толықтыру, жастармен жұмысты күшейту, оларға арналған бетшелер ұйымдастыру» [5].

Орал губерниесіндегі баспа ісі мен баспасөзді жақсарту мәселесі жоғарғы үкімет орны басшыларының алдына да мезгіл - мезгіл қойылып отырды. Осының куәсіндей болған губаткомның өлкелік комитетке берген мына қатынас хатына назар аударалық: «Біздің губерниде 4 газет шығады, оның 2 қазақ, 2 орыс тілінде (2 губерниелік, 2 уездік). «Қызыл Ту» - губерниелік шаруалар газеті. Аптасына 3 рет шығады. Басылымды таратушылардың белсенді атқарған жұмысы арқасында таралымы 500- ден 2800 -ге жетіп, сонымен бірге жазылу бағасы ай сайын 60 тиыннан 40-30 тиынға төмендеді. 2300 данасы деревниге, ал қалғандары қалаішілік тарайды. Ай сайын 1200 сом көлемінде жетіспестік(дефицит) бар. «Красный Урал» - орыс тілінде шығатын губерниелік шаруалар газеті. Күн сайын шығады, аптасына 1 рет қосымша «Юный большевик» атты комсомол бетшесі шығады. Таралымы 2800, оның 700 деревниеге тарайды. Жетіспестік 1500 сом мөлшерінде. «Жұмыскер тілі» - Орал-Ембі мұнайлы аудандарындағы жұмысшы қазақтар мен бүкіл Гурьев уезін қамтитын жұмысшылар газетасы. Оның жағдайы губерниелік газеттерге қарағанда өте ауыр. Таралымы 800 дана. «Рабочая правда». Бұл да Гурьев уезінде шығады. Аптасына 2 рет шығатын орыс тіліндегі жұмысшылар газеті. Таралымы 750 дана. Бұл екі уездік газет жұмысшылар арасында аз тарайды, себебі газет қызметкерлері әлсіз және ешкім оларға қаржылай көмектеспейді. Міне сондықтан Қазақстандағы 3 мыңдай, ал маусымдық кезде 5-6 мыңға дейін жететін жұмысшыларды тұрақты қамтитын жұмысшы газеттері үшін шұғыл түрде редакторлар жіберіп және

үкіметтің қаржылай көмегі керек. «Қызыл Ту» мен «Красный Урал» редакциялары 33 000 (33 мың) сом шығынмен жұмыс істейді. Жылдық смета 11 000 сом мөлшерінде жетіспеушілік(дефицит) жасалып, қаржы айналымы 20000 сом мөлшерінде көрінді» [6].

Орал губерниесіндегі газеттердің осы қиын жағдайы, оның ішінде әсіресе «Қызыл ту» газетінің күйі сиезд делегаттарының қатеріне редактор Р.Сүгірұлының баяндамасында да атап көрсетілді. Газеттің барлығы дерлік сол кезде де, қазірде де мемлекеттің «мойнында» тұрғаны оқырман қауымнан жасырын емес, оның қаржылай көмегінсіз шықпайтыны белгілі. Міне, бұл мәселе жөнінде алынған төмендегі қаулыда: «Газеттің шаруашылық күйінің тұрақсыз болатындығына екі түрлі үлкен себеп бар. Бірі - газетті үздіксіз алдырып тұратын негізгі оқушыларымыздың жоқтығы. Екінші - газет басының өзімізге өте қымбатқа түсетіндігі. Газеттің жеке саны өзімізге 12 тиыннан түсіп тұрғанда, біз жеке санын 5 тиыннан, айлап, 3-6 айлап, жылдап өткізгенде одан (2 жарым тиын) арзан сатып отырмыз. Себебі қара шаруаның күйімен есептескендіктен. Үшінші - газет қағазының басқармаға жоғары ақыға түсуі(бір пұты 6 сом 82 тиыннан 7 сом 50 тиынға шейін тұрады). Баспахана расходу өте көп. (Бұл жалпы расходтың 50% құрайды. Дұрысында 25% болуға тиіс еді). «Қызыл тудың» бір саны 81 сом тұрады және баспаханың қазақ бөлімінің техникасы өте нашар. Тиражы өте аз», -деп қынжылыс білдіруі орынды еді [7].

Орал губерниесіндегі газет редакцияларының аппараты бірден қалыптаса қойған жоқ. Сол кезде де оның бұқарамен байланысы да нашар еді. Міне, съезде осы мәселелер кеңінен сөз болды. Дегенмен бұқара халық өз газетін таңдай білді. Онымен байланыстарын уақыт өте келе арттыра түсті. Тілші және одан кейін журналист болған Ғ.Махамбетовтың «Сол бір кезде» атты мақаласында былай дейді: «Мен тұңғыш көрген «Қызыл Туды» қайта-қайта қарап, көзім тоймады. Газетке кімдер тілші және таратушы бола алатынын сұрап жатырмын. Сол күннен бастап «Қызыл Тумен» бауырмаласып кеттім. Газет тарату, оған хат-хабар жазып тұру менің басты бір міндетіме айналды» [8]. Осылайша газеттің жұмысының жақсара түсіп, тілшілермен байланысының артқанын сол съезд материалдарында

жарияланған мына цифрлардан да көруге болады. 1926 жылы ай сайын «Қызыл Ту» газетінің қоржынына 322 хат түссе, оның 60 пайызы жарық көрген. Оның басым көпшілігі де елден келген хабар-ошарлар. Мақалалардың басым көпшілігі жергілікті үкіметтің деревнидегі кеңестендіру саясатын, кедейлерді «Қосшы» ұйымына тарту және оның жұмысын нығайту, сауатсыздықты жою, көп әйел алушылық пен әменгерлік сияқты ескі әдет - ғұрыптарды түп - тамырымен жоюда, бай - құлақтардың мүлкін конфискілеу сияқты мазмұнда болды. «Жаңа баспасөз жарыққа шықты. Бұл күнгі баспасөздің көксейтіні қазақ бейнетқорлар, басқа ұлттардың бейнетқорлары қол ұстасып, көмектесіп социалшылық тұрмыс орнатуы. Бүгінгі баспасөз - тап баспасөзі. Бейнетқор табының баспасөзі» деген кеңес үкіметін қызыл саясатын ұсатады [9].

Тілшілермен «Қызыл Ту» газеті басқармасының ұнамды жетістіктерін мәжілісте «Ауыл тілшілерінің қозғалысын басқару және қатынас түзеу жөнінде» атты бөлімде атап көрсетті.

Міне, осы міндеттерді жүзеге асыру үшін 1 мамырға дейін барлық тілшілердің сапалық құрамын анықтау, газет бетінде айына 3 рет «Тілшілер бұрышын» ұйымдастыру, жұмысшылар топтасқан аудандардан тілшілер үйірмесін ашу, тілшілердің шын атын жариялау, тілшілікке хат білетіндерді тарту, тілшілер хатының орындалуын және аяқсыз қалмауы үшін тиісті мекемелердің назарын аударту, мақалалары басылмаса оның себебін айтып, жеке хатпен жауап беру керек деп шешілді. Сиезде Ж.Сапаұлының «Губернидегі тілшілер қозғалысы және оның кезекті міндеттері туралы» баяндамасында барлық тілшілердің сапа құрамына нақты талдау жасалды: «Тілшілер қозғалысының негізі, алғашқы басқышы губерниемізде тілшілер үйірмесі жоқ. Қазірде губерниелік қалада 3 үйірме құралып жұмыс істей бастады. Бұлардан басқа тағы 6 үйірме құрыла бастады. Село тілшілерінің арасында 3 тілшілер үйірмесі бар. Ауыл тілшілерінің арасында 2 жерде тілшілер үйірмесі құрылған. Бұлар жұмысқа енді кіріспекші. Жалпы тілшілер арасында тәжірибе жұмысы кем. Ауыл тілшілерінің машықтығы олардың түрлі үйірмелерге бірікпегендігі тілшілер қозғалысын тәртіпке салып, тәрбиелеу жұмысын жүргізуге жолбасшылық етуге өте қолайсыз және өте қиын».

Съезде талқыланған мәселелердің бірі газеттің таратылуы жәйінде де үлкен сөз болды. Сол кездегі ауылда тұратын жергілікті халықтың басым көпшілігінің қолына газеттің жетпейтіндігі туралы жазушы С.Сейфуллин 1923 жылы Орал губерниесіне жасаған сапарында былай деп суреттейді: «24-ші октябрьде жиылыс бітті. Уездік исполком сайланды. Жымпиты уезінде оқыған адамдар көп болса жа, қазақша газет, журналды көп оқымайды екен. Қазіргі іс басында жүрген жастар бастап халық арасына біраз «Еңбекші қазақ» газетін таратты» [10]. Дегенменде, уақыт өте келе «Қызыл Ту» газетінің 1925 жылғы таралымы 600 дана болса енді 1927 жылы 1700 данаға жеткен. Ендігі міндет газетті жаздырып алушылардың қолдарына жеткізу, басқарма агенттері (газет таратушылар-Қ.С.) редакциямен тұрақты байланыста болуы, әсіресе Бөкей мен Орал уездеріне және жұмыскер аудандарында (Гурьев уезі) кеңінен таратуға ұсыныс жасалды.

Осы сиезде баспасөздің аса кең тараған, ең бұқаралық буыны- қабырға газеттеріне басшылық жасаған нұсқауда қабылданды. Сол кезде қабырға газеттері завод-фабрика, өндіріс (мұнай, балық) және ауыл шаруашылығында, оқу орындарында, қоғамдық ұйымдар ұяларында көптеп ашылды. Бұл қабырға газеттері қолжазба күйінде немесе баспаханада да басылып шығып тұрды. Оларға нұсқау көмекші ретінде 1927 жылы Қазақстан кәсіпшілер одағы мен мемлекет баспасы 2000 данамен жарыққа шығарған Я.Каховскийдің «Қабырға газеті мен тілшілер үйірмесі» атты кітабының да жарыққа шығуы үлкен маңызды рөл атқарғанын айта кету керек.«Қабырға газеті - өндіріс, кәсіпорны, мекеменің немесе ауылдың ішінде болып жатқан оқиғаның жақсы, жаман жағын бірдей елестетіп, көрсетіп отыратын тұрмыс айнасы. Қабырға газеті өзінің айналасына бұқараны жинап, ұйымдастырып, жұмыскер жалшы малайларды үйретіп ақ-қараны айырарлық салт-сана беріп, кеңес құрылысына белсене қатынасады», - деп жазды ол [11].

1925 жыл 1 қаңтардағы Кирлитоның есебінде тұратын қабырға газеттерінің төмендегі тізіміне назар аударсақ:

Шығарушы	Газеттің аты	Шыққан күні	Қай тілде
Орал губерниесі			
РЛКСМ №1 мен РКП(б) №2 ұялары бойынша	Ячейка	7/Х1-23 ж.	орыс
№2 РЛКСМ мен РКП(б) №4	Путь по заветам	Х11-23 ж.	орыс
ГСПС. №4 РЛКСМ мен РКП(б) №5	Совпартшкола	19/1Х-23 ж.	орыс
№6 РЛКСМ ұясы мен №16 спартұясы	Рабочая мысль	28/У11-24 ж.	орыс
№7 РЛКСМ, РКП(б) №1 ұялар	Насос	1/У-24 ж.	орыс
№14 РЛКСМ ұясы	Юнный ленинец	26/У1-23 ж.	орыс
РЛКСМ №17, 15, 10, РКП(б) №1 ұялары газеті	Яный кооператор	1/У1-23 ж.	
№18 ГуФО и РКП(б) № 8, 9 ГуФО ұялары газеті.	Наш путь	5/У1-24 ж.	орыс

[12].

1926 жылы 16 қаңтарда өткен Орал губерниесіне қарасты Гурьев уезінің Доссор өнеркәсіп мұнайшыларының ұясы жанынан да қабырға газеті ұйымдастырылды [13]. Міне, осы сияқты губерние мен уездердегі қабырға газеттеріне басшылықты жақсарту үшін Орал губерниесі тілшілер съезі қабылдаған қаулысында: «Қызыл Ту» мен «Красный Урал» газеттерінің басқармалары қаладағы және ауылдағы қабырға газеттерінің есебін алу және олардың көрмелерін ұйымдастыру тапсырылды. Съезде қабылданған «Ауыл тілшілерін ұйымдастыру және олардың үйірмелерінің жұмысы жайындағы уақытша негізгі ережелері» атты тарау «Ауыл тілшілерінің үйірмесінің мақсаты», «Тілшілер үйірмесін ұйымдастыру» атты бөлімдерден құралады. Ауыл тілшілерінің үйірмесі - баспа сөз

арқылы, саясат және мәдениет құрлысына араласу, тілшілер қатарына кедей мен орташаларды тарту, газет - журнал, кітаптарды тарату, үйірме жиналыстарын өткізіп отыру және т.б. сан алуан міндеттерді қойды. Кітаптың ең соңғы бетіне губерниелік бірінші ауыл тілшілер тобына келген «Қызыл Ту» газеті тілшілерінің 20 адамның тізімі мен «Красный Урал» газетінің 55 тілшісі келді»- деп аяқтайды.

Жалпы, 1927 жылдың 21 - 25 қаңтарында өткен Орал губерниелік бірінші жұмысшы, село және ауыл тілшілерінің бірінші съезі осы өлке ғана емес, Қазақстанның баспасөзінде тарихи маңызға ие болды. Бұл мәжіліс кеңес өкіметі өмір сүргенінен бергі бірінші рет шақырылып, губерниде аса маңызы бар қоғамдық қозғалысқа - жұмысшы, село және ауыл тілшілерін дамытуға жаңа серпін берді. «Ол «Красный Орал», «Қызыл Ту» және жүздеген қабырға газеттерінің өмірінде жұмысшы - шаруа бұқарасымен басын біріктірген және оны күшейтуді қалыптастырған ірі саяси оқиға болып табылды»- деп жазды «Красный Урал» газеті [14].

-
1. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы. «Қызыл Ту» мен «Красный Орал» басқармаларының жанында болған жұмыскер, ауыл және поселке тілшілерінің губерниелік тұңғыш тобы (1927 жыл январдың 21-25). Бастырушы, «Қызыл Ту» басқармасы. Теке қаласы - 1927.- 27 б.
 2. Дулатов М.Д. Бес том.шығ. жин..Үшінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері. - Алматы: «Мектеп», 2003. – 352 б.
 3. «Қызыл Ту» мен «Красный Орал» басқармаларының ...1-б.
 - 4.Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-қ., 1-т., 1384 - іс, 1- п.
 5. БҚ ОММ 1-қ., 1- т., 1384- іс, 3- п.
 6. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 141- қ., 17- т., 21-іс, 73- п.
 7. «Қызыл Ту» мен «Красный Орал» басқармаларының...7- б.
 8. Орал өңірі. – 1968. – 17 қараша.
 9. Қазақ баспасөзі Октябрь өзгерісінен бұрын қандай еді. Кейін қандай болды. – Қызылорда: Қазмембас, 1927. – 13-14 бб.

10. Сейфуллин С. Бес том. шығ. жин. - Алматы: Жазушы, 1986.- Т.5. - 249 б.
11. Каховский Я. Қабырға газеті мен тілшілер үйірмесі. Қызылорда, 1927. 3 б.
12. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты 81-к., 1- т., 1175- іс, 14 - п.
13. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты 3-к., 1- т., 445- іс, 119-п.
14. «Красный Урал», 6 ақпан, 1927 жыл.

КИЖ -дегі оралдықтар

Газеттің жарық дүниеге жолдама алуы сол газетті шығаратын редакция қызметкерлерінің қолында. Журналист бойына барлық қасиеттерді жинаған елгезек, қарапайым, кішіпейіл, жұғымды, ерінбейтін еңбекшіл, ұстамды, ұйымдастырғыш, жазғыш, айтқыш, ақылды азамат болуы керек. Енді сол журналистінің бойында осыған қоса арнайы білім болғаны дұрыс екенін айтпасада түсінікті.

Қазақстандағы баспа ісі мен баспасөзді дамытуда журналистика институтының маңызы зор болды. Алғаш рет Ресейде журналистердің 1918 жылы болған бірінші сиезі қаулысымен журналистер дайындайтын 3 айлық мектеп ашылады. 1921 жылы мектеп қызыл журналистер атағын иеленген институтке айналады. 1924 жылдан Мемлекеттік журналистік институты (ГИЖ) деп аталды [1]. Мәскеудегі журналистика институты (кейінірек - Бүкілодақтық Коммунистік журналистика институты) жанынан 1927 жылы Шығыс ұлттар факультеті ашылды. 1932 жылы Мәскеу КИЖ-і Қазақстанға 10 орын береді. Алайда оған біздің республикадан студент жіберуде салақтық болған. Оған 1933 жыл 12 қаңтардағы «Социалды Қазақстан» газетіндегі «Баспасөз қызметшілер дайындау жұмысына көңіл бөлінсін» атты мақала нақты дәлел: «...Мәскеудегі одақтық коммунистік журналистер институты Бүкіл Кеңес Одағына баспасөз қызметкерлерін дайындайды. Сондықтан да жыл сайын әр республикаға бірнеше орын беріп оқытуға адам алады.(К.Ж.К. арнап) 10 орын берген еді. Сол 10

орынға Қазақстаннан адам келмей, берілген орындар басқа республиканың есебіне кетті. Шойынбек ұлы Ұртай» [2].

1932 жылы 7 қаңтарда РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Алматыда Коммунистік журналистика институтын ашып, оған 100 адам қабылдансын, қажетті қаражат Мемлекеттік бюджеттен босатылсын деп қаулы алады. Алайда оқу үйі мен жатахана әзір болмағандықтан бұл мәселе екі жылдан кейін шешілді. Сөйтіп, 1934 жыл 4 мамыр күні Қазақстанда Коммунистік журналистика институты(КИЖ) ашылады. Республика баспасөзі үшін кадр даярлайтын бұл арнайы ашылған жоғарғы оқу орнындағы оқу мерзімі үш жыл болды. Оқу программасында қоғамдық-саяси және арнаулы пәндерді оқытуға айрықша назар аударылды. 1934-40 жыл ішінде институт жолдамамен келген 130 адамға жоғары дәрежелі журналистік білім берді. КИЖ тек қана төрт рет түлек ұшырды. 1941 жылы 8 мамырда институт таратылып, оның орнына ҚазМУ-ден журналистика факультеті ашылды.

КИЖ-ге студент қабылдаудың 1935/36 оқу жылына арналған жоспар бойынша Қазақстанның барлық аймақтарындағы жерлерге орын бөлінгенде, Батыс Қазақстанға 10 орын бөлінген болса, одан орындалғаны 1 адам болған [3]. Көрсетілген мәліметтен біздің өлкеден бұл мамандыққа адамдардың болмағандығы жергілікті ұйымдардың басшылары бұл жұмыста шалағайлық танытқанын байқау қиын емес. Әрине, кейін бұл мәселе дұрысталды. Жоғарыда КИЖ-ге қабылданған жалғыз студент Батыс Қазақстан облысы, Талов ауданының тұрғыны Машанов Мажит еді. Машанов Мажит 1915 жылы Талов ауданы, Бостандық селосында кедей-шаруа отбасында дүниеге келген. 1938 жылы компартия мүшелігіне кандидат болып қабылданған. Ол 1935-36 жылдары «Екпінді құрылыс»(қазіргі «Орал өңірі» - Қ.С.) газетінде корректор болып жұмыс атқарған. 1936 жылы Коммунистік журналистика институтының дайындық курсына қабылданып, кейін 1940 жылы 20 наурызда оқуды бітірер кезде М.Машановқа берілген әкімшіліктің мінездемесінде оны облыстық газеттің бөлім меңгерушілігіне ұсынған [4].

Мен осы адамның КИЖ-ді бітіргеннен кейінгі тағдыры туралы сұрап Атырау облысындағы баспасөздің қазіргі ақсақалы Шөпенғали Дәуеновке жолыққанымда ол былай деп сыр шертті: «Жоғарыда аты аталғандардан білетінім Мажанов Уажит (Мажит емес-Ш.Д.) 1940 жылы КИЖ-ді аяқтағаннан кейін Гурьев

облыстық «Социалды құрылыс» газетінде үгіт-насихат бөлімін басқарып, кейін ұзақ жылдар редактордың орынбасары болып абыроймен еңбек етті. Сондай-ақ ол Индер аудандық газетінде редактор болып абыроймен қызмет атқарды».

М.Мажановтан кейін Алматыдағы журналистика институтына бет түзеген жастардың легі көбейген. Мен Қазақстан Республикасының Орталық және Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаттарынан осы оқуға қатысты құжаттарды қарағанымды көптеген деректерге тап болып, осы мақаланы жазуға түрткі болғанда сол жағдайлар болатын.

Алдымен 1940 жыл 10 наурыздағы КИЖ-дің студенттері мен оқытушылар құрамы туралы есебінде Батыс Қазақстаннан төмендегідей студенттер болған:

Бірінші курста: Баязитова Слубике – 1918 жылы туған, Жаңғала ауданы, Новоказанка селосы, ұлты татар, ВЛКСМ мүшесі; Карипов Тағаберген - 1912 жылы туған, Жымпиты ауданы, 2-ауыл, ұлты қазақ, ВЛКСМ мүшесі; Қошаева Әмина Абдувалиевна – 1920 жылы туған, Жаңғала ауданы, Новоказанка селосы, ұлты татар, ВЛКСМ мүшесі; Пушкарева Нина Павловна – 1922 жылы туған, Орал облысы, Тройцк селосы, ұлты орыс, ВЛКСМ мүшесі.

Екінші курста: Айшуақов Аман – 1916 жылы туған, Тайпак ауданы, 16 ауыл, ұлты қазақ, партия мүшелігіне кандидаттыққа өткен [4, 7,15 п.п.].

КИЖ-де оқытушы болып жерлесіміз Хафизов Ахмет жұмыс жасаған. Оны институт оқытушы құрамына өз қолымен толтырған 1936 жылы 1 қыркүйекте анкетасында мынадай жолдар бар: «Хафизов Ахмет Хасанұлы, ұлтым татар, 1905 жылы Орал губерниесінің кедей-шаруа отбасында дүниеге келдім. 1928 жыл 20 сәуірден бастап партия мүшесімін. Білімім жоғары, Ленинградтың Коммунистік Журналистика институтын бітірдім. Педагогикалық еңбек өтелім екі жарым жыл. 1926 жылдан баспа ісі кәсіподақ ұйымында есепте тұрамын. 1927 жылы қыркүйек пен желтоқсан аралығында Қызыл армия қатарында болдым» [5]. Бұл оқытушылық қызметте А.Хафизов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспа ісі және баспасөз бөлімінде нұсқаушы болып жүргенде де қол үзбеген [6]. 1939 жыл 1 ақпандағы институт оқытушыларының сапа құрамында есепте тұрған Ахмет Хафизов «Казахстанская Правда» газетінің

редакторы болып жүріп аға оқытушы ретінде «Газет ісі» пәні бойынша студенттерге қосымша дәріс оқыған. Студенттер оның орыс тілін де, қазақ тілін де өте жақсы меңгерген, білімді журналист болғанын мақтан тұтқан. Ол өмірінің соңғы күніне дейін туған республикамыздың баспасөзінде басшы қызметте болып, журналист кадрларын даярлау ісіне айрықша үлес қосқан жандардың бірі болды.

КИЖ-дің студенттері республиканың түкпір-түкпірінде орналасқан аудандық газетердің редакцияларына барып практикадан өткен. Олар газеттерге шолу жасап, қабырға газеттерін шығаруға көмектескен. Студенттер газет жұмысының формасы мен әдістерін терең меңгеріп, корреспонденция жазып және материалдар ұйымдастыруда әдеби өңделуіне көңіл бөлген. Хатпен жұмыс істей білу, мәлімет әзірлеу, мақала атын қою, мақала жазу мен газеттерге шолуды үйрену міндеттері белгіленді. Қазақстан КИЖ-нің бірінші курс студенттеріне колхоз-кеңшардағы көптиражды газеттеріне мақала жазу және шолу жасау міндеттелді [7].

Солардың қатарында 1939 жылы II-III студенттерінің арасында Батыс Қазақстан облыстық «Екпінді құрылыс» («Орал өңірі») газетіне Есмағұлов, Шеңгелов, Орыспаев және Гурьевтің «Социалды құрылыс»(қазіргі «Атырау» -Қ.С.) газетіне Қойбағаров секілді студенттер өндірістік практикаға келген. Олар өз жұмыстарынан есеп жазуда жоғарғы жаққа көзге түсуді көздеген есепті хабарлары болған. Солардың қатарында мына бір дерекке назар аударсаң көзің анық жетеді:

«В отдел Печати ЦК КП(б)К.

1) Орган Гурьевского окружкома «Соц.курылыс» во время избирательной компании в Верховный Совет СССР допустил крупную политическую ошибку, которые выраживаются в следующим:

1) Газета «Соц.курылыс» в номере от 5 ноября 1937 года, вместе исправления корректурских ошибок газеты «Эмба жумысшысы», сама написла о том чтобы выбрать первым депутатом в Совет Союза тов.Сталина допущена политическая ошибка.

2) В одном же номера, написла переименованную станцию на имя Сакена, имя Сакена, имя ныне разоблаченного врага народа.

О работниках редакции газеты «Соц.курылыс».

«Аппараты редакции укомплектованы из сомнительных людей, так как некоторое время ответ редактором неким Кожамметовым морально-бытовой разложившийся человек. Он во первых часто устраивал банкеты. Во вторых играл на картах проиграл деньги редакции. К этому принимал участие тов.зам.редактора Амангалиев и зав.партотделом-алашординец-Несипбеков. Они укомплектовали аппарат редакции осужденными людьми. Например, Есекенов зав.совторг отд.сейчас снятый, на месте посадил бывшего секретаря Мухамедова, снятого с должности редактора Мангистауской районной газеты, за связь врагом народе Хангеревым.

После снятого бывшего редактора Кожамметовым Несипбекова редактором стал Тюлебаев, которой совершенно не знаком с газетным делом.

Тюлебаев (редактор) не обращает внимание сигнала. Так как в аппарате сидят зав.селхоз отделом Таренов, которого за связь с врагами в свое время написала «Соц.курылыс», по этому редактор Тюлебаев не делал придавал большего значения. Кроме этого зав.общим отделом работает Тайманов-сын осужденного бая. А так же машинистка. Отв.секретарь Саургалиев-пьяница играет в карты.

Поэтому мы считаем необходимым заменить редактора Тюлебаева, зам редактора Амангалиева и секретаря Сауыргалиева, Таренова, Тайманова (тех.работник).

Подготовили: Койбагаров, Орыспаев» [8].

Жоғарыда айтып өткенімдей, мұрағат деректерінде қызықты жағдайлар кездескенін айтқанмын. Соның бірі 1934 жылы 1 шілде күні осы институттың есепшісі Ашитов Қажим Нұрғалиұлы 5491(бес мың төртжүз тоқсан бір) сом 50 тиынды қымқырып, қашып кеткен. Мұны осы институттың қаржылай жағын тексерген комиссия анықтапты. КИЖ-дің директоры Ү.Балхашевтің қылмысты іздестіру-тексеру басқармасына жолдаған хатында мынадай жолдар бар: «ж.Ашитов Қ. Батыс Қазақстан облысы, Ілбішін ауданы, Партоновскі селолық кеңесінің тұрғыны. Ұлты қазақ, беті дөңгелек, бетінде қара дақтар бар, көзі дөңгелек қара, үнемі басын төмен ұстайды. Туған жылы – 1914 жыл, паспорт № 188560 18/-VI-34 жыл(қайда, кім бергені белгісіз). Кейбір жолдастарының айтуы бойынша комсомолға 1930 жылы өткен, бірақ есеп карточкасы қалалық комсомол комитетінде болмай шықты. ...Ашитов Қ. 1931/ 34 жылдары Мәскеудегі түсті метал-алтын жұмысшылар факультетінде оқыған. 1933/34 жылдары Алматы қаласындағы есепшілер курсында оқып, оны бітірмей 15 наурыз 1934 жылы

осы институттың есепшісі болып жұмысқа кіріскен» [3, 10 п.]. Сөйтіп, оған іздеу салған.

Бұдан басқа сол кездегі Батыс Қазақстан облысының құрамында болған Гурьев округтік «Социалды құрылыс» газетіне 1934 жылы 21 қарашадан бастап редакторлық жұмысқа Шияп Қожахметов кіріскен [9]. Ол 1895 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Қазақстанның алғашқы астанасы Орынборда Қазақ халық ағарту институтын, кейін Мәскеудің «Правда» газеті атындағы журналистика институтын бітірген. Академик Т.Кәкішев оның 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде көшірмеші болып жүріп, «Сәкен Сейфуллиннің қазақ халқының келешегіне арналған аузынан шыққан сөзді қағып алып, іркілмей аққағазға түсірген» деп жазады [10, 242 б.]. Заманында өз мамандығын жақсы меңгерген Ш.Қожахметов үш жыл бойы Гурьев округтік және аудандық газеттерінің жұмысына оңды басшылық жасағаны туралы Орал және Гурьев мұрағаттарында көп деректер сақталыпты. Алайда ол сол кездегі сталиндік жазалауға тап болып, республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде 1937 жылғы 5 және 28 тамыз күндері бірінен соң бірі шыққан «Жауапсыз редактор, жауапты баспахана», «Гурьев газетін кім басқарады?» деген мақалалардың құрбаны болып кетті. ҚП(б) Батыс Қазақстан облыстық комитетінің 1937 жылы 20 қыркүйек күні өткен бюро мәжілісінің §39 қаулысымен, қолдан жасалған жапон-бухарин жаулары мен Эмбі мұнай кәсіпшілігіндегі бүлдірушілікке қарсы күрестегі және коммунистке сай емес жат қылықтарға(тұрмыстағы) жол бергені үшін жұмыстан қуылды [11]. Сол кездегі газет шығарудағы адамдардың саяси сауаты, журналистік қабілеті жетіспей жатса, сатқындық жолмен бірін бірі көрсету, түймедейді түйедей етіп көрсету қаншама жанның тағдырын тәлкек қылды десеңші?!

Қорыта келгенде, Алматыдағы коммунистік журналистика институты Қазақстанның батыс өлкесіндегі баспасөз ісін дамытуда айрықша рөл атқарды.

-
1. Журналистика Казахстана. Козыбаев С.К. Академия журналистики Казахстана, 2006. с. 207.
 2. Социалды Қазақстан. – 1933. – 12 қаңтар.
 3. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ) 1365 – қ., 1- т., 1- іс, 17 – п.
 4. ҚР ОММ 1365- қ., 1- т., 49- іс, 70- п.
 5. ҚР ОММ 1365- қ., 1- т., 12- іс, 18 – п.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты(ҚР ПМ) 708-қ., 2/1- т., 720- іс, 11- п.
7. ҚР ПМ 708- қ., 2/1- т., 738 – іс, 27 – п.
8. ҚР ПМ 708 – қ., 2/1 – т., 728 – іс, 23- 25 – п.п.
9. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты 2-қ., 1-т., 309-іс, 110-п.
10. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – Алматы, «Жалын», 1976. – 320 б.
11. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 37 – қ., 6-т., 12- іс, 149-150 – п.п.

«Қазақстан» газетінің педагогикалық ой-пікірді қалыптастырудағы рөлі

Азаматтық қарсылық жылдарына дейін қазақтың ұлт зиялылары патша өкіметінен ешқандай көмек болмайтындығын білген соң халықтың санасын оятудың ең тиімді жолы педогогикалық ой-пікірді қалыптастыру деп білді. Міне, осы адал борыштарын өтеу жолында қаржылай қиыншылықтарға қарамастан олар мерзімді баспасөздің сан қырлы рөлін пайдалана білді. Қазақстанның батыс өлкесі білім ағарту ісінде «Қазақстан» газеті ерекше рөл атқарған. Газет 1911 жылы 16 наурызда Орда қаласында жарық көріп, кейін сол жылы 27 мамырда шыққан екінші санынан кейін кезекті сандары шықпай тоқтап, алты айдан кейін Орал (Теке) қаласында 16 саны шығады. Көлемі шағын, 6 беттік газет екі тілде жарық көрген. Газеттің мақсатын оның әр санының ұшар басындағы: «газеттің асыл мақсаты: кәсіп ету, ғылым үйрену турасында» делінген сөздерден анық байқауға болады. Газет бетінде оқу-ағарту саласына арналған мақалаларды бірнеше тақырыпқа жіктей отырып, қазақ еліндегі білім беру жүйесі, мұқтаж оқушыларға көмек беру үшін ұйым құру, білімді мұғалімдердің жетіспеушілігі, мектеп-медреселердің ішкі шаруашылық мәселелері, халықты ағарту саласындағы баспасөздің атқарар рөлі, Текеде(Орал) тұңғыш гимназияның ашылуы, орыс мектептерінде оқитын қазақ балалары туралы көптеген деректер бар.

Газетті шығарушылардың бірі Ғ.Қараштың 1911 жыл 16 наурызда жарық көрген №1 санында «Газет деген не зағ?» атты мақаласында газеттің мәдениет, ғылым және өмір саласында

алатын орны кеңінен әңгіме болған. «Бізді бір ниет, бір тілекке жиятұғын зат газит, со себепті газит біздің басшымыз, газит біздің дәрістер алдында көргеніміз. Газит біздің білмегенімізді көрсететін ұстазымыз. Газит біздің қараңғыда жарық беріп, тұру жолға салатын шам шырағымыз!» деп газетті білім жолында адастырмас шамшыраққа бағалайды [1]. Газеттің осы санында жарияланған «Хал-жайымыз» деген басмақаласында қазақ шаруашылығының түрлері сөз етіліп, «заман өзгерді. Ол шаруаны, адамды өзгертеді. Өзгермесе, жаңаға ыңғайланбаса, ол кейін қалады. Заманымыз өзгеріп отыр, біз де өзгерелік» деп бұрынғы байлық-феодалдық заман өзгеріп, оның орнына қоғамдық жаңа қатынастар дамып келе жатқандығын, енді мал шаруашылығының күнкөрістің бірден-бір қайнар көзі болудан қалып бара жатқандығын ескертеді. Сөйтіп, қазақ халқын жаңа сауда, егіншілік секілді кәсіптермен шұғылдануға шақырады.

Бұдан әрі Ғ.Қараштың 1911 жыл 15 қарашада үзілістен кейін қайта №1 шыққан санында «Бұ қай заман» атты мақаласында толассыз өмір ағысында ғылым мен өнердің күдіретті күшіне тоқталады. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі өнерін біл» дегендей қазақ жастарын оқу-білімге шақырады. Сөйтіп өнер-білімді ілгері кеткен орыс халқынан үйрену керек деп тұжырым жасайды. «Бізде тағы да бір қате пікір бар: орысша деп ғылымды жек көреді. Бұ да қате болсын. ... Әммә оқу, яғни: қисап, жағрапия, хақимият (право), эндаса (инженерлік), тауарих (тарих), тәбип (дәрігерлік), химия (химия), зирағат (ауыл шаруашылық білім), тажират (сауда) секілді пәндерде еште орыстық, яки басқалық жоқ. Бұл пәндерді оқудан мақсат, оларда баян етілген қағидалардың мағынасын біліп, қолданып адам балаларына түрлі жақтан пайда келтіру болады. Бұларды ғарабша оқып біл, фарсыша оқып біл, иә болмаса франзуша, немісше, орысша оқып біл - бәрібір, тек мағынасын жақсы біл де, халыққа пайда келтір» - деп оқырмандарға білімге баратын ақ жолды нұсқайды [2].

Газет шығарушылардың бірі Ғұмар Қараш қазақ халқының еркіндігін, елінің тәуелсіздігін армандаған көрнекті ақын, ойшыл - философ, қоғам қайраткері Бөкей Ордасының Қырыққұдық деген жерінде туған. 1911-1913 жылдары Орынбор қаласында ақын Ш.Бөкеевтің қамқорлығымен ел аузынан әдеби мұраларды жинап «Шайыр», «Көксiлдер» атты екі жинақ құрастырады. «Бала тұлпар», «Қарылғаш», «Тұмыш» «Аға тұлпар»,

«Тұрымтай» аталатын бес поэзиялық, «Ойға келген пікірлерім», «Өрнек», «Бәдел қажы» атты зертеулері жарық көрген. Тарихшы И.Кенжәлиевтің пікірінше оның еңбегі «1910 жылы Ішкі Ордада тамамдалып, 1911 жылы Уфада жарық көрген 20 тараудан тұратын «Тұмыш» өлеңдер циклында ақын ұрпақ тәрбиесін әйел-ана рөлін, оның ішінде қыз баланы оқытуды және әрбір саналы азаматтардың халқына қызмет етуін насихаттаған» [3,46 б.]. Ғ. Қараштың қоғамдық-саяси қызметі 1911-13 жылдары «Қазақстан», 1917 жылы «Ұран», 1918 жылы «Қазақ дұрыстығы», 1919 жылы «Дұрыстық жолы» газеттері мен «Мұғалім» атты жарық көрген басылымдармен қатар дамыды.

Дегенмен «Қазақстан» газеті бетінде орыс мәдениетінен, әдебиетінен үйренуге, үлгі алуға шақыру секілді сарын басым. «Оған Кольцовтың «Что ты спишь, мужичок?» (1911.№1.16 март.) деген өлеңінің қазақ тіліне «Уа, ұйықтап жатамысың, қара шекпен?» деп аударылуы жалқаулықты, кері кеткендікті әшкерелеп, талапкерлікке, еңбекке үндеуі айқын дәлел бола алады»- деген осы газет тарихын зерттеген Ү.Сұбханбердинаның пікірі орынды деп табуға болады [4, 49 б.]. Өлеңді газет қызметкерлері былай деп қазақ тіліне аударған:

Ұйықтап жатамысың қарашекпен,

Жарық жаз қайта келді, былтырғы өткен.

Қарашы анау сенің көршілерің,

Әлі жүр қызметінде ертеңгі еткен.

Баққаның күні-түні тек бір ұйқы

Адамсың талабың жоқ мұнша неткен» -дейді.

Қазақ баспасөзі тарихын зерттеуші Х.Бекхожин осы өлеңге ұнамды баға бере отырып: «Бұл шығарманың идеясы «Қазақстан» газетінің мақсатына сай келіп тұрғаны өзінен-өзі көрініп тұр. Сондықтан бұл өлеңді газет шығарушы-редактор еңбеккерлік пен талапкерлікті насихаттаудың әсерлі материалы ретінде әдейі аударып бастырған» - деген қорытындыға келген [5, 82 б.].

Жоғарыда көрсетілген, газеттің 1911 жыл 15 қарашадағы жаңа №1 санында жарияланған «Бөкейліктің қайырымды адамдарына» атты мақалада білім жолына түскен шәкірттердің арасында мұқтаж оқушыларға бір орталықтан қайырымдылық көрсету үшін ұйым ашу керектігі айтылса, сол жылғы 1 желтоқсандағы «Кімге міндет?» атты мақалада автор халықтың алға басуына тек қана білімді адамдардың әсері тиетіндігіне тоқталады. «Қазақстан» газетінің осы 1911 жыл 1 желтоқсанда қайта шыққан №2 санында жарық көрген «Енді қалай тұрмақ керек» атты басмақаладағы үйлердің қашық орналасқан кесірінен

көп баланың надан қалып отырған жағдайы сыналып: «Енді бізге бала оқытуға, өнер үйренуге жабысу керек» деп одан шығудың жолын көрсеткен. Сөйтіп, «Газет қоныстану, бірлесіп шаруашылыққа кіріссек білім-өнердің де таралуына мүмкіншілік береді деген ұғымды таратқан» - дейді тарихшы М.Ысмағұлов [6, 16 б.].

Ұлан байтақ жерін жаулаған Ресей империясының отарлық бұғауында мықтап шынжырланған қазақ халқын оқу білімге шақыра отырып, олардың ой-санасын отарлық бұғаудан азат етуге «Қазақстан» газеті белсене араласқан. Газетті шығарушылардың бірі Б.Қаратаевтың да бұл тақырыпқа арнаған мақалалары көптеп саналады. Олардың ішінен «Қазақстан» газетінің 1912 жылы 2 және 19 қаңтар күндері №4-5 сандарында жарияланған «Азаматтарға бір-екі сөз» атты мақаласын ерекше бөліп қарауға болады. «Көшпелі өмір қазақты өнер білімнен махрұм қылды ғой» деп автор қазақ халқын отырықшылыққа үйретіп, пайдалы кәсіппен шұғылданып, балаларын оқытуға үндейді. Одан әрі Б.Қаратаев халықтың ой-санасын қалыптастыруда оқу-ағарту ісінің, газет-журнал шығарудың маңызына тоқтап, газетті шығаруға қол ұшын берген З.Тағиев, Ш.Бөкеев туралы жүрек жарды сөздер келтірген [7].

Газет бетінде балаларды оқыту әдістері де әңгіме болған. 1912 жыл 7 сәуірде №10 санында «Ғ.Т.» деп қол қойған автордың мақаласындағы «ескі оқуды көздеген» пікіріне, келесі 24 сәуірдегі №11 санында жарияланған «Олай емес» деген мақалада «оқу - инемен құдық қазғандай» мақалда айтылған пікірге келеді. «Дұрыс машақат болмай, рақат болмайды, бірақ бұл оңай затты қиын етіп, босқа машақаттан деген сөз емес. ... Ғылым деген бір бәйтерек, бұтағы көп. Біз бір бұтағын ұстап аламызда басқасын керексіз көреміз. Сол біз керексіз деген бұтақтың бәрі жемісті болып шығып, бұл күнде басқа халықтар қарқ болып жатыр. Біз мақұрым тұрмыз. Ескі оқумен оқығандар екі жылда ежік танымайды. Жаңа оқумен оқыған балалар аз уақытта хат жазуды біледі. Бұны өзімізге көпсінеміз бе? Мұндай пікірді дос болсаңыз халыққа таратпаңыз» деп төте оқудың пайдасын көрсетіп жоғарыдағы «Ғ.Т.» дегенге қарсы шығады.

Сол кездегі әйелдер арасындағы сауатсыздықтың мықтап үстем болғаны баршаға мәлім. Міне, осыған қарсы күресе отырып қыз балаларды оқуға тарту мәселесі де назардан тыс қалмаған. «Қазақстан» газетінің 1913 жыл 31 мамыр күні шыққан №12 санында авторы Ихсанова Зифа Винт Ахметтің «Уральск шаһарында «Мектеб Аланш» да синави ғұмами виюк емтихан» атты мақаласында қыз балаларды оқыту мәселесі әңгіме болған.

«Қазақстан» газетінің 1911 жыл 15 қараша №1 санында «Әдебиет таңы» атты мақалада қазақ бұқарасы үшін газет-журнал шығару керектігі сөз етілген. «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетінің шығуы әдебиет таңына бағалай келе былай дейді: «Россияның ішінде әр облыстарда таралып жатқан қазақ халқы бір жерге ақылы қосыла алмай жүрген заманды артымызға тастап, енді матбұғат (баспасөз) арқылы сөйлесіп, пікірді майданға салып, иттифактың астына жиналып (республика туы астына жиналып –Х. Бекхожин), бір тілекте болса ғана жұрт қатарына қосыла алады. Ел билеген азамат, ғылым жолындағы талапкерлерге әр-қайсысы өз пайдасын ғана ойламай, халық мүддесін жоғары санаса, біз де тез заманда кім екенімізді жұртқа танытармыз». Сөйтіп, өз оқушыларын оқу-білімге шақырған қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың «Әсемпаз болма әр неге» атты өлеңімен таныстырып, ақын Абайды «Әдебиет таңы» деп мақаланы қорытындылаған. Газеттің беттерінде бұдан басқа агрономиялық, зоотехникалық және малдәрігерлік кеңестер көптеп жарық көрген. 1911 жыл 27 мамырдағы № 2 санында «Ішкі Ордалық хабарлары» атты мақалада Астрахань қаласынан оба ауруын тексеруге дәрігерлер келгенінен оқырманын хабардар етеді. 1913 жыл 27 қаңтарда шыққан №1 санында Архангельскийдің «Орал облысының мал шаруашылығына көмек» деген мал дәрігерлік инспекторының мал шаруашылығы туралы жазған мақаласын қазақ тіліне аударған.

«Қазақстан» газеті еліміздің түкпір-түкпіріне тарап, олардан хаттар алып отырған. Солардың арасында халқына құрметпен қайта оралған алаштың ардақты азаматы, педогог, публицист Мұстақым Малдыбаев болатын. Ол сонау Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы Айырық ауылы маңындағы Сарықияқ деген қыстауда дүниеге келген. Ауыл молдасынан кейін Тройцкідегі орыс-қазақ мектебінен білім алып, Уфадағы Ғалия медресесін аяқтайды. 1911 жылы Семейде мұғалімдер семинариясында жүргенде сабақ берумен қатар, сол кездің аталы сөзін айтып, жұртты өзіне қаратқан. Сол кезде «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» және т.б. газеттерге мақала жазған. «Қазақстан» газетіне 1911 жыл 1 желтоқсан №2 санында «Қайырлы сағат» атты мақала жазған. Мақалада қазақ бұқарасының мақаласының мәдени өмірі кеңінен сөз болып, жұртшылықтан «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетін қолдауға шақырған.

«Қазақстан» газеті бірнеше рет қаржылай жағынан қиыншылық көріп уақтылы шықпай қалып отырды. Бұл туралы «Қазақ» газетінде былай деп жазылды: «Оралский қаласында он шақты нөмір шығып тоқтаған «Қазақстан» жаңадан шыға

бастады. Оралскіде 27 шақты оқымысты қазақ жастары ішінде Бақытжан Қаратаев бар, бас қосып, «Қазақстан» шығарып жүргізіп жіберу турасында кеңесіпті. Кеңестен соң қылған қаулысы мынау: Сол 27 адам ай сайын алды жиырма сомнан, арты бестен жәрдем бермекші. Бұлайша жинағанда айына жүз жетпіс бес сом ақша жиналатын болыпты.

«Қазақстанның» 27 январьда шыққан бірінші нөмірі басқармамызға келді. Кітап формасында сегіз бет болып басылады екен. Аяғында бір беті орысша» [8].

Газет бетіндегі мақалаларды дерек көзі ретінде қарап ғылыми тұжырым жасаған тарихшылар аз болмаған. «Қазақстан» газетінің тарихын зертеушілер арасында алғашқылардың сапында қазақ мемлекетінің ірге тасын қалаушылардың бірі Сейітқали Меңдешев болған. Ол өз көргендері мен қатысқан оқиғалары туралы 1936 жылы 14 маусымда Орал облысының «Екпінді құрылыс» атты газетіне естеліктерін жариялаған. Бұдан кейін тарихшы ғалым М.Ысмағұловта Астрахань, Мәскеу т.б. қалалардағы «Қазақстан» газеті туралы мағлұмат іздеп, көп ізденген.

Республикалық ғылыми журналдарда немесе кітаптарда «Қазақстан» газеті туралы ғалымдарымыз жинаған мол мұралар заман «қызыл коммунистік» болғандықтан жартылай берілді. Кезінде Е.Бұйрин, Ғ.Қарашев, Б.Қаратаев, С.Меңдешев секілді авторлар болған жер, ел тағдыры, тарих, әдебиет, мәдениет күйі, отарлау саясаты туралы кейбір мақалаларда ашық жазған болатын. Бірақ «Қазақстан» газетін қазақ баспасөз тарихындағы рөлін «оны нағыз прогресшіл, демократияшыл бағыттағы газет деуге болады» дегеннен басқа, артығырақ ештеңе айта алмады [9, 12 б.].

«Қазақстан» газеті өз дәуірінде алдыңғы қатарлы қоғамдық, педогогикалық ой-пікірлерді қазақ еліне уағыздауға тырысқан, қоныстануға, өнер-білім игеруге шақырды. Осылайша, қазақ журналистика тарихындағы толыққанды басылым болып табылатын, ұлтының бостандығы жолында табанды күрес жүргізген саяси орган ретінде танылған баспасөз «Қазақстан» газеті болып қалды.

-
1. Қарашев Ғұмар. Газет деген не зат? Қазақстан. – 1911. – 16 наурыз.
 2. Қазақстан. – 1911. – 15 қараша.
 3. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1916-1920 жж.) Тарихи очерк. – Орал, 2000. – 144 б.

4. Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: ҚР, Орталық ғылыми кітапхана, 1999. – 834 б.
5. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар). – Алматы: Қазмембас, 1964. – 251 б.
6. Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану мұражайы. Ысмағұлов М.Ш. «Қазақстан» газеті туралы. №8715/25. – 83 бет.
7. Қазақстан. – 1912. – 2 қаңтар.
8. Қазақ. – 1913. – 10 ақпан.
9. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан (тарихи очерк). – Алматы: Қазмембас, 1950. – 38 б.

Білім ордасының тұңғыш басылымы

XX ғасырдың 30-жылдарында Қазақстанда мәдениет құрылысын дамыту үшін ұлттық интеллигенция легін дайындау міндеті тұрды. 1932 жылы ірге тасы қаланған Орал педагогикалық институты Қазақстанның батыс өлкесіндегі орта және одан да төменгі буындағы мектептерге мұғалімдер әзірлеуде, сөйтіп халық ағарту саласына мұқтаж кадрлар дайындауда қыруар жұмыстар атқарды [1, 353 б.]. Білім ордасының қара шаңырағы аталған Орал қазақ педагогикалық институты жанынан «Оқу майданы» («Фронт учебы») атты көптиражды газет жарық көріп, бұл міндеттерді орындау бағытында өзінің сүбелі үлестерін қоса білді. Қазақстанның өлкелік партия комитетінің 1936 жылы 22 ақпанда өткен бюро мәжілісінің қаулысымен Батыс Қазақстан облысында жарық көрген көп тиражды газеттердің құрылымын қайтадан беркітті. Осы қаулыда төмендегіше атап көрсетіліпті: «Оқу майданы» («Фронт учебы») айына 6 рет жарық көретін, формат көлемі: 42x29; алдырушылар саны- 1000 адам, таралымы – 400 болып белгіленді» [2].

Бүгінгі таңда бұл газеттің тігінділері Алматы қаласындағы Республикалық Орталық кітапхананың сирек қорлар бөлімінде сақтаулы тұр. Газеттің ұшар басына былайша жазылыпты:

«Сауаттылық үшін күрес-институттың барлық оқушы, оқытушылар коллективінің ісі! «Оқу майданы» Қазақ институты жанындағы партия комитетінің тілі. Әдіресі – Орал қаласы, сәбет көшесі үй №109. Орган парткома Уральского казпединститута.

№2(19). 5-март. 1936-жыл. Жеке саны 10 тиын». Газеттің жауапты хатшысы Ф.Серов болған.

Көп данамен жарық көрген үнпарақ институттың оқытушылары мен студенттері арасында кеңінен таралып, олардың күнделікті өмірдегі тыныс-тіршілігін баяндайтын сүйікті басылымға айналды. Әрине, бұл басылым бетіндегі оқу-ағарту және білім беру туралы материалдардың пайда болуына, олардың мазмұны мен түр-сипатына әсер еткен сол кездегі уақыттың ерекшелігін айтпасқа болмайды.

Міне, осы бағытта «Оқу майданы» («Фронт учебы») көптиражды газетінің бетінде сауатсыздықты жою, студенттер сессиясын ұйымшылдықпен өткізу, олардың бос уақытын ұйымдастыру мен әл-ауқаты мен тұрмысын жақсартуға арналған мәселелер жиі көтерілген. 1936 жылы 5 наурызда жарық көрген №2 санында «Сауаттылықты көтеру жөніндегі жұмысымыз», «Сауаттылық күресінде студенттер авангард болуы керек», «Сауаттылық үшін күрес-мәдениеттілік үшін күрес» деген тақырыпта мақалалар топтамасы жарияланыпты. Тілші Ынтықпай ұлының студенттердің ана тілін толық игеріп, сапалы біліммен қарулануға арналған «Сауаттылықты көтеру жөніндегі жұмысымыз» атты мақаланы оқып көрелік: «...Оқытушылар даярлайтын институттың коллективінде бұл жұмысқа өте қызу түрде кірісіп отыр. Негізгі мақсат сауаттылықты жоғарғы сатыға көтеру. Оқытушылар даярлайтын институт оқушыларының сауаттылығын білу жөніндегі жұмыстар мынадай кемшілікті тапты: ана тілі мен орыс тілінен жазудан және сөйлеуден көп кемшіліктер шықты. Мысалы үшін қазақ тілінен 120 сөзден құралған хат жазу жаздырылды. Хат жазудың текстісін жазған оқушылардың саны 68 кісі еді. Бұл жазғандардан табылған қателер мыналар: орфографиядан 93 қате. Сонда бір оқушыға 4,5 келеді. Тыныс белгілерінен 610, қате бір оқушыға 9,5 келеді қате. Барлық қатесі 703 сонда әр бір оқушының жазуынан шығарылған қате 11 ден келеді.

Орыс тілінен хат жазуды жазған оқушылардың саны 38. Орфографиядан шыққан қатесі 100, сонда бір оқушы 3,2 тыныс белгілерінен 134 қате. Әр оқушы сайын 4,1 қате шығарған болады. Барлығын қосқанда 274 қатесі бар, бір оқушыға 73 қатеден келеді. Оқушылар даярлайтын негізгі жұмысының бірі алдағы жылда негізгі бөліміне оқушылар даярлау. Қазірде 8

айлық даярлық бөлімі бар. Бұлардың ана тілі мен орыс тілінен білімдерін сынағанда 412 орфографиялық 96 тыныс белгілерінен қате шықты. Бір оқушы 4 орфографиялық 6,5 тыныс белгісінен...»,- деп институттағы білім алып жатқан студенттердің білім дәрежесі ешқандай сын көтермейтіндігін айта келіп, одан әрі осы кемшіктерді жоюдың шараларын көрсеткен [3]. Бұл мақалада газеттің полиграфиялық жағы ешқандай талапқа сай еместігі де айқын аңғарылады. Баспахана қорында тыныс белгілері мен әріптер бол- мағандықтан мақаланың текстісі сауатсыз беріліпті, оқу да қиынға соқты.

«Сауаттылық күресінде студенттер авангард болуы керек» атты мақалада III курс әдебиет факультеті студенттері орыс тілінің орфографиялық ережелерді терең меңгерудегі жұмыстарынан есебі беріліпті. Есқали ұлы, Сәлен ұлы, Нұрапа ұлының звеноларының алда келе жатқанын көрсеткен. Газеттің осы санында «Газетке сын» атты мақала жарияланыпты. Мақала - сол кезде саяси өмірде қылаң бере бастаған тап жауларымен күресте аппортыншыл бағытты сынаған: «Екі жылдық оқытушылар институтының жақын арада шыққан 3-санды «Ағартушылар» атты газеті неше түрлі теріс жазылған. Есимев пен Сусимовтың саяси қате өлеңдерін, Кәримовтың нем кетті жазған мағынасыз мақаласын әбден қарамай, жүйелеп тәртіпке келтірмей қалай-солай жаза салған. Соның салдарынан газет көпшіліктің жүрегін айнытып былықтың ұясы болған. Есимов «Біз комсомол» деген өлеңінде кәзір кезіндегі тап күресінің күшейгені тап жауларының қалдықтарды түгелдей құрту үшін күресіп жатқан партияның қажырлы күресін екінші бесжылдықтың саяси міндеті - шаруашылықта, адам санасында да капитал қалдықтарын жою екенін түгелдей есінен шығарған. Есимовше біз «жаңа ғана тап жауларына көз салып жүрміз» дейді. Өлеңі:

«Саясаттың бәрін танып,

Тап жауына көз салып» дейді коммунист партиясының тап жауларына тек көз салып отырған кезі болған жоқ. Әр кезде де шын күресіп отырды. Бұл өлеңнің іші «түтін, сырты бүтін». Оқушылардың жүрегін айнытады...» деп, студенттер арасында орыс драма үйірмесі институт құрылғаннан бері жұмыс істейтіндігін айта келіп, 2 пьеса қойғандығы, қазақ топтарының алғашқы қойылымы 29 януар күні «Қанды таяқ» пьеса

қойғандығынан хабар береді. Автор болашақта мақала жазғанда сауатты, нақты пікірлерді жүйелеп жазып оқырмандарға дұрыс хабарлар беру керектігін ескертеді.

«Біздің практикамыз» атты мақалада III курс тіл-әдебиет факультеті студенттерінің орталау қазақ мектебіне барып оқыту мен бақылаумен қатар, сабақ бергені жазылыпты. Студенттердің көпшілік алдына алғашқы шыққандағы ішкі толқынысы баяндалып, институттың методист оқытушысы ж. Воровьевтің ақыл-кеңесі үлкен көмек болғандығына риза болады.

Газеттің 1936 жыл 8 наурызда жарық көрген №3 санының беттері халықаралық әйелдер күніне арналған. «Дүниежүзілік коммунистік әйелдер күні», «Нағыз бақытты әйелдер» атты мақалалардың мазмұны осы мерекеге арналған. Осы нөмірде «1936 жылғы зачеттар мен мемлекеттік білім сынау» атты мақалада институттағы білім сапасын тексеруге арналған сынақтарды ұйымдастыру жайы көрсетіліпті. Оқып көрелік: «Ендігі жерде зачеттар семестр аяғында жиналып барып өткізілмей, әрбір пәннің курсы бітісімен жүргізіледі. Мысалы, тіл - әдебиет факультетінде март айынан басталады(III курста педагогикадан), ал апрельде барлығынан болады.

1936 жылы жазғытұры біздің институтты бірінші рет оқушылар бітіреді. Бірінші ретте мемлекеттік білім сынау жүреді - бұл ақырғы оқу этапы, біздің студенттердің орталау мектебіне өз бетімен жауапты жұмысқа даярлығының қаншалық екені шын ақырғы рет сынау, байқау болады. Бұрынғы диплом жұмысы студенттердің білімін терең жеткілікті сынай алмады. Студенттердің педагогикалық әзірлігін, жан-жақты қулықтарын толық аша алмаса, педагогика жолы негізгі пәндер профилі - мемлекеттік білім сынау болашақ оқытушылардың әзірліктерін мұндай жағдайды ашады» - деп олардың білімді терең игеру жолында қосымша курстар ұйымдастыру, консультация беру т.б. алға тартады [4].

«Оқу майданы» көптиражды газетінде Орал 2 жылдық мұғалімдер даярлайтын институттың комсомол ұйымындағы есеп-беру жиналыстарының барысы туралы комсомол комитетінің хатшысы ж.Монтиннің «Сайлау жиналыстарының тапсырмаларын орындау күресіндеміз» атты мақала жарық көріпті. Ұйымда есепте тұратын 115 комсомол мүшелерінің 95

пайызы жақсы оқитындығы, себепсіз сабақ жібермейтіндігі атап көрсетіліпті.

Студенттердің арасында әдебиетке құштар талапты, талантты жастар аз болмаған. Солардың біріне «Айсағали талапты ақынымыз» атты мақала арналыпты: «Айсағали Құбаш ұлы 1915 жылы туды. Негізі батырақ, жасынан жетім қалып, қорғансыз өскен. 1928-30- жылға дейін ауыл мектебінде 32-жылға дейін Жаңа қала 7-жылдық мектебінде болған. Қазір III-К, тіл-әдебиет фак.оқиды. Кеше ғана аштықты ас етіп, жоқтықты жұлып жеген Айсағали бүгін кедейліктің қырын сындырып, Октябрь таңының сүтін ішіп ер жетті, тәрбиеленді. Институтке келгелі көпшілікке бетін көрсетіп, 25 деген өлеңдер жазған. Әлде де коммунистік тәрбиені терең алып жазушылықты ұлғайтпақ, өспек. Жазушылық жолына Жұмалы ұлы (ғалым Қажым Жұмалиев болуы мүмкін-Қ.С.) тынымсыз тәрбиелеп, 20 шақты жазушылардың жемісін көрсетті: Сонымен Құбаш ұлының бұл жолдағы ісіне Жұмалы ұлы «жан тәнімен» іс етті. Өткен әдебиет үйірме жұмысының 4 ж.қорытындысында сыйлық алды. Құбаш ұлының өсіп, жемісті қызметіне Жұмалы ұлы ақырына дейін жәрдемін бермек Айсағали өспек. Р» - дей келе, Орал қаласына арналған «Екпінді қала» атты өлеңін беріпті.

...Талқандап қиындықты жеңген қала,
Шомылып күн торына енген қала.
Үш жылда он рет сыйлық алып,
Сайрандап Москвадан келген қала.
Екпінді кейінгіні жасау үшін,
Көмегін көпшілікке берген қала.
Асқардан аса шауып, атой салып,
Секондтап білім жеміс терген Қала.
Бір туып Октябрьмен бірге өсіп,
Аспандап бұлтын сүйіп емген қала.
Ұлы күш асқақтаған асуларда,
Қажымас қайратына сенген қала.
Ал, қала ескен желдей есер күнін,
Екпін мен болат сауыт тесер күні.
Атақ ап, шын ударник өндірісте,
Тетігін барлық істің шешер күнін,
Тап келдің бақыт өрлеп атқан таңда,

Күн күліп, жарқыратып жаққан шамға,
Екінші бесжылдықта тапсыз қоғам,
Құруы ұлы міндет жатыр алда.
Тап жауын ақырғы рет талқандайтын,
Күрестің майданында шаршап талма.
Қайнаған жаңа өмірдің қарқынымен,
Қоздатып жігерінді өршіт алға.

22-11-36-ж».

Басылымның осы санында институт жанындағы қоғамдық ұйымдардың бірі оқушылар комитетінің жанынан құрылған жәрдем кассасының жұмысына көңілі толмаған студенттердің пікірі «Еске алатын жұмыс» деген мақалада баяндалып, тұрмысы нашар студенттерге көмекті дұрыс беруге жол сілтепті. Сондай-ақ, жиналған мүшелік жарнаны талан-таражға салу фактісі бар екендігін ескертуді ұмытпаты.

Газеттің орыс тілінде «Фронт учебы» атымен жарық көрген сандарында да институт өмірі кеңінен көрсетілген. Оқу сапасын арттырып, жан-жақты білімді мұғалімдер дайындап шығару жолындағы көкейтесті мәселелер жиі көтеріліпті. Солардың қатарында 1936 жыл 5 наурыз №2 санында жарық көрген «Как работает по грамотности III курс лит.фак.» атты мақала бар: «III курс литературного факультета настойчиво борется за овладение орфографическим минимумом по русскому языку. Студенты работают дополнительно по вечерам, разбиваясь на звенья. Почти ежедневно в общежитии под руководством наиболее грамотных студентов проводится грамотных студентов проводится диктант, разбираются и заучиваются орфографические правила. Особенно энергично работают звенья т.т.Шаленова, Искалиева, Нурафина.

К концу учебного года ни одного малограмотного студента не должна быть на III курсе – таков наш лозунг» [5].

Газеттің осы санында республикада халық ағарту саласында мамандар дайындаудың кең құлаш жаюуына байланысты, Орал педагогикалық институтының жаңа оқу корпусын салу туралы үкіметтің маңызды қаулысын «Хроника» айдарымен берілген:

1) Наркомом по просвещению тов.Бубновым утверждены генеральный план и смета строительства учебного корпуса для нашего института. Строительство рассчитано на два года. Всего по смете утверждено 2 162, 2 тысячи рублей.

2) Начальником строительства учебного корпуса назначен инженер Любовский, который приедет в Уральск к 15 марта.

3) Наркомпрос РСФСР намечает в марта месяце с.г. провести совещание директоров, на котором будут обсуждены важнейшие вопросы учебно-производственной работы и подготовки к новому учебному году.

4) В этом году институт дает первый выпуск преподавателей для средних школ. Выпускники назначаются в разные области Казахстана. Трое выпускников уедут на работу в Каракалпакию. Перед выпуском предполагается организовать для выпускников экскурсию в Москву.

5) Наркомпрос РСФСР установил осенний прием 1936 г. для Пединститута в количестве 120 чел. и для Учительского института 120 ч.

В ближайшее время институт опубликует правила приема на 1936 г. В этом году будут значительно повышены требования к поступающим. Особое внимание будет обращено на грамотность вновь принимаемых».

Газет Орал қаласындағы облыстық жергілікті өнеркәсіп(облместпром) баспаханасында 600 данамен басылып шыққан.

Әдебиет факультетінің деканы ж.Бойконың «Повысить требования ликвидировать либерализм» атты мақаласында 1935-1936 жылға арналған оқу бағдарламасын игерудегі студенттер жұмысына тоқталып, қорытынды сынақтарын мұқият өткізуге, ешқандай «қанағаттанғысыз» бағаның болмауына міндеттепті. Институттың үздік оқушыларын материалдық ынталандыру шаралары да ұмыт қалмапты. 1936 жыл 23 мамырдағы №6 санында Айтмағамбетовтың «Лучших отличников – на курорты и в дома отдыха» атты мақала осының айқын дәлелі: «Дирекций и профкомом Института дана заявка Союзу начальных в Средних школ о представлении нашему Институту 15 бесплатных и 18 платных мест на различные курорты и в дома отдыха. В нашем доме отдыха в летнее время будут отдыхать около 90 человек. По окончании учебного года на курорты и в дома отдыха в первую очередь будут посылаться лучшие отличники учебы, слабые здоровьем и ударники строительства. Сейчас уже получено 2 бесплатных места (одно- курорт в Крыму, другое – Алма-Атинский дом отдыха) [6].

Сондай-ақ, газеттің осы санында жарияланған ж.Волковтың «Выдем в лагеря организованно!» атты мақаласында 1936 жылы 14 маусым күні ІІ курс студенттерінің Осоавиахимның әскери-физкультуралық лагеріне осымен үшінші рет барғанын хабарлапты. Лагерьде студенттер өз Отанын қорғау үшін әскери білімдерді игеру жолында «Ворошилов атқышы», «ГТО» мен «ПВХО» нормаларын ұйымшылдықпен тапсырғаны атап көрсетіліпті. Газеттің бұл саны аталмыш баспаханада 700 данамен басылып шыққан.

Бүгінде 75 жылдық тарихы бар, М.Өтемісов атындағы мемлекеттік университетінің тыныс-тіршілігі туралы институт ректоры, тарих ғылымының докторы, профессор З.Т.Рысбеков «Егменді Қазақстан» газетінде «Тарихты шындықпен, парасатпен ғана көтеруге болады» атты мақаласында тереңірек тоқталыпты [7]. Қазақстанның батыс өлкесіндегі білім ордасының қара шаңырағы атанған осы оқу орнының педагогикалық мамандар дайындауда қол жеткен табыстары ұшан-теңіз. Сол табыстар айдынында республикадағы оқу орындары қабырғасында тұңғыш рет жарық көрген көп тиражды газеттердің бірі «Оқу майданы» («Фронт учебы») да қосқан мол үлесі бар. Бүгінгі білімі шыңына өрмелеген жас ұрпақ осыны ұмытпуды тиіс!

-
1. Қазақ ССР тарихы ІІ том.Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. Алматы, 1961.- 780 б.
 2. Қазақстан Республикасының Президентінің мұрағаты 141-к., 1-т., 10603-іс, 124-п.
 3. Оқу майданы. –1936. – 5 наурыз.
 4. Оқу майданы. . –1936. – 8 наурыз.
 5. «Фронт учебы». –1936. – 5 марта.
 6. «Фронт учебы». –1936. – 23 мая.
 7. Егемен Қазақстан. – 2007. –19 қыркүйек.

«Үлгі ауыл» газетінің тарихынан

(Бұл мақала тарих ғылымдарының докторы Ә.Қ.Мұқтармен бірігіп жазылды)

Баршаға аян, 1930 жылы республикамызда округтердің таратылуына байланысты аудандық газеттердің және төменгі буындағы баспасөздің дамуы жаңа қарқын алды. Халық шаруашылығын өркендету деп аталған екінші онжылдықтың басында газеттердің жаңа типтері - аудандық газеттер шықты. Тек сол жылы республика басшылары жаңадан 64 газет ұйымдастыруға шешім алды. Жалпы, 1928 жылы Қазақстанда 30 газет 173 мың таралыммен шықса, 1930 жылы оның саны 62 болып, таралымы - 355 мыңға, 1931 жылы 93 – 418 мың данаға жеткен [1]. 1931 жылы 13 қарашада өткен өлкелік партия комитеті секретариатында «Аудандық және төменгі баспасөз жұмысына басшылық туралы» қаулы қабылдап, республика полиграф басқармасына 14 баспахана алуға және 9 баспаханаға күрделі жөндеу жүргізіуге қаржы бөлді. Сондай-ақ, 21 ауданда әйнекпен басқыш (истелиограф) құралымен, маман кадрлармен қамтамасыз етуді тапсырды. Қаулыға сай, 1932 жылдың наурызына дейін республиканың өзге өңірлері секілді Орал қаласында аудандық газет редакторларының және баспахана қызметкерлерін дайындайтын курстар ашу, ауыл-село тілшілерін газеттерге жұмысқа қабылдау, совхоз - колхоздар жанындағы МТС жанынан көп тиражды газеттер шығару үшін 320 көптиражбен шығаратын аппарат алу және т.б. міндеттелді [2].

Республика өміріндегі экономикалық-әлеуметтік дамуындағы колхозға ұжымдастыру, тап тартысын жою және т.б. секілді ұлан-ғайыр жұмыстарды жүзеге асыруда аудандық газеттерге көп міндеттер жүктелді.

1931 жылы 13 қаңтарда өлкелік комитеті Секретариатының №80 мәжілісінде қабылданған «Аудандарды нығайтуға байланысты аудандық газеттердің жәйі» атты қаулысына сәйкес, республиканың өзге аймақтарындағы баспасөзінде болған қайта құруларға сай, Орал өңірінде: «Трактор» - Орал тұқым совхозы, «Төңкеріс жолы» - Талов аудандық газеттері болып беркітілді. Орал қаласында шығатын «Промкооператор» газеті жабылып, «Красный Урал» газетімен бірікті. Сондай-ақ, осы өлкедегі Шыңғырлау ауданы үшін Ақтөбе округіне қарасты - Ақбұлақ, Мартук ауданында тұратын өзге ұлттар (орыс, украин - Қ.С.)

үшін газет ашылып, Мәскеуден келген 4 толық баспахананың біреуі осы Ақбұлаққа берілді [3].

Енді, осы мезгілде Орал ауданында жарық көрген қалалық «Үлгілі ауыл» газетіне тоқталсақ. Жоғарыдағы территориялық өзгерістерге байланысты Оралда шығып тұратын қазақ газеті «Қызыл Ту» Жымпиты ауданына көшіп келді. Мұның өзі Орал қаласындағы және шаһарға жақын орналасқан ауылдарда тұратын қазақтар үшін газет хабарларын оқу қиынға соқтырды. Міне осыған сәйкес, Орал қаласы мен оның төңірегіндегі тұрғындар үшін өз ана тіліндегі газет ашуды күнделікті өмірдің өзі талап етті.

Сөйтіп, 1930 жылы 21 қазан күні өткен Орал аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде газет шығаруға шешім алынды. Қаулыда аудандық атқару комитетіне 1 тәулік ішінде басылымды шығаруға қажетті қаржы мөлшерін, барлық материалдар мен кадрлар құрамын, және т.б. жоғарғы үкіметке хабарлау үшін хат әзірлеуді тапсырды [3, 71 п]. Сол күні редакцияның құрамына Ысмағұлов, Жұмашев және Мадалиев жолдастар енгізілді. Кейін осы мәселе 1931 жылы 16 қаңтарда өткен Орал аудандық партия комитетінің №52 бюро мәжілісінде кеңінен талқыланып, газеттің редакторлығына Мадалиев(Мәделі ұлы) жолдас беркілді. Осылайша, 1930 жылдың 1 желтоқсан күні «Үлгілі ауыл» газетінің бірінші нөмірі дүниеге келіп, газеттің шығуын асыға күткен жергілікті тұрғындарды бір серпілтіп тастады. Газеттің алғашқы нөмірінің қалай шыққандығын газет редакторы болған М.Бекжанұлының 1931 жылы 27 қаңтар күні өлкелік партия комитетіне жазған мына хатынан айқын аңғаруға болады: «Газеттің 2 шығуында халыққа көрсетіп таныстыру үшін 500 дана шығарып екінші - үшіншісін январьға дейін қақысыз (ақысыз - Қ.С.) жібердік. Қазірде алдырушыларымыз 1000-нан артты.Газет басқармасының пікірінше, жылдық саны 3 мың болады. Олай дейтініміз, Орал аудандық комитетінде 30 әкімшілік қазақ ауылы, 7 ірі кеңес шаруашылығы бар.Онда істейтін қызметкерлердің көпшілігі қазақ» [4].

Сөйтіп, газет 5 күнде 1 рет шығып тұрды. Алғашқы кезде баспахана жұмысшылары мен газет ісіне төселген қаламы жүйрік тілшілердің аздығы көп қиындық келтірді.Осы кезде жергілікті өкімет органдары арқылы Ордада шығып тұрған «Жаңа жол» газетінен 1 жұмысшы көмекке келеді. Жергілікті жастардан

баспаханаға 3 үйренуші дайындалып, бұрыннан бар 1 адаммен газет тұрақты шыққан. Алғашқы кезде босатылған редактор болған жоқ, газетке редакция алқасы, одан кейін аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Мәдәлі ұлы (Мадалиев) қол қойып отырды. Газеттің әкімшілігінде 3 адам: хатшы, корректор және іс жүргізуші болды. Осылардың қажырлы, күш жігері арқасында газеттің 12 саны тоқтаусыз шыққан. Саяси құрылымы мемлекеттік орган болғандықтан республикалық, облыстық газеттер секілді аудандық «Үлгілі ауылда» жергілікті басқарушы биліктің бағытын ұстады және одан ауытқи алмады. Енді 1931 жылға арналған «Үлгілі ауыл» газетінің сметасына тоқтала кетсек. Газет 2500 данамен таралып, бір жылдық жазылу бағасы 3 сом 50 тиын болып белгіленді.

Жоғарыда айтқандай, газетке әр уақытта редактор ретінде әр адам қол қойып келді. Кейін бұл мәселені шешкен жергілікті партия комитетінің хатшысы Алматыдағы өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімінің меңгерушісі Ж. Садуақасовқа төмендегідей мазмұнда телеграмма жіберді: «Оралдық «Үлгілі ауыл» газеті тұрақты шығуда. Бекжановты редакторлыққа бекітуге келісеміз. Барнбейм» [4, 117 п].

Сондай-ақ, көп ұзамай шыққан 1931 жылы 20 мамырда республикалық Баспа ісі жөніндегі комитетінің «III тоқсанға арналған аудандық газеттердің таралымы, шығу кестесі мен оларды қажетті қағазбен қамту жүйесі» атты қаулысына сәйкес, Орал қалалық «Үлгілі ауыл» газетінің форматы 580 x 820; Шығу кестесі 6/12; Таралымы - II тоқсанға - 500, III тоқсанға - 5000 дана болып беркітіліп, газет шығару үшін 2,5 тонна қағаз бөлінді [5].

Осы «Үлгілі ауыл» газетінің алғашқы сандарын іздеп жүріп, Қазақстан республикасының Ұлттық кітапханасы сирек қоры бөлімінен таптық. Онда 1930 жылдың 1 желтоқсанынан бастап шыққан № 1 нөмірінен бастап – 3 саны, 1931 жылғы қаңтар және наурыз айларындағы № 8, 15, 16, 17, 18, 19 сандары сақтаулы тұр. Газет 1931 жылдың 8 наурызынан бастап «Үлгілі кеңес» деген атпен жарық көрген. Енді осы газеттің № 8 санындағы басылым туралы берген мына бір анықтамасына көз жүгірте кетсек орынды болар:

«Газеттің атауы: «Үлгілі ауыл». Басқарма адресі: Орал қаласы. Рабочая көшесі, 32- үй. Телефон саны: 64. Бес күнде

шығатын Орал аудандық партия комитеті мен аудандық атқару және кәсіпшілер одағының газеті. №8. 1931 жыл. 12 январ. Газетке жазылу бағасы: 1 айға – 40 тиын, 3 айға - 1 сом, 6 айға - 1 сом 80 тиын, 12 айға - 3 сом 50 тиын деп жазылған» [6].

Алғашқы екі нөмірінің алғашқы беттері арапша және латынша да қоса беріліпті. Қазақ тарихында халықтың көп жыл бойы пайдаланғаны араб графикасы болғанын көпшілік біледі. Араб алфавиті қазақ сөзін жазуға онша ыңғайлы бола қоймағандықтан заманымыздың бір туар адамы Ахмет Байтұрсынұлы араб емлесіне бірсыпыра өзгерістер енгізіп, қазақ сөзін түсінікті жазуға болатындай жағдай жасады. 1924 жылы 12 – 18 маусымда Қазақ АКСР-нің сол кездегі астанасы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының бірінші сиезінде осы мәселе қабылданды. Ол жаңалық «төте оқу» деген аталып, біраз жыл қазақ жазбаларында, баспасөздерінде 1928 жылға дейін пайдаланған болатын. Үкімет қаулысы қазақ еліне латын алфавитін пайдалануды бұйырғанда газет шығарушылары да, оның оқырмандары да бірден оқуға дайын болмағандықтан, газет бетіне екі алфавиті қатар пайдаланып шығарыпты.

Газеттің 1930 жыл 1 желтоқсандағы № 1 санында-ақ сол кездегі басты мәселе халықты оқу - білімге шақырған мақалалар топтамалары беріліпті.

Жаппай оқу ұмтылмасын

«Жақында аудандық жұмыскер қара шаруа инспекциясы жаппай оқу қызметін тексерді. Ауыл, деревнелерде мектеп жасындағы 8 бен 11 жастың арасындағы балалардың 91,6 % , қалада 91,2 % қала мектептеріне тартылған. Ересек балалардың - 12 мен 15 жастың арасындығылардан 77%, қалада 92,9% мектепке тартылған. Қазақ ауылдарында мектеп жасындағы балалардың 72 % қана мектепке тартылған» [7]. Жастарды оқу білімге шақырып үндеу тастаған, саутсыздықты жоюға арналған осы нөмірдегі «Қазақ колхоз жастары үшін мектеп ашылды» деген мақала бар. Оқып көрелік: «1 -ші январдан бастап Педірівкеде (Федоровка - Қ.С.) қазақ колхоз жастары үшін 7 жылдық мектеп ашылады. Биылғы жылы кемінде 100 бала алынады. Бір кемістік қазақ оқытушылары жетімсіз. Қысқа мерзімді курстарда шыққан кісілер көп жерлерде оқытуға жарамай жүр».

Сол кездегі ауылдағы ұжымдастыру кезіндегі орын алған бассыздықты, атқамінерлердің қарапайым халықтың еңбегімен жинаған мүлкін талан-таражға салғандығын аяусыз әшкерелеген «Мұқтар ұлының былығы» атты мақалада орынды атап көрсетті.

«21 –ші ауыл кеңес ағасы Мұқтар ұлы байлармен ауыз жаласып арақ ішіп, мал сойдырумен жүргенде егін қалай өткізгенін білмейді.Бұл ауылда 1 желтоқсанға дейін жылдық астық дайындау жоспарының 23,7% ғана орындалған.

Білген» [8].

«Үлгілі ауыл» газетінің беттерінде тек қана ауылдың күнделікті өмірі беріліп тұрған десек қателескен болар едік. Газет ұжымы жергілікті тілшілермен байланысты жолға қойып, өз қатарына жазуға икемі бар оқырмандарды тарта білген. Айталық, газеттің 8 желтоқсандағы N 2 санында басылған мына бір тәп- тәуір өлеңнің өзі неге тұрады !

Ысырып таста араңнан
«Кірістің кедей ауылда,
Кезекті кеңес сайлауға.
Енбекші еніп қауымға,
«Құқ»- ты қуып айдауға.
Тыңда жарлы-көпшілік,
Санас ескі кеңеске...

С.Байғабыл ұлы».

Газетті қалың оқырмандар арасында кеңінен тарату мақсатында оқушылардың үлкен көмегіне сүйенген мынадай «Газетке ат салысайық» мазмұнда мақала беріліпті: «Үлгілі ауылдың 2-санындағы жолдас Меңдеш ұлының шақыруын қабыл алып менде мына төмендегі жолдастарымды шақырамын: Адам дәрігерлік техникумынан: Әділбек ұлы, Жайназар қызы, Шүкір ұлы, Жақсылық ұлы, Есебек ұлы, Қайранбай қызы. Педтехникумнан:

Кеңсе партия мектебінен:Еспан ұлы, Есқазы қызы газет бетінен қабыл алған жауаптарыңызды күтем.

С.Байғабыл ұлы» [9].

Газет үкімет пен партияның тілі болғандықтан да сол мазмұнда болатыны белгілі жәйт. 1928 жыл мен 1932 жыл аралығындағы елдегі саяси жағдай қандай болғандығы кәзіргі оқырмандарға тарихи мәліметтерден белгілі. Міне осылайша сол кезде жарық көрген аудандық газеттердің барлығы да сол кездегі кеңес үкіметінің ауылдағы ұжымдастыру, тап жаулары деп танылған бай - құлақтарға қарсы күрестің шабандығы, үкіметке

мал дайындау, егін салу оны жинау және т.б. осы тақырыптағы шаруашылық мақалалары жиі беріліп отырған.

Газеттің 1931 жыл 14 ақпандағы №15 санындағы «Бай кулактарға қысым бермегендерді қысу керек!», 20 ақпандағы №16 санындағы «Байдың жылағаны табылып, көмгені ашылды» деген мақалалар осының куәсі. «Байдың жылағаны табылып, көмгені ашылды»

– 11 ауылдағы бай Мұқаш ұлы Омарғали астық дайындауда қарсылық, қасақаналықпен артық астығын бермегендіктен, аудандық халық білімінің көшпелі сессиясы 5 жылға жер аударған, ізінше екпінді бригадирлер Омарғалидың 2 ұрасын тауып, 30 пұт 30 қадақ бидайын шығарды. Міне, бұл, жоқ деген оңшылап аппортыншылардың, барды көрмейтін көзсіздігіне, партияның сара жолының әрқашанда дұрыстығына айқын куә. Анығын білген» [10].

Ауылшаруашылық жұмыстарындағы қырсыздықты сынаған мына хабарды оқысақ: «15 ауыл тасбақа адымын ашсын

«Жазғы егіске ауыл көлеміндегі жыртылатын жерге 17 центнер тұқым керек болса 5 қаңтарға дейін құйғаны, 160 килограммы 15 ауылдың жәйін күтпейді. Жазғы егіс күнбе-күн жақындап келеді, құрал сайманның ондалуы, жұмыс көлігінің күтілуінен хабар жоқ»[11].

Осы нөмірде «Балалар комиссиясының қызметі нашар» деген мақалада сол кезде қаладағы балалар үйінің жұмысын жолға қою, комиссия құрамын жаңа мүшелерден толықтырып, жаңа құрамға тез арада қорғансыздықты жою туралы жоба жасап келешек атком отырысына тапсыруды жүктейді және екі жұманың ішінде бағым үйлерінің мұң-мұқтаждарын анықтап шешіп болуды тапсырды. «Красный Урал» мен «Үлгілі ауыл» газеттерінің бетінде үнемі осы мәселені жазып отыруды тапсырған комиссия мәжілісінің есебі жарияланған.

Газет қалада білім қуған оқушылар арасында кеңінен тараған. Олардың күнделікті тұрмысы мен оқуын ұйымдастырудағы оралымсыздықтар туралы газетті алдырып оқитын жастардың өздеріне қалам алуға итермелеген. Төмендегі тілші С. Тілепбергеннің «Бірінші асханада тәртіп жоқ» деген мақала осыған айғақ: «Орал жұмысшы кооперативінің студенттерге арналған №1 асханасында тәртіп жоқ. Ертеңгі тамақ түскіге, түскі тамақ кешкіге араласады. Ішіне кірсең опыр-топыр, отырғаны отырады, отырмағаны түрегеліп тұрады. Жүретін жол, ине шаншар бос орын жоқ. Иқылдап, теңселіп тұрғаны. Қиып етсе төбелес. Таяқты көп жейтін ауылдан және келген үйренбеген қазақ балалары» [12].

Алғашқы сандары 500 данамен шыққан Орал қалалық «Үлгілі ауыл» газеті кейін өз оқырмандары тарапынан кең қолдау тауып күн санап қатары арта түсті. Қаладағы №194 Луначарский атындағы мемлекеттік баспаханасында 1500, кейін 5000 таралыммен шыққан газеттердің барлығына дерлік редактор М.Бекжанов, тек қана №18 санына уақытша редактор Сепетов қол қойыпты.

Қорыта келгенде, «Үлгілі ауыл» - уақыттың үніне ілесіп, мүмкіндігіне қарай өзіне жүктелген тапсырманы орындады. Газет бетінде жарияланған мақалалар, ондағы келтірілген мәліметтер - бүгінгі тарихымыз үшін таптырмас деректер. Дегенмен, олардың барлығына қатаң тарихи сыни көзқарас қажет екендігін баса ескертеміз.

1. Печать Казахской ССР за 50 лет (1917-1967 гг.). Статические материалы.

– Алма-Ата: «Казахстан», 1969. – 45 с.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ) 141-қ., 1-т., 3821-іс, 523- п.

3. ҚР ПМ 141-қ., 1- т., 3627- іс, 54- п.

4. ҚР ПМ. 141- қ., 1-т., 3677 - іс, 76- п.

5. Қазақстан Республикалық Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ) 81- қ., 1- т., 1611- іс, 13 п.

6. Үлгілі ауыл. –1931. – 12 қаңтар.

7. Үлгілі ауыл. – 1930. – 1 желтоқсан.

8. Үлгілі ауыл. –1930. – 8 желтоқсан.

9. Үлгілі ауыл. – 1930. – 15 желтоқсан.

10. Үлгілі ауыл. –1931. – 20 ақпан.

11. Үлгілі ауыл. – 1931. – 12 қаңтар

12. Үлгілі ауыл. –1931. – 15 ақпан.

Орал облыстық баспасөзінің тарихынан (1932-1938 жж.)

Қазақстанның өз ішіндегі әкімшілік-территориялық бөлініске байланысты 1928 жылы 17 қаңтарда Орал губерниесі округтерге айналып Гурьев және Орал аудандары құрылуымен, осы өңірге тарап тұрған «Қызыл ту» газеті Жымпитыға көшіріледі. Мұның соңы Орал қаласы мен қала төңірегіндегі қазақтар үшін өз ана тілінде газет оқуын қиынға түсірді. Жергілікті халықтың ұсынысына орай 1930 жылы 21 қазан күні өткен Орал аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде «Үлгілі ауыл» газетін шығару үшін редакциялық алқа құрылып, газетті ұйымдастыру жұмысы басталып кетеді [1]. Көп ұзамай 1930 жылдың 1 желтоқсаны күні аталмыш газет жарық көріп, сусындап қалған жергілікті оқырмандардың сүйікті басылымына айналады. Кейін басылым 1931 жылдың 8 наурызынан бастап «Үлгілі кеңес» атауына ие болып, қаладағы №194 Луначарский атындағы баспаханада 1500 данамен басылды. Редакторлығына М.Бекжанов қол қойып отырған.

1932 жылы 8 ақпандағы Қазақстанның жоғарғы үкіметінің қаулысына сай Батыс Қазақстан облысы құрылғанда, енді қайтадан осы дәрежедегі басылымды шығару міндеті тұрды. 1932 жылы 6 наурызда өткен ВКП(б) Батыс Қазақстан облыстық комитетінің ұйымдастыру бюросының №5 мәжілісінде газет құру мәселесі талқыланып, төмендегідей қаулы қабылданады (Түпнұсқа):

«Тыңдалды: 1. «Облыстық газеттерді ұйымдастыру».

- а) Газеттердің атауын белгілеу.
- б) Жауапты редакторларды беркіту.
- в) Газеттің таралымын белгілеу.

Қаулы етеді:

- а) Орыс тіліндегі газетке «Прикаспийская Правда» атауы берілсін.
- б) Қазақ тіліндегі газеттің атауын анықтап, келесі бюро мәжілісіне дайындау жж.Арықова, Ибраев, Ақдәулетовтерге тапсырылсын.

2. Газеттің жауапты редакторлары тағайындалсын:

- а) Орыс тіліндегі «Прикаспийская Правда» газетінің редакторлығына ж.Шилкин(Александр-Қ.С.).

б) Қазақ тіліндегі газеттің редакторлығына ж.Ибраев(жауапты редактор, кейін «Социалды Қазақстан» газетінің тілшісі-Қ.С.).

3. «Прикаспийская Правда» газетінің №1 санын осы жылдың 8 наурыз күні, ал қазақшасын 9 наурызға шығару белгіленсін.

4. «Прикаспийская Правда» газетін алты күнде 5 рет, қазақ тіліндегі газетті күнара шығару(алты күнде 3 рет) болып белгіленсін.

5. Аталмыш облыстық газеттер: ВКП(б) обкомы ұйымдастыру бюросының, облатком ұйымдастыру комитетінің, облыстық кәсіподақ кеңесінің ұйымдастыру бюросының, ВКП((б) Орал аудандық, атқару комиттеттері және аудандық кәсіподақ комитетінің үні болып табылсын.

6. «Прикаспийская Правда» газетінің көлемі 115x82 форматпен, таралымы 15.000 данамен және қазақ тіліндегі газет осы көлемде, таралымы 10.000 дана болып шығарылсын.

7. 1932 жылға газет шығару үшін қағаздың мөлшері орыс тілінде: көлемі 115x82 форматқа 30000000 парақ немесе 90 тонна, қазақ тіліндегіге 750000 парақ немесе 2100 тонна болып белгіленсін.

ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетіне КСРО Халық Комиссарлар жанындағы баспа ісі комитетінен облыстық газеттерді белгіленген мөлшерде қағазбен қамтамасыз етуге ұсыныс беру сұралсын.

8.Облыстық газеттерді шығаруға бүгінгі бар газет қызметкерлерінің күші жетіспейтіндігі атап көрсетілсін.

«Прикаспийская Правда» газеті редакциясының қарамағына жж.Маевский мен Руденко жіберілсін.

ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетінен газет қызметкерлерінің негізгі құрамын жасақтауға, әсіресе қазақ тіліндегі газет редакциясына мамандармен қамтамасыз ету үшін сұраныс беру ж.Арықоваға тапсырылсын.

9. Облыстық мекемелердің барлық жетекші қызметкерлеріне газет редакцияларымен тығыз байланыста болып, аталмыш шаралардың жүзеге асырылуын жан-жақты көрсету міндеттелсін.

ВКП(б) обкомы ұйымдастыру
комитетінің хатшысы:

(Аммосов)»

[2].

Арада екі күн өткеннен кейін, 8 наурыз күні болған Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің ұйымдастыру

бюросының №6 мәжілісінде қазақ тіліндегі газетке «Екпінді құрылыс» («Ударное строительство») атауы беріледі.

Көп ұзамай, ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетіне берілген ұсынысқа сәйкес «Екпінді құрылыс» газетінің редакторы үшін редактор орнына орынбасар ретінде алдымен ж.Кенесұлы, кейін Зайтүн Сыздықов қол қояды. Редактор З.Сыздықов туралы Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттарда мынадай деректер бар: «Сыздықов Зайтүн 1900 жылы мамыр айында Семей губерниесі, Қарқаралы уезі, Берікқары болысында жұмысшы отбасында туған, мамандығы бойынша еңбек өтелі 3 жыл, әлеуметтік тегі – қызметші, ВКП(б) қатарына 1927 жылы қабылданған, билет №0950731» [3].

З.Сыздықов 1915-18 жылдары батырақ болып байлардың малын бағады, кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1920-21 жылдары шаруашылықта қарауылшық, 1922-23 жылдары милиционер қызметін атқарады. Білімге деген құштарлығын білген құқық органдары басшылары оған 1923 жылы Семипалатинск қаласындағы кеңестік партия қызметкерлерін дайындайтын мектепке жолдама беріп, онда ол 3 жыл оқиды. Оқуды аяқтағаннан кейін Қызылағаш болыстық атқару комитетінің төрағасы болып 1 жыл жұмыс істейді. Кейін Павлодар губерниесі, Ақкөл болысының, 1928 жылға дейін Қызылағаш аудандық атқару комитетінің төрағасы болып еңбек етеді. Жергілікті құзырлы органдардың шешімімен 1928-1931 жылы Ташкент қаласындағы САКУ студенті болып журналист мамандығын алғаннан соң, алдымен Ақмоладағы газеттің, кейін 1932 жылы 6 наурызда құрылған Орал облыстық «Екпінді құрылыс» газетіне редактор болып тағайындалады.

З.Сыздықов жаңа құрылған облыстық «Екпінді құрылыс» газетінің қанаттанып, оқырмандар арасындағы таралымын арттыруға, редакция құрамын қаламы жүйрік журналистермен толықтыруға, материалдық қорын жаңғырту бағытында бірқатар ұйымдастыру шараларын жүргізді. Осы бағытта жоғарғы құзырлы билік органдарымен бірлесе отырып жергілікті жерлерде газеттің қалың оқырмандар арасына таралымын арттыру мақсатында үгіт-насихат жұмысын жүргізуге газет қызметкерлерінің іс сапарларын ұйымдастырды. 1932 жыл 20 мамыр күнгі өткен ВКП(б) Батыс Қазақстан облыстық комитетінің ұйымдастыру бюросының №26 мәжілісі қаулысымен

Орал облысындағы «Екпінді құрылыс» газетінің Тайпақ, Ілбішін, Ойыл және Жаңғала аудандары оқырман арасындағы таралымын арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру жж.Сыздықов пен Шилкин, Коробойниковтерге міндеттелген [2, 173-п.].

Газет беттерінде Батыс Қазақстан облысының саяси-экономикалық және мәдени өміріндегі қол жеткен табыстарымен қатар, өзара сын ұранымен біраз материалдар жарияланыпты. Солардың қатарында облыстағы баспасөздің дамуындағы күрделі, күрмеуі шешілмеген мәселелер де назардан тыс қалмапты. Мысалы, «Екпінді құрылыс» газетінің 1933 жыл 18 қаңтар күнгі №14(234) санында «Баспахана жұмысшыларының халі өте нашар» атты мақала жарияланып, баспахана жұмысшылары еңбегін ұйымдастыру дұрыс жолға қойылмағандығы сынға алыныпты. Оқып көрелік: «Жымпиты қаласындағы «Қызыл ту» газетін шығарып тұратын баспаханада 15 шамалы жұмысшылар бар. Бұлардың тұрмыстық күйлері өте нашар. Оған басты себеп болып отырған жергілікті жабдықтау орнының баспахана жұмысшыларын дұрыс(мезгілді) жабдықтамай отырғандығы, сол сияқты баспахана жұмысшыларына тұратын үй берілмей, оған тиісті орынның көңіл қоймай отырғандығы. Бұл хал – қазір ғана кездесіп отырған хал емес, көптен созылып келе жатқан «аурулы хал». Жергілікті жабдықтау орны күні осы уақытқа дейін баспахана жұмысшыларын жабдықтауды елемей келеді. Баспахана жұмысшыларына азық-түлік алу жөнінде ай сайын аупарткомге, ауаткомге барып, солардың көмегімен ғана кооператив орындарынан алған боламыз.

Міне, осы қолайсыз жағдай жұмысшылардың жігерлерін құм етіп отыр. Осының салдарынан жұмыстың тәртібіне де көп жағдайсыздық туып отыр.

Сондықтан біздің айтарымыз тиісті орындар, әсіресе облыстық жабдықтау мекемесі мен кооператив одағы бұл кеселді жағдайды тезінен өзгертуге тиісті шара қолдансын. С-ұлы» [4].

Сондай-ақ, өлкедегі ауыл-село тілшілері қозғалысын өрістетуге бағытталған 1933 жыл 6 ақпан күнгі №25(245) санында «Екпінді тілшілер слеті» атты мақала осының дәлелі: «Жақын арада Орда ауданындағы 67 жылғы совхозы мен 88-түйе совхозындағы екпінділер, екпінді тілшілердің слеті өткізілді. Онда совхоздардың 32-жылғы жұмыс қорытындысы,

бірлестік шарттың орындалуы, тілшілер қозғалысының жаңа міндеттері туралы мәселелер талқыға салынып большевиктік сын ұраны кең орын алды.

Слетке екпінділер совхоздардың орасандай өскенін шаруашылықтарының беркіліп қалғандығын айрықша көрсетіп, әсіресе жылқы малын күтіп өсіруде № 67-совхоздың ұлы табыстарын айқындады. ... Осындай табыстармен қатар кемкетіктерді де слетке қатынасушылар большевиктік сын ұраны астында қоймай ашты. Осы кезге дейін совхоз иесіздікті жоя алмай келгенін көрсетті. Шынында да соңғы кезге дейін еңбек ақыны теңгермешілік жолымен беріп келген. Жұмыстың сансапасы ескерілмеген, еңбек табелді жоғалтып жіберушілік болған. Соның кесірінен қазір совхоздың 50 000 сомнан астам еңбек ақыдан борышы бар. «Екпінді құрылыс» постысы» [5].

Бірақ тәжірибелі журналист З.Сыздықов бұл газетте ұзақ бола алмайды, облыс басшылары 1933 жылы 16 қыркүйек күні жаңа құрылған Гурьев округтік «Социалды құрылыс» газетіне редакторлыққа тағайындайды [6].

Елде болып жатқан қоғамдық-саяси өмірдің жаңалықтарын бұқара арасында кеңінен насихатаудың екінші бір ірі құралы радио болды. Сол кезде 8 жерде радио желісі: Орал қаласы, Гурьев, Жаңғала, Орда, Форт-Александровск, Доссор, Тайпак және Ілбішінде бар болатын. 1932 жылдың 1 мамыры күнінен бастап радио байланыс торабынан «Прикаспийская Правда» және «Екпінді құрылыс» газеттерінің 10 саны беріле бастады. Бұл қолына газет тимеген оқырмандардың үйлерге тартылған радио алдына тізе бүгіп, газет хабарларын тындап кеңінен танысуына жол ашты [7].

Баршаға мәлім, бұқаралық ақпарат құралдары қашанда мемлекет бюджетінен қаржы бөлінбей жарық көрмейтіні белгілі. Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1934 жыл 28 тамыздағы №28 § 24 алқа мәжілісі қаулысымен осы жылға қаралған қаржыға қосымша «Прикаспийская Правдаға» - 10 мың сом, «Екпінді құрылысқа» -15 мың сом және «Комсомол ұрпағына» -5 мың сом бөлінді [8].

Уақыт талабына сай баспасөзге қызыл компартияның әміршілдік-тоталитарлық билігінің нығайып орнығуына байланысты, сол кезде олардың әр саны қатты бақылауда

тұратын. Жарық көретін әр газеттің беттеріндегі мақала мазмұны, стилистикалық және грамматикалық қателер, газеттің шығатын мерзімі бәрі-бәрі қатты тексерілетін. 1935 жылы 24 қазанда «Екпінді құрылыс» газетінің мерекелік санын шығару кезінде баспахана әкімшілігі өндірісті дұрыс жолға қоя білмеген. Сондай-ақ, газет редакциясының материалды кешіктіріп бергендігі, клишелердің болмауы, жұмысшылар арасындағы ұлт араздығы да себепші болғандығы атап көрсетіліп, газет редакторы ж.Иманқұлов пен баспахана директоры ж.Золотаревтерге партиялық жаза қолданылған [9]. Аталмыш мәжілісте Батыс Қазақстан облысының баспасөзін маман кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында, Орал кеңес-партия мектебі жанынан 1936 жыл 1 қаңтарынан бастап аудандық және көптиражды газеттер үшін «газет ісі бөлімін» ашуға шешім алынады. Осыған байланысты бұл мектептің 10 тыңдаушысын осы бөлімге тарту және қосымша аудандардан 10 адам іріктеуге тапсырма беріледі. Бұл кенжелеп қалған өлкедегі баспасөз ісін жандандыруға, баспасөздің орта және төменгі буындарын кадрлармен қамту мәселесін шешуге жол ашты. Сондай-ақ, жұмысшы, ауыл-село тілшілері мен көптиражды, қабырға газеттер редакторларының білімін көтеру оқулары тұрақты ұйымдастырылды. 1935 жылы 5 маусым күні обком бюросының №92/4 мәжілісінің қаулысымен 15 және 25 маусым күндері екі мерзіммен 15-тен адамдарды оқыту курсы ұйымдастырылып, оқу жоспары беркітілді: ж.Сталиннің әскери қызметкерлер алдындағы сөзін оқып-үйрену үшін – 15 сағат; қабырға газеттерін құрудың техникасы – 20 сағат болып белгіленді.

Гурьев окружкомына дәл осындай жоспармен аудандық курс өткізу міндеттелді [9, 3-іс, 108-п.].

Газет қызметкерлерінің шеберлігін ұштай түсетін осындай курстың пайдасы үлкен болғандықтан, жергілікті құзырлы органдар бұған қаржыны үнемдеген жоқ. Батыс Қазақстан облыстық атқару комитеті алқа мәжілісінің 1936 жыл 15 наурыздағы №11 §25 шешімімен облыстық қаржы басқармасына газет қызметкерлері білімін жетілдіру курсы ұйымдастыру үшін «Прикаспийская Правда» мен «Екпінді құрылыс» газет редакцияларына қосымша 6000 сомнан қаржы бөлінді [10].

1936 жыл 28 маусым күнгі обком бюро мәжілісінің №42 §10 «Облыстық аудандық газет қызметкерлерінің курсына шақыру

туралы» қаулысымен, аудандық газет редакторларының орынбасарлары, кеңшарлардағы МТС газеттері редакторлары мен ірі кеңшарлардың қабырға газет редакторларының 45 адамы қатысқан оқу курсы ұйымдастырылды. Курстың жауапты ұйымдастырушысы болып ж.Сүйінбаев тағайындалады. Аталмыш курс сол жылдың 5 шілдесі мен 15 тамызы арасында өткізіліп, тыңдаушылар алдында жж.Барласов, Пантюхин, Иманқұлов, Туркин түрлі тақырыпта баяндама жасайды.

Батыс Қазақстан облыстық партия комитеті бюросының 1935 жыл 2 қараша күнгі болып өткен мәжілісінде облыстық және округтік газеттердің таралымы келесі жаңа жылға төмендегідей болып белгіленді:

Облыстық газеттер: «Екпінді құрылыс» - 12000, «Прикаспийская Правда» -12000 және «Комсомол ұрпағы» - 4000 дана.

Округтік газеттер(Гурьев): «Социалды құрылыс» -5000, «Прикаспийская Коммуна» -5000 дана.

1936 жыл 27 наурызда Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросында «Прикаспийская Правда» және «Екпінді құрылыс» газеттерінің жайы туралы» атты мәселе қарап, төмендегідей қаулы қабылдайды. Атап айтқанда, облыстық екі газеттердегі жарияланған материалдардың идеялық- саяси дәрежесі, газеттің құрылуы және мақалалардың әдеби өңделуі әліде болса талап тұрғысынан төмен, редакция ұжымы күнделікті жұмысында тап қырағылығын танытпайды, материалға сын тұрғысына қарамайды, стахановшылар қозғалысы кеңінен өрістетілмейді, облыстың маңдай алды озат екпінділерінің жетістіктері насихатталмайды, газеттің бұқаралық - ұйымдастыру жұмысы қанағаттанғысыз жүргізілуде, жұмысшы ауыл-село тілшілерін тәрбиелеудегі, партия тұрмысы және партиялық тәжірибе жұмыстары нашар көрсетілген, жұмысшы ауыл – село тілшілерінің мақалаларындағы көрсетілген сигналдарға облыстық сот және прокуратура, сондай-ақ аудандық тергеу-тексеру органдары назар аудармайды.

Аталған кемшіліктерді екі айдың ішінде жоюдың шарасын алу газет редакторларына міндеттелген [11].

Сол жылдарда қарқын алған баспасөздегі сталиндік зобалаң облыстық газеттерге де өз салқынын тигізбей қоймады. 1937 жыл 1-2 сәуірдегі Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің Пленумында облыс басшысы І.Құрамысовтың «ВКП(б) Об

Ақпан пленумы қорытындылары» атты баяндамасын талқылауға шыққан жарыс сөзге қатысқан обком комсомол хатшысы ж.Қожахметов «Екпінді құрылыс» газетінің комсомол ұйымдарының кемшілігін көрсетіп, «қырағылық танытпай отыр» дегеніне қынжылыс білдірсе, көптиражды газет редакторы ж.Кальментьев («Гурьев-Қандыағаш құрылысында» газетінің - Қ.С.)Троцкизм және Зиновьев, Каменовтердің қылмысын әшкерелеген мақалада «контр» және революция деген сөздерді тасымалдағанда(лексикалық сипат-Қ.С.) саяси қателік кеткені үшін Гурьев окружкомы хатшысы Х.Ақботинге ескерткенін айтыпты. Осылайша, өз басына төнген қатерді округ басшыларына аудара салады [12].

Облыстық газеттердің редакторлары да жиі өзгеріп отырған. 1935 жыл 5 шілде күні болған «Екпінді құрылыс» газетінің редакторы Елжас Бекенов босатылып, орталыққа шақыртылады да, оның орнына ж.Иманқұлов тағайындалады [13]. Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған Е.Бекенов(1892-1938) жазушы, публицист. 1933 жылы Мәскеу қаласындағы қызыл профессурасы институтын аяқтағаннан кейін «Еңбекші қазақ», 1933-1936 жылдары «Екпінді құрылыс» және «Ленин туы» (Петропавловск) облыстық газеттерінде редактор болады. Е.Бекенов «Екпінді құрылысқа» жоғарыдағы З.Сыздықовтың орнын басқан еді.

Заманның «суға кеткен тал қарамайды» деген кезі еді. Қазақстан өлкелік партия комитетінің баспасөз бен баспа ісі бөлімі «ВКП(б) ОК алқасы мен Қазақстан КП(б) І сиезі шешімдерін жүзеге асырудағы баспасөз рөлі» атты баспасөзге шолу жасаған есебінде мынадай жолдар бар: «Әсіресе, Батыс Қазақстан облыстық газетінде 15 адам жетіспейді. Аудандық газеттердің 5 редакторының орны бос тұр. Есепті кезеңде облыстық газеттен дұшпандық пиғыл танытқан 14 әдеби қызметкер мен 4 редакторы жұмыстан қуылды. Аудандық газеттің 7 редакторы әшкереленді. Олардың барлығы да халық жаулары ретінде троцкистер мен контрреволюционерлер мен олармен ауыз жаласқандар болып шықты. ...«Екпінді құрылыс» газеті редакциясына сәуір және мамыр 2 айда түскен 759 хаттың бар жоғы 288 ғана жарық көрген, қалғандары редакцияда еш қозғалыссыз жатыр. Газет редакторы мен орынбасарлары еңбекшілердің хатына селқостық танытқан, хат бөлімі маңызды іске араласпай отыр» деп сынға алған [14]. Газет редакторы ж.Қосжановқа аталмыш мәселелерді қатерге бере отырып,

партия ұйымдарының халық жаулары мен ұлттық фашистермен күрестегі үнсіздікті жою міндеттеледі. Алайда бірнеше күннен кейін тұтқынға алынған Қошанов Ізбай Нұржігітұлы 1938 жылы 13 қарашада сотталып, сол күні атылады. 1969 жылы 23 сәуірде ақталады [15, 287 б.].

Жоғарыдағы тұтқынға алынған редакторлар ішінде Иманқұлов Сәтбек Сәрсенұлы 1937 жылы 5 қыркүйекте абақтыға жабылып, 1938 жылы 8 наурызда атылған. КСРО Жоғарғы Сотының 1958 жыл 1 наурыз күні ақталған.

Қорыта келгенде, XX ғасырдың отызыншы жылдарында Батыс Қазақстан облысының баспасөзі өлкенің саяси-экономикалық және мәдени дамуына зор үлес қосты. Компартияның қатаң қыспағына қарамастан бұқара халықтың санасы мен ой-пікірін қалыптастыра отырып, күн өткен сайын қалың бұқара арасында сөзі салмақты, ойы орнықты бола түсті. Биылғы жылы 90 жылдық торқалы тойын атап өкелі отырған Орал баспасөзінің өткен жолы бүгінгі жас ұрпаққа сүйсіне қарайтын тағылымы мол тарих болмақ.

-
1. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ) 141-к., 1-т., 3627-іс, 71-п.
 2. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚ ОММ) 37-к., 1-т., 5-іс, 12-п.
 3. БҚ ОММ 37-к., 3-т., 391-іс, 1-п.
 4. Екпінді құрылыс. – 1933. – 18 қаңтар.
 5. Екпінді құрылыс. – 1933. – 6 ақпан.
 6. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты 2-к., 1-т., 209-іс, 21-п.
 7. БҚ ОММ 2027-к., 1-т., 1-іс, 3,4-п.п.
 8. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекет мұрағаты (ҚРОММ) 5-к., 15-т., 167-іс, 246-п.
 9. БҚ ОММ 37-к., 4-т., 5-іс, 125-126-п.п.
 10. ҚРОММ 5-к., 17-т., 100-іс, 253-п.
 11. БҚ ОММ 37-к., 5-т., 2-іс, 170-п.
 12. БҚ ОММ 37-к., 6-т., 8-іс, 346-249-п.п.
 13. ҚР ПМ 141-к., 1-іс, 8064-іс, 522-п.
 14. ҚР ПМ 708-к., 1-т., 541-іс, 16-17-п.п.
 15. Политические репрессии в Казахстане в 1937- 1938 гг. Сборник докум. (Отв.редактор Л.Д.Дегитаева. –Алматы Қазақстан, 1998. - С 336. – (Архив Президента РК).

Мерзімді баспасөзге сталиндік биліктің орнауы (1932-1938 жж.)

Тарихымызға зобалаңы тиген сталиндік дәуірдің тұсында пайда болған «ақтаңдақтардың» шындығы еліміз еркіндік алған тұсында ашыла бастады. «Кіші Октябрь революциясын» қазақ жеріне орнатуға белсене кіріскен Ф.И.Голещекін күштеп ұжымдастыру арқылы малы бар орта шаруаларды қуғынға түсірді. Оларды «тап жаулары» малды жаппай қырып жоюға кірісті, осының салдарынан мал басы кеміді деп даурықты. Шындығында, малмен өмір сүріп отырған ұлтымыздың басын қолдан жасалған аштық баудай түсіріп жатты. Сталиннің саясатын қолдамаған немесе түсінбеген адамдарды «оңшыл, аппортыншыл» деп оларды сотқа беру, партиядан шығару, партияны тазалау науқаны күшейді. Енді сол кездегі «Асырау сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп ұрандатқан шолақ белсенділерге саяси үн қосқан мерзімді баспасөзде осы науқаннан тыс қалмады. Бұның барлығы баспасөзге «қызыл» компартияның үстемдігінің толықтай орнап, олардың өз мәнінде шындықты айтуға әлдері де келмегені баршаға аян.

Сол кезде жарық көрген республикадағы газеттерге шолу жасаған «Социалды Қазақстан» газетінің 1932 жыл 8 маусым күнгі №131(2901) санында «Асыра сілтеушілікті, бүркеп отыр» атты мақалада Орда ауданының «Жаңа жол» газетінің бұл бағыттағы жұмысына төмендегідей баға беріпті: «Өткен жылдың июнь айында Орда ауданының Қошалақ, Дыңғызыл деген ауылдарындағы содырлы «солақайлар» бір жұма ішінде барлық малды, құрал-сайманды ортақтастырып «артель» бола қалған. Бұл сияқты асыра сілтеушілік Орда ауданында аз ба? Бірақ «Жаңа жол» газеті мұндай фактілерді көрсе де көрмегендей көзін жұмып «кәзір толық жауап беруге болмайды» деп көріне аппортыншылдыққа түсіп отыр» [1]. Сыннан қорытынды шығару үшін Орда аудандық «Жаңа жол» газеті бұл бағыттағы хабарларды жиі басуға ұйымшылдықпен кірісті. 1932 жыл 26 желтоқсан күнгі №88(117) санында Қазақстан өлкелік партия комитетінің 5 желтоқсандағы «Тауарлы мал фермаларының ұйымдастыру – шаруашылық жайы және оны нығайту шаралары туралы» қаулысының орындалысы туралы хабарлама есебі басылыпты. Онда мынадай жолдар бар: «Бай, әлділерге 15 айға

берілген мал жоспары декабрьдің 20-на дейін тек 30 процент орындалып отыр, бұдан әсіресе соңғы кезде түскен нәрсе жоқ. Кей ауылдарымыз байларға соққы беру орнына көз көре оңшылдыққа, байларды жақтаушылыққа салынып партия директивін бұрмалап отыр. Бай әлділердің дым дайындамай отырған ауылдар: Байқадам, Бөрлі, Жиекқұм, Жетібай, Тана, Шонай, Сайқын, Бисен, Мешітқұм, Сартөлген, Батырбек ауылдары, бұлар соққыны бай орнына колхозшыларға, жеке еңбекшілерге тигізіп отыр» деп жазады. Газеттің осы санында «Газет хабары аяқсыз қалмайды» айдарымен бірнеше мақала жарияланыпты. Соның бірімен танысалық: «Табы жаттар колхоздан қуылды» деген мақалада былай делінген: «Қошалақ ауылындағы «Маркс» колхозында жақын арада колхоз мүшелері ішіндегі табы жаттарды тазалау жиылысы өткізілді. Жиылысқа колхозшы еңбекшілерден 160 кісі қатысты. Жиылыс колхозға бүркеніп кіріп отырған табы жаттардың, кісі еңбегін жеп келген байлардың, колхоз уставына бой ұсынбайтын жатып ішер жалқаулардың барлығын ашты. Қорытындысында жиылыс табы жат адамдардан 6 кісіні колхоздан шығарды. Тыным» [2]. Газет Орда баспаханасында басылып, жауапты редактор ретінде Ғатау Махамбетов қол қойыпты.

Облыстық «Екпінді құрылыстың» 1933 жыл 4 қаңтар №4 санында «Тез тергелсін» атты мақала тілші «Құлып» деген атпен жарияланып, халықты дұрыс азық-түлікпен және киіммен қамтудағы олқылықтарға тоқталыпты: «Тайпақ. №450 санды мал совхозы жанындағы жұмысшы кооперативінің аты барда заты жоқ. Жұмыскерлерді жабдықтау жөнінде түк жасамай отыр. Қаражат жоспары орындалған жоқ. Оған көңіл бөліп жұмыс етіп жүрген басқарма көрмейсің. Өз бетімен тауар табу үшін кооператив басқармасы жұмыс етпейді. Дүкенге келген тауар болса бөлінбестен қолы жеткен директор, партком алады» деп жергілікті басшыларды сынаған [3].

Жаңғала аудандық «Социалды еңбек» газетінің 1935 жыл 30 қазан күнгі №52 санында аудандық атқару комитетінің III Пленумы сол айдың 23-26-ында өткенін хабарлап, онда мал шаруашылығының мемлекеттік жоспарын орындаудағы кемшіліктерге тоқталған: «35-шы жылдың 1 қаңтарынан 1 июльге дейін аудан көлемінен ірілі уақты 458 бас мал сатылған. 485 бас мал түрлі аурулармен өлген, 96 бас себепсіз сойылған.

әсіресе Толыбай ауылынан 182 бас, Қарасамар ауылынан 118 бас, Таубұйрат ауылынан 155 бас, Қисық қамыс ауылынан 116 бас мал кеміген. Есепті айдың ішінде мал басының мұншама кемуіне басты себеп: кейбір ауылдық Кеңес ағалары мен серіктік басқармалары малды өздері бас болып сойып, қалса сатқандықтан. Екіншіден, ауылдық басқару жұмысында жүргендердің, белсенділердің тума-туысқандары мен көңілдестерінің малдарын жойғандарына ешбір амал қолданбай мал басын кемітушілермен күресті босандатып алғандықтан». Газеттің осы санында «Әлеумет дабылы» айдарымен «Мал жойған оқытушыға шара керек» деп Мәстексай ауылындағы «Казарма» мектебінің оқытушысы Қ.О. мал басын жоюға бас болып кірісіп отыр деп, өзгеден сатып алған малын сойып алғандығына шара қолдануды сұрапты [4]. Газет Жаңғала аудандық баспаханада басылып, Қ.Меңдібекұлы жауапты редактор ретінде қол қойыпты.

1937 жылы 4 наурыз күні өткен Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде республикалық «Социалды Қазақстан» газетінде Батыс Қазақстан облыстық партия ұйымдарының саяси қателері туралы редакциялық мақаласы туралы» мәселе қаралды. Онда аталмыш мақалада көрсетілген кемшіліктермен қатар, контрреволюциялық қазақ ұлтшылдарына қарсы күрестегі жоғарғы партия басшылығының тапсырмалары өз мәнінде жүзеге аспағандығы қатты сыналған. «Социалды Қазақстан» газеті атап көрсеткендей, «Облыстық партия бюро мүшелері тарапынан жергілікті жерлерден түскен «сигналдарға» өз мәнінде тергелмеген. Сөйтіп, Сталиннің өзара сын туралы нұсқаулары орындалмай партия ұйымдары ұлтшыл ж.Балғаниязовқа, ж.Қонысбаевқа, алашордамен байланыста болған Иманқұловқа, Хангереевке, контрреволюционер троцкист-зиновьевшілдердің «құйыршығы» Шумскийге және т.б. орынды шаралар алынбаған. Бюро мүшесі І.М.Құрамысовтың өзі бас болып пединституттағы контрреволюциялық топты анықтау орнына, оларға жеңіл жік» деп қараған. «Меңдешевшілдерді» жұмысқа жоғарлатқан да ж.Құрамысов» деп осыларға Ізмұқан Мұқашұлы өзін-өзі кінәлі деп тапқан. І.М.Құрамысовтың өзі қол қойған осы бюро мәжілісінің қаулысымен Маңғыстау аудандық партия комитетінің хатшысы Д.Хангереевты жұмыстан босатуға, Орал

қалалық партия комитетінің Пединституттағы контрреволюцияшыл ж.Балғониязовқа қарсы шешімінің дұрыс қабылданбағандығы және т.б. атап көрсетіліп, «Екпінді құрылыс»(редакторы ж.Иманқұлов) газетінің беттерінде қазақ ұлтшылдарына қарсы күресі қанағаттанғысыз деп табылады [5]. Кейін 1937 жылы 1-2 сәуірде өткен ВКП(б) Батыс Қазақстан облыстық комитетінің X пленумы мәжілісінде қабылданған «ВКП(б) ОК Ақпан пленумы қорытындылары туралы баяндама жасаған ж. Құрамысовтың есепті баяндамасы туралы» қаулысында партияның халық жауларымен күресудегі жұмысы одан әрі қаралыпты [5, 8-іс, 246-247-п.п.].

Аталмыш осы қаулылар облыстың барлық бастауыш партия ұйымдарында талқыланып, оның қорытындылары аудандық мерзімді баспасөзі беттерінде жарық көрген. «Колхоз жолы» газетінің 1937 жыл 2 сәуір күнгі №23 санында «Батыс Қазақстан партия ұйымының және оның секретары жолдас Құрамысовтың саяси қателері туралы Қаз.Тал-өкпе аудандық партия активтері жиналысының қаулысы» басылыпты. Қаулыда жергілікті партия ұйымдары басшыларының аудандағы контрреволюцияшыл-қазақ ұлтшылдары мен алашордашылардың қалдықтарымен күресі нашар, аудандық партия комитетінің хатшысы Айтмағамбетов жолдасты Қазақ өлкелік партия комитетінің шешімдерін дұрыс жүзеге асыруға араласпаған деп кінәлі деп тапқан. Одан әрі осы актив мәжілісі қаулысында былай делінген: «Аудандық партия комитетінің екінші секретары ж.Жанғалиев құрғақ айқайға түсіп жалаң әкімшілік жасап келді. Әсіресе соңғы үш жыл бойы ауатком жанындағы партия тобының жұмысын елемеді. Айтылғандардың бәрінде ж.Мусиннің(бюро мүшесі-Қ.С.) тап қырағылығының әбден мұқалғандығын дәлелдеді. ...Аудандық «Колхоз жолы» газетінің жұмысы да қанағаттанарлық емес. Газет контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдарымен күреске саботаждық жасап келді деп табады. Аупартком буржуазияшылдықты сүйді, жағымпаздық жасаушылармен тиісінше күреспеді. Оның салдарынан ауданымызда жағымпаздық, көз бояушылықтар ұлғайып, етек жайып кең өріс алды. ...Аудандық газет мұндай жағымпаздық, рапорт құмарлық, көз бояушылықтармен жөндеп күреспеді. Күресудің орнына газеттің өзі жағымпаздыққа салынып, газет бетіне аудандық жетекші қызметкерлердің сүгіреттерін басты, өмірбаянын жазды.

Сөйтіп, жағымпаздықтың өріс алуына кең жол ашты. Социалдық қоғам мүлкін жойған қылмыстыларды аупарткомның бюро мүшесі ж.Андреев кезінде райкомге хабарлай тұрсада, аупартком секретары Айтмағамбетов, бюро түгелдей Андреевтің хабарларына құлақ қоймай, әсіресе, жоғарыда көрсетілген колхоздардың тергеу жұмыстарын тергеу комиссиялары тергетіп тез анықтайық деген сұрауларында аяқсыз қалдырған. Анықталмағандығын айтпағанда да, шын халық дұшпаны екендігі анықталған, колхоз мүлкін жойғандарды да ж.Айтмағамбетов қымтап келген. Мысалы, Айтмағамбетов жолдас аудандық халық соты Масақпаевтан «Куйбышев» колхозының бұрынғы басқармасы, өзі бұрын банды болғаны үшін партиядан шығарылған Меңдігереевті сот жазасына тартпауын, ақтауын сұраған. Сондай-ақ, троцкишіл, советшаруашылығына зұлымшылық жасаған, жат адамдарымен байланысы бар, Дүйсәлиевті, Айтмағамбетов туыскандық көзқарасының арқасында оның қылмысын орынды әшкерелемеуге себепші болған. Ол қазірде бұл ауданнан кетіп, Оралға барып облыстық астық одағы бастығының орынбасары болып отыр. Оқытушы кадрларды әбден зерттемеді, олардың күнделікті жұмыстарын да дұрыстап бақыламады. Соның салдарынан аудандағы оқытушылардың составтарында (құрамдарында-Қ.С.) жат элементтер кіріп кеткендіктері де байқалып отыр. Мысалы: бұрын бай, молда болған, алашордашылармен үздіксіз байланыс жасап келген Байшеркешев, Мұлқашев тағы басқаларының күні бүгінге дейін оқытушы болып келуі, олардың елеусіз қалуы» деп біраз сталиндік партия ережелерін бұзғандарды анықтапты. Бұдан әрі жергілікті белсенділердің қырағылығының арқасында төмендегідей «халық жаулары» анықталып, тізімдері жарияланыпты: «Дәулетияров Мереш – облыстық «Екпінді құрылыс» газетінің уақытша редакторы, бай баласы; Бұлқашев Сәпен – облыстық жоғарғы дәрежелі ауылшаруашылық коммунистер мектебінің оқытушысы, бұл жікшілдікке түскен, бұрын партиядан шығарылған еді. Ол қазір партиялығын қайтарып алды; Шынтасов – Теңіз облыстық атқару комитетінде жұмыс істейді, әкесі бай болғандықтан конфескіленген; Шукенов – Еспол аупартком председателі, бұл бұрынғы атақты бай полковниктің баласы; Бекжанов – Гурьев қаржы бөлімінің

меңгерушісі, бұл да бұрын жікке қатынаскан, өзі бай болған адам; Жақыпов Серікқали – Алматыдағы НКВД аппаратында жұмыс істеп отыр. «Меңдешевшіл» жікке қатынаскан ұлтшыл азғын элемент; Избасар балалары: Жұмагелді, Қадір дейтіндер Оңтүстік Қазақстан облысында, бұл екеуі де «меңдешевшіл» жігіне қатынаскан адамдар; Хатаулин Мансұр – Ақмолада секретарь болып отыр. Бұл Есенбаевтың інісі помещиктің баласы, Махамбетжанов та Есенбаевтың тумасы. Осы күні Шымкентте. Андижанов та Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару бөлімінде. Аты шулы бектің баласы; Ақботина Нәпиза – облыстық балалар бағым үйінде жұмыс істейді. Нәзипаның әкесі помещик, белогвардеец болған адам; Шәкіров Ғұсман – алаш ордашыл, алашордаға 10 мың сом ақша жәрдемін берген, совет өкіметіне жат элемент» [6]. Бұдан әрі осылардың барлығының үстінен тергеу жүргізіп, партиялық қатаң жазаға тартуға қаулы қабылдаған.

Ал осы жоғарыда айтылған Айтмағамбетов кім еді? Айтмағамбетов Боран 1901 жылы сәуірде қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Саркөл ауылдық кеңесінде туған. Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатынаскан партия-кеңес қызметкері. 1930-1933 жылдары БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің бюро мүшесі және ҚАССР Юстиция халық комиссары, осы қызметімен қоса республика прокуроры қызметін қоса атқарды. Республиканың тұңғыш прокуроры еді. 1933-1935 жылдары Гурьев ауаткомының төрағасы, кәсіпшілер одағы Орал облыстық комитетінің төрағасы, 1935-1937 жылдары БК(б)П Казталовка аудандық комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Сталиндік зұлматтың кесірінен Боран Айтмағамбетов 1937 жылы 3 желтоқсан күні тұтқындалып, 1938 жылдың 13 қарашасы күні әскери алқаның үкімімен атылады. КСР Одағы Жоғарғы Сотының әскери алқасының 1958 жыл 18 сәуір күні N4 н-626/58 шешімімен Б.Айтмағамбетов ақталды.

ҚК(б)П-сының 1937 жылы 12 маусым күні мәжілісте қабылданған бірінші съезінің «ҚК(б)П өлкелік комитетінің ж.Мирзоянның есепті баяндамасы» қаулысы Жымпиты аудандық «Қызыл Ту» газетінің 1937 жыл 4 шілде №56 санында жарияланыпты. Осы қаулының V тарауынан үзінді келтіре кетсек: «...облыстық комитеттер мен аудандық комитеттерге баспасөздің маңызын кемелуіне келтіруді, газеттердің идеологиялық дәрежесін көтеруді, газет бетінде партия-саясат мәселелері жазылуын оңдауды

әрбір газетті партия мен халықтың жауларына қарсы күрестің өткір құралына, біздің жұмысымыздағы барлық кемшіліктер мен қателерді еш кімнің бет ажарына қарамай сынайтын большевиктік сынның жауынгер органына айналдыруды ұсынады. Облыстық комитеттер, қалалық комитеттер мен аудандық комитеттер таяудағы 2-3 айдың ішінде газеттерді жете тексерілген кадрлармен нығайтатын болсын. Қазақ ұлтшылдарының троцкист-оңшыл фашист банды мен жаңа шет ел интервенттері мен бірігіп кеткендігінің фактісінен біздің партия ұйымдарымыз контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдарына және оған қарай ауа жайлаған уклондарға қарсы күресті күшейту қажеттігі туралы қорытынды шығару тиіс». Газетке жауапты редактор ретінде Қ.Тастайбеков қол қойып, Жымпиты баспаханасында 1660 данамен басылыпты. Осы «Қызыл Ту» газетінің 1937 жыл 17 маусым күнгі №51 санында «Отанды сатқан жексұрындар» атты мақала жарияланыпты. Оқып көрелік: «Жымпиты поселкесінің еңбекшілері Тухачевский және басқаларының шпиондық әрекеттері туралы хабарды есіткенде қатты ызаланды. Аудан орталығында июньнің 12-сі күні 300-дей халықтың қатынасуымен үлкен митингі болды. Митингіде социализм отанына қарсы, бүкіл еңбекшілердің бақытты өміріне қарсы фашизмнің тікелей шпиондары болып кеткен Тухачевский, Якир, Уборович және басқаларының істеген істері көпшілікті қатты ызаландырды... Отанды сатқан сұмырайлар тез жойылсын олардың бәрін құртамыз, делі көпшілік» деп аяқтапты [7].

Халықтың өз малын отбасы мұқтажына жаратуға болмайтындығына жергілікті өкімет қатты шектеу қойды, ең болмаса аштықтан құтылудың жолы да қарастырылмады. Қаратөбе аудандық «Колхозшылар үні» газетінің 1937 жыл 29 тамыз күнгі №65 санында «Шалқындағылар мал шаруашылық ісін қалтарыста қалдырмау керек» атты мақалада былай делінген: «Шалқын ауылы мал шаруашылық ісі үшін нашар күрескендігінен, өткен жылы, басқа ауылдарымыз мемлекеттік мал өсіру планын бір келкі табыстармен орындап шыққанның өзінде. Шалқын ауылы 226 бас мал сойып, мемлекеттік мал өсіру планын орындай алмаған еді. Бұл өткен жылдың ащы тәжірибесі, Шалқын басшыларының алдына өзінің олқылықтарынан тиісті қорытынды жасап үстіміздегі жылда оны қайталап табуы міндетін қойды. Бірақ, не пайда Шалқын басшылары бұл міндетті мүлдем есінен шығарып алды, мал шаруашылығы жөніндегі істелетін ұйымдастыру шаралары былай тұрсын, алдымен өздері бас болып мал союға кірісті. Соның салдарынан жыл басынан

осы кезге дейінгі уақыттың өзінде ауыл көлемінде 114 бас мал сойылып отыр» [8]. Газетке жауапты редактор ретінде Әділбай Жылкелдин қол қойып, тиражы 1330 дана болған. Алайда көп ұзамай редактор Ә.Жылкелдин Сталиннің ауылшаруашылығы саясатын бұрмалады деген айыппен қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылы 21 наурызда сот үкімімен он жылға Хабаровскі өлкесіндегі лагеріне айдалады және сол жақта қайтыс болады.

Ауылшаруашылығы жұмысын ұйымдастыруда жергілікті зиянкестер кедергі болуда делініп жар салынды. Ілбішін аудандық «Екпінді жол» газетінің 1938 жыл 30 мамыр күнгі №50 санында Құмар деген тілшінің «Зиянкестіктің зардабын құрту керек» атты мақала басылыпты, осыны оқып көрсек: «Басшылығында көп уақыт халық жаулары отырған Сүттігенді МТС-ында зиянкестіктің зардабы әлі жойылған жоқ. Соның арқасында бұл МТС қарауындағы колхоздар биылғы көктемгі егіс науқанына ұйымдасқан түрде кірісе алмады. МТС план бойынша жұмыс істемейді, трактор паркінің ремонтты сапасыз болды, осының нәтижесінде колхоздардың көпшілігі егіс пландарын үкімет көрсеткен срокте орындай алмады. Зиянкестіктердің әрекетінен өткен жылы күзде колхоздар зяб жырту пландарын орындамады және жыртылған жер өте сапасыз болды, көктемгі егіске әзір жер болмағандықтан көп колхоздар көктем егістің салып болу срогын(мерзімін – Қ.С.) өрескел созып жіберді» [9]. Газетке Жақып Төлешев жауапты редактор ретінде қол қойыпты.

Тайпақ аудандық «Ленин жолы» газетінің 1938 жыл 2 қазан күнгі №86 санында «Бірінші парыз – астық дайындау планын орындау» деген мақалада колхоз басшыларының ұлы көсемдері Сталиннің «ең басты міндетті елеусіз қалдырып жүрмендер, астық дайындау жұмысын орақтың басынан жеделдетіп қызу жүргізіндер: өйткені, бірінші парыз – астық дайындау планын орындау деген» нұсқауын орындау үшін жеткілікті күрес ұйымдастыра білмегендіктерінен астық тапсыру ісі ұзаққа созылып, әлі орындалмай отыр» [10] делінген. Газетке жауапты редактор ретінде Бақыш Қанатбаев қол қойып, Қалмыков баспаханасында 1550 дана болып басылып шыққан.

Сталиндік қуғын-сүргін Урал өзен пароходы бассейні өзеншілерінің үні болған «Уральский водник» газетінде шарпып өткен. Газеттің сол жылғы сандарының қай бетін ақтарсаңыз да «халық жауларының» су жолы бойындағы қылмысты әрекеттері әшкереленген мақалалардан аяқ алып жүре алмайсың. Жергілікті

тергеу-тексеру органдарының басшылары өндірісті ұйымдастырудағы техниканың артта қалғандығы мен қосалқы бөлшектердің қат болуы, тұрмыстық қызметтің және жұмысшылар еңбегінің жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылып, еңбек өнімділігінің артуына кедергі болғанын түсінбеді. Жоспардың орындалмауын жеке адамдардың санасынан іздей бастапты. Осыған «Уральский водник» газетінің 1937 жыл 24 қазан күнгі №141 санындағы «Виновных привлечь к ответственности» атты мақала айқын куә [11]. Мақалада техникалық ахаулықтың салдарынан бір баркастағы нан түгелдей құрттап кеткендіктен жауапты адамдарға қатаң шара қолдануды сұраған. Газет дабылы жергілікті прокуратура тергеушілері тарапынан қолдау тауып, Урал мемлекеттік пароход қызметкерлеріне қарсы қозғалған қылмысты іс сотқа жолданды [12, С.102].

Сөйтіп, XX ғасырдың 30-шы жылдарында, оның ішінде Батыс Қазақстан облысында жарық көрген мерзімді баспасөзге сталиндік билік толығымен орнады. Баспасөздегі демократиялық принциптер сақталмай, барынша қарапайым бұқара халықтың айтар ойы мен тілегі тұншықтырылды. 1937 жылы 1 тамыздағы ҚК(б)П Орталық Комитетінің Мәскеудегі жоғарғы партия органдарына берген ақпарында мынадай мәліметтер бар: «Батыс Қазақстан облыстық газеттеріне 15 адам керек. Аудандық газеттердің де жәйі онша мәз емес. Батыс Қазақстан облысындағы аудандық газеттер редакторының 5-уінің орны бос тұр. Осы мезгілде «халық жауы» ретінде анықталып, облыстық газет редакциясынан қуылғандар саны – 14 болса, оның 4-уі редактор. Аудандық газеттің 7 редакторы әшкереленді. Бұл адамдардың барлығы дерлік халық жаулары троцкистер мен ұлттық контрреволюционерлер болып шықты» [13]. Осылайша, баспасөздің шыншылдық рөлін пайдалануға ұмтылыс жасаған журналистер жазықсыз сталиндік қуғын-сүргіннің құрбанына айналды.

-
1. Социалды Қазақстан. – 1932. – 8 маусым.
 2. Жаңа жол. – 1932. – 26 желтоқсан.
 3. Екпінді құрылыс. – 1933. – 4 қаңтар.
 4. Социалды еңбек. – 1935. – 30 қазан.
 5. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚ ОММ) 37-қ., 6-т., 15-іс, 76-82 п.п.
 6. Колхоз жолы. – 1937. – 2 сәуір.

7. Қызыл Ту. – 1937. – 4 шілде ; Қызыл Ту. – 1937. – 17 маусым.
8. Колхозшылар үні. – 1937. – 29 тамыз.
9. Екпінді жол. – 1938. – 30 мамыр.
10. Ленин жолы. – 1938. – 2 қазан.
11. Уральский водник. – 1937. – 24 қазан.
12. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. – Алматы: Қазақстан, 1998. – С 336. – (Архив Президента РК).
13. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 708-к., 4/1-т., 541-іс, 16 п.

С.Сейфуллин және өлке баспасөзі

Батыс Қазақстандағы Орал губерниесі баспасөзі туралы алғашқы деректер халқымыздың ардақты ұлдарының бірі жазушы, қоғам қайраткері

С.Сейфуллиннің шығармаларында айқын бейнеленді. «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылы 27 сәуірдегі № 85 санында жарық көрген «Қазақстан баспасөздері» атты бас мақаласында жергілікті халықтың баспасөзге сусап, құмарланып отырғанын көзімен көрген жазушы сол кезде шығып тұрған газеттердің қиын жағдайы туралы былай дейді: «...«Қызыл ту» Орал губисполкомының газеті жетісіне бір шығады. Екі бет. Баспасы, қағазы өте нашар. Бұрыннан газет оқып ысылған адам болмаса, елде жатқан шаруалар тыңнан көргенде айырып оқи да алатын емес. Басында тұрған міндетті атқарушылары да бұрын ондай жұмысқа жегіліп көрген болмасқа тиіс. Басқа газеттерге қарағанда, қалам қайраткерлеріне «Қызыл Ту» өте мұқтаж. Бұл айтылған газеттерден басқа Бөкейде «Қазақ жарлылары» деген бір жағы орысша, бір жағы қазақша бір газет шығады. Қазақшасы орысшадан аударылып отырылған. Сөзі түсініксіз. Баспасы өте көмескі» [1]. Таралымы нашар, оның үстіне сирек шығарылады. Сондықтан қазақ баспасөзін күшейту үшін: қалам қайраткерлерінің бәрін жұмыстан босатып, тек жазуға салу, газет-журналдарға іскер азаматтарды отырғызу, кіндіктегі газеттің әр губерниелерде тілшісі болуы керек, қызмет басында жүрген азаматтар газетке мақала жазып тұруы міндетті саналсын, газет-журнал алушы қазақ санын көбейту шарасын жасау қажет деп түйіндейді.

Бұған дейін баспагер – журналист М.Дулатұлы «Еңбекші қазақтың» 1923 жылы 11 қаңтарда № 60 санына жазған «Баспасөзіміз не күйде» атты мақаласында бүкіл Қазақстанда қазақша шығып тұратын газет-журналдардың «аяғын ақсай басып, өзінің дүниеде барлығын ұмыттыра беріп, анда-санда бір шығып қояды», - деп, полиграфиялық базаның жоқтығынан республикадағы газеттердің уақтылы шықпайтындары қатарында Оралдық «Қызыл Туды» мысалға алғаны да бар [2].

Большевиктік саясаттың солақайлығынан өлкемізде баспа ісі мен баспасөзді дамытуға мүмкіндік болмағаны рас. Орал қаласында жарық көрген осы газеттің ауыр жағдайы туралы 1923 жылы 12 шілдедегі №3552 санды газет редакторы А.Байділдиннің Орал губерниелік партия комитетіне жазған мына қатынас хаты дәлел: «Қызыл Ту» газеті 1920 жылдан РКП(б) Орал ұйымының апталық үні болып шығып келеді. Содан бері ½ жыл өтседе, күн ертең 3 жыл толық толады. Үш жыл деген, жергілікті ұйымдардың шын ниеті бұрылғанда қазақ тілінде шығатын губерниедегі жалғыз газеттің жағдайын дұрыс жолға қоюға болатын жәйт. Азамат соғысы, аштық, халық шаруашылығының қирауы осыдан келіп қазақ еңбекшілер бұқарасының газет жұмысын жақсартуына кедергі болды. Міне осыдан келіп жергілікті жауапты ұйымдардың газет жұмысына көңіл бөлу дәрежелері өз мәнінде болмай отыр. Мен газеттің мұрағатын қарап отырсам қай кезде де газеттің жайы күйсіз болғанын аңғарасың. Таралымы 170 ден 450 арасында болған» [3]. Бұдан әрі А.Байділдин газетте редактор қосымша жұмыс атқарып, редакция құрамы екі кейде бір адамнан тұрғанына қынжылыс білдіреді. Сондай-ақ жергілікті губкомның газетті «Красный Уралға» қосу туралы шешіміне қарсы тұрып, оның саяси қате екендігін дәлелдеп, қазақ газетін өз алдына дербес, бұқара арасында кеңінен таратудың жолдарын көрсеткен. Ол үшін губаткомның қомақты қаржы бөлініп, жергілікті жерден тілшілер ұстау, қазақша (арапша) әріптер алдыру, татар әрпін жаңарту, губерниеге қарасты уездерге, басқармалар арқылы газеттің таралымын күшейту, форматын ұлғайту және т.б. іс шараларды ұсынған болатын.

С.Сейфуллин Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы қызметін атқарып жүргенде, XII партия съезінің қаулыларын насихаттау мен ауылдық кеңестер сайлауын өткізуді

ұйымдастыру үшін Оралға іс сапармен келеді. Мақсаты: «Қазіргі уақытта Қазақстанның әр жерінде совет сайлауы басталып жатыр. Алынған хат-хабарларға қарағанда өзгерістің алғашқы жылдарындағы топқа кіре алмай бұғып жүретін байлар, қақтығып шетке шығып қалған бұрынғы атқа мініп, біреуді біреуге атыстырып, елді партия қылып жүретін кулар бұл күнде тағы да «атқа мініп» сұм істерін тағы да жүргізе бастаған көрінеді» [4]. Міне, елді осындай қауіптен қатты сақтандырып, кеңестік басқару органдарына кедейлерді тарту еді. Оның «Орал губерниесі», «Жымпиты уезі – «Алашорда ойнағы», «Орал қаласы» атты мақалалары осы сапарда дүниеге келген шығармалар. Баратын жер қашық болғандықтан қасындағы сапарлас серігі Ішкі Істер комиссариатының комиссары Авдеевпен 10 000 сомға автомашина сатып алады. 1923 жылы 8 қазанда Орынбордан Оралға беттеп, жолай ауылдарды аралап 14 қазанда қалаға жетеді. «Жол бойында келе жатқан жүргінші көресің. Жүк алып келе жатқандардың ат жекендері көрінбейді. Көбінесе өгіз жеккен, өгіз болғанда қазақтардың жеккендерінің көбі жас өгіз, тайынша, ұрғашы сиыр әм бұзаулы сиырлары жеккендері де бар. Арбалары ылғи төрт аяқты ағаш арба. Тасығандарының көбі пішен, отын азын аулақ астық. Қазақ орыстар – «Жайық» қаласы деген екен. «Орал қаласы» деп қашан аталғанын білмеймін. Қаланың өзінің кедейлігі барлық Қазақстанда жоқ шығар. Қираған, бүлінген құлаған, үңірейген қала. Школдарын, оқу үйлерін араладым. Жалғыз совет, әм партия школасы жақсы, өзгелері нашар. Школдары: Педтехникум, промтехникум школа, ауыл шаруашылық школасы, 2- басқыш школасы» - деп жазады кейін [5]. Азамат соғысы мен ақ казактардың қалаға салған зардаптарының көлемі осындай адам шошырлық болған еді. Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының Оралға келуін асыға күткендер көп болды. Алдымен жаңалықтың жаршысы атанған журналистер Сәкеннен интервью алып, 1923 жылы 16 қазанда жарық көрген «Қызыл ту» мен «Красный Урал» газеттерінде «Қазақ халқының өркендеуі туралы С.Сейфуллиннің ойы» деп Сәкеннің қолы қойылған пікірді жариялады. «Артта қалған еңбекші қазақ халқы кәзір бостандықтың игілігін толық пайдалану үшін, адамзаттың жалпы бақытты өміріне бастайтын орыс пролетариаты және еңбекшіл шаруасымен терезесі тең болуы үшін еңбекші қазақ халқына таяу

арада орыс еңбекшілерінің мәдени дәрежесіне көтерілуі керек. Ал бұл үшін көшпенділікті тастап отырықшылану, мал мен жер шаруашылығын өркендету, ағарту ісі мен кооперацияны жандандыру керек деп көптеп бері ойлап, насихаттап жүрген пікірлерін қысқаша қайырды» [6].

Оралда 10 күндей болған Сәкен уездік сиезд өткізбек болып 130 шақырым жердегі Жымпиты қаласына келеді. Елді жайлаған кедейшілік, үкіметтің салық саясатынан қажыған адамдардың мұн-мұқтажын тыңдап, тиісті жауапты адамдарға тапсырмалар береді. Осындағы белсенді өкілдермен клубта 22 қазанда уездік жиналысты алғаш рет қазақ тілінде өткізгеніне қоштау білдіреді. Жиналыста жаңа кеңестік саясаттың бағытын түсіндіріп, халықты оны қолдауға шақырады. Уезде халықтың сауатын ашу үшін мектеп ашу, мәдениет жұмысын жандандыру үшін міндеттер белгілейді. Осы мақсатта бұқара арасында саяси-үгіт жұмыстарын кеңінен жүргізуде газеттердің рөлін пайдалануға ұсыныс береді. Кейін бұл жұмыстарының есебінен «Жымпиты уезі —«Алашорда ойнағы» атты жолжазбасы туады. «24-ші октябрьде жиылыс бітті. Бұрын исполкомның төрағасы орыс екен, енді қазақ болды. Жымпиты уезінде оқыған адамадар көп болса да, қазақша газет, журналды көп оқымайды екен. Қазіргі іс басында жүрген жастар бастап халық арасына біраз «Еңбекші қазақ» газетін таратты. Және менің тапсыруым бойынша үш қазақ қызын Орал қаласына совет эм партия школасына оқуға жіберді»- деп, халықты өнер білімге шақырып, газет оқуға кеңес береді [5, 249 б].

Дегенмен бұл тұста Жымпиты қаласында газет шықпады деген ұғымнан аулақ болуымыз керек. 1920 жылы 4 мамыр күнгі Орал губкомы алқа мәжілісінде Жымпиты қаласынан қазақ тілінде газет ашуға шешім қабылданып, қаладан баспахана Жымпитыға көшіріледі. Осындай ұйымдастыру жұмысы жүруіне байланысты Жымпитыда шілде айында газеттердің шығуы кешігіп қалады. 1920 жылы 8 қазанда өткен губерниелік партия комитетінің мәжілісі қаулысымен татар-қазақ бюросының «Қызыл шырақ» газетін қазақ тілінде шығару мақсатында редакциялық құрамына Улямаев, Игмушмахамбетов және Токтыбаев кіргізіледі [7]. Осындай жұмыстардың нәтижесінде көп ұзамай Жымпитыда уездік «Ерік» («Свобода») атты казак тілінде газет шығып, редакторлығына А.Мәметов

тағайындалады. Оның басшылығымен шыққан «Ерік» газетінің №6-7 сандарының әр данасы 3 000 шығарылып, жалпы таралымы 21 000 жеткен [8]. А.Мәметов негізін қалаған «Ерік» газетінің баспаханасы 1923 жылы көктемде Гурьев қаласына көшіріліп, осында уездік хатшы болып келген Т.Б.Өтеулиев 1 сәуір күні осы аттас тұңғыш рет қазақ тілінде газет шығаруға мұрындық болады. Міне, осындай ауыс-күйістер болып жатқанда Жымпиты қаласы уақытша газетсіз қалып, Сәкен осы кезге тап болған.

Академик Т.Кәкішев С.Сейфуллиннің Жымпиты сапары алдымен бұл уездің Орал губерниесінің ең шеткі аймағы және қазақтардың басым көпшілігі қоныстанған өлкедегі олардың тұрмыс-тіршілігін көзімен көру. Екіншіден, Батыс Алашорда орныққан жер болғандықтан өзі жазып жүрген «Тар жол, тайғақ кешуге» қажетті материалдар табылар деген ой көкейінде болды деп қорытынды шығарады.

Осыдан кейін екінші рет С.Сейфуллин 1923 жылы қараша айында Оралда губерниелік Кеңестің V сиезін өткізуге қайтадан келіп, өлке азаматтарына өзі байқаған «қазақ халқының бір үлкен дерті – ұлықтыққа, атаққа, дәрежеге құмар» болмау керектігін қатты ескертеді. С.Сейфуллин ұсынысымен сиезд қабылдаған қарардың IV бөлімі «Баспасөз саласы туралы» деп аталып, губерниедегі және оған қарасты уездерде баспасөздің жағдайын түбегейлі жақсартуға арналған шаралар белгіленеді. Көп ұзамай 1923 жылы 4 желтоқсанда Орал губерниелік атқару комитеті Орынбордағы Қазақ Орталық Атқару Комитетіне №10784 санды қатынас хатпен кеңестердің V губерниелік сиезі қарарларын жолдайды. Қарардың «Баспасөз саласы туралы» атты төртінші бөліміндегі міндеттерді жүзеге асыру мақсатында қазынадан 15 000 золот сом бөлуді сұрайды [9]. Сондай-ақ, сиездің қарарында көрсетілген шараларға орай Орал қаласындағы баспахана жұмысына басшылық жасау «Красный Урал» газеті редакциясына жүктелетін болып шешілді. 6 желтоқсанда өткен Орал губерниелік атқару комитетінің №1 мәжілісі қаулысымен орталық баспахана толығымен «Красный Урал» редакциясы қарамағына өтеді. Атқару комитетінен түсетін 15 000 золот сомға екі редакцияға қағаз, бояу және басқа да қажетті материалдар және қазақ тіліндегі «Қызыл ту» газеті үшін әріптер алуға жұмсайтын болды. Осылайша, С.Сейфуллиннің тікелей

ықпалымен Орал губерниелік газеттерінің еңсесі бір елі көтеріліп қалады.

Осы сапарында жолда келе жатып Қазақстанның Ішкі істерін басқаратын Ә.Әйтиевтің ауылы Бөрлі поселкесі мен Орал қаласының ортасында тұрса да, Бөрлі поселкесіне тоқтап, комитетке кіріп, қазақ тілінде іс жүргізу туралы еш сөз айтпапты деп реніш білдіріпті. «Орал қаласы» атты жолжазба мақаласында Жымпитыдағы қазақ мекемелерінде ғана қазақ тілінде іс жүргізілетінін айта келіп, оның да осы сайлаудан кейін қолға алғанын еске салады. «Кооперация нашар, жай саудагерлер елді сородуа. Елдің нәрсе сатып алуға мұршасы да келмейді. Ел кедей. Елек қаласында қазақ газеттерін алып оқушылар өте сирек» деп, жергілікті атқарушы органдар басшыларына елдің тұрмысын жақсартудың нұсқауларын айтып бұл майданда баспасөздің рөліне көңіл бөлуге арнайы тапсырма береді Сәкен.

Келесі бір Орал өңіріндегі баспасөз туралы С.Сейфуллиннің 1926 жылы 17 сәуірде жазған «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи-мемуарлық романында тоқталады. 1917 жылдың шілде айында Хан Ордасындағы Орал үкіметінің Мұсылман бюросы «Ұран» газетін ұйымдастырады. Оның бас редакторы сегіз жұрттың тілін білген, қазақ тарихшысы Ғабдолғазиз Мұсағалиев (Абдул Азиз Муса) болған. Орда қаласындағы алғашқы газет «Ұранды» жеке адамдар бірлесіп шығарып тұрады. Газет елде болып жатқан саяси қоғамдық қозғалыстардан тысқары қалмайды. «Қазақ» газетінің 1917 жылы 24 шілдедегі № 237 санында Орынборда ашылған «Жалпы қазақ съезі» туралы айта келіп: «Алаш», «Ұран», «Сарыарқа» газеттері олар да жоғарыда айтылған мәселелер туралы пікірлерін білдірсе екен» деген болатын [10]. С.Сейфуллин осы азаматтық қарсылық жылдарында шығып тұрған «Сарыарқа» (Семей), «Алаш» (Ташкент), «Қазақ» (Орынбор), «Тіршілік» (Ақмола) газеттеріне сипаттама бере келіп: «Әр жерде-ақ газет шығара бастады. ...Бөкейлікте, Астрахань қаласында, «Ұран» газеті. ... «Ұранды» басқарған – А.Мұсаұлы» - дейді [11]. Одан әрі Бөкей қазақтарының арасындағы саяси қозғалысты сыртынан бақылап жүрген Сәкен: «Газеттерге қарағанда, Бөкейліктің оқыған еңбекші азаматтары өздеріндегі Керенский үкіметінің әкімдерін түсіріп, Бөкейлік үкіметін бұқара қолына алғандығы білінді» дей келіп, «Қазақ» газетінің 1918 жылы 27 ақпандағы № 261

санындағы «Ұран» газетінен «Тағы да өзгеріс» атты мақаланы көшіріп басқанын айтады. Газеттердің сол кезде Орынбордағы «Қазақ» газетінің ықпалымен жүргендігін айта келіп, бәрінің құлақ күйін «Қазақ» газеті бұрап беріп, нұсқау береді «ұлтшыл, байшыл газет болды» деген қорытындыға келеді. Әрине, біз бұдан Сәкеннің сол кездегі «әр адам өз заманының - құлы» деген қағидадан әрі аса алмай қалғанын түсіну қиын емес. Заман тудырған саясат дауылында ол да уақыт көрсеткен міндетті орындауға кірісті және жетекшісі болды. «Ұран» газеті қазақ халқын прогресс, өнерлі елдер қатарына шақырғанымен кеңес үкіметі саясатын бірден қолдай кетпеді, сөйтіп бұл басылым большевиктердің баспасөз туралы Декретіне сәйкес өзге басылымдармен бірге жабылады.

Жоғарыда көрсеткен жолсапар мақалаларында Орал губерниесіндегі Жымпиты уезінде болған сапарында С.Сейфуллин Батыс Алашорда туралы біраз деректер жинайды. 1918 жылы 11 қыркүйектегі олардың кезекті мәжілісінде Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметі таратылып, оның орнына Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше құрылады. Осы шешімді мақұлдаған бөлімше кеңес үкіметіне қарсы күштердің қолдауына ие болған олар тездетіп әскер құру, оны қаруландыру, Ұлттық банк ашады, баспахана ұйымдастырады, «Еркін қазақ» газетін шығарады. Газет жұмысына асыл азамат Кеңес Одағының Батыры Мәншүктің әкесі Ахмет Мәметов бел шеше өзі кіріседі. Орал облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған А.Мәметовтың өз қолымен толтырған 2 жеке ісімен танысудың сәті түсті. Жеке істің бірі Жымпиты уездік РКП(б) ұйымының атына толтырылған. А.Мәметов 1932 жылы аспирантураға баруға толтырған екінші жеке ісінде өз өмірбаяны туралы былай деп жазады: «...1919 жылдың аяқ шенінде Орал РКП(б) губкомитетінің «ЕРК» (Свобода) газетінің Жымпитыдағы және аудандық уезкомның органына редактор болдым» [12]. Осы мерзімді баспасөз туралы мәлімет С.Сейфуллиннің шығармасынан орын тапты. Ақынның «Тар жол, тайғақ кешу» романында өз көзімен көріп, өзі бел ортасында жүрген оқиғаларды суреттей отырып былай дейді: «Күнбатыс Алашорда» сүйтіп, өзінше істей берді. Айтқандайын, Ойыл қаласында газет шығарды. Газетінің аты жаңылмасам, «Жаңа қазақ» («Еркін қазақ»-Қ.С.) болса керек.

Шығарушысы - Ахмет Мәметұлы деген дәрігер»- дейді [11,129 б].

Осылайша, қазақ әдебиетінің негізін салушы С. Сейфуллин Батыс Қазақстан баспасөзінің тарихы туралы біраз деректер қалдырды. Орал баспасөзінің тарихынан келтірген бұл мәліметтерден біз оның біртұтас қазақ баспасөзін қалыптастырудағы рөлін көрдік. Жалпы, С.Сейфуллиннің аталмыш мақалаларынан баспасөзді ұйымдасқан, бірігіп және жұмыла кірскенде ғана нығайтуға болатыны айқын көрінді. Осылайша ол Орал өлкесі баспасөзінің көріктеніп, кемелденуіне, маңызданып мазмұндануына көп күш салды.

-
1. Еңбекші қазақ. – 1923. – 27 сәуір.
 2. Еңбекші қазақ. – 1923. – 11 қаңтар.
 3. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚ ОММ) 1- қ., 2- т., 507 - іс, 29 п.
 4. Сейфуллин С. Сол жылдарда. Повестері мен әңгімелері. – Алматы: Жазушы, 1973. – 470 б.
 5. Сейфуллин С. Бес том. шығ. жин. – Алматы: Жазушы, 1986.– Т.5. – 244 б.
 6. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – Алматы, «Жалын», 1976.– 260б.
 7. БҚ ОММ 1 - қ., 1- т., 111- іс, 164 – п.
 8. БҚ ОММ 1- қ., 1- т., 108 – іс, 3 - п.
 9. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты 5 - қ., 4 - т., 77- іс, 20 - п.
 10. Қазақ. – 1917. – 24 шілде.
 11. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. – Алматы, Жазушы, 1977. – 52 б.
 12. БҚ ОММ Маметов Ахмед. 37 - қ., 1 - т., 282 - іс, 109-п.

Мәншүктің әкесі

20-30-жж. сталиндік зобалаң тұсында қуғын сүргіннің құрбаны болып қатыгез тағдыр зарын бастан кешіргендердің бір бөлегі Алаш қозғалысының көш бастаушылары болатын. Солардың қатарында елім деп еңбек еткен, өмірі қиындыққа толы қазақ елінің абзал ұлдарының бірі - Ахмет Мәметов.

Батыс Алашорда қайраткері, Алаш қозғалысына қатысушы, ағартушы, ақын, журналист, дәрігер Мәметов Ахметғали (Ахмет) Орал губерниесі, Бөкей уезі, Орда ауданындағы Қойтоғыт қонысында дүниге келген. Тегі- Байұлына жататын шеркеш руының сүйініш бөлімінен.

Ағайындары оны Ақас деп атаған. Жастайынан батрақ болған әкесіне көмектесіп мал баққан, өзбетінше, кейін ауыл мектебінен сауатын ашады. Бала жасынан зерек болған Ақас 14 жасында жеңге, құрбыларына арнап өлеңдер жаза бастайды.

15 жасында Нарыннан Уфа қаласына бара жатқан адамдармен ілесіп барып, сол қалада біреуге жалданып қалып қояды.

Орал облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған А.Мәметовтың өз қолымен толтырған 2 жеке ісімен танысудың сәті түсті. Жеке іс Жымпиты уездік РКП(б) ұйымының атына толтырылған. Онда: өзінің 1894 туғандығы, 2 сыныпты білімі, 1920 жылы Забиров пен Алжановтың қолдауымен Жымпитыда партияға өткендігі, Орал көркемсурет одағы кәсіподағының мүшесі екендігі жазылған. 17 баптағы: «Революциялық қызметі туралы қысқаша мәлімет» атты сұраққа: «1920 жылдың ақпанынан Орал губкомының үні «Ерік» газетінің редакторы және 15 қыркүйектен (келесі бетінде 18 деген - Қ.С.) РКСМ ұйым жетекшісімін» деп көрсеткен [1].

Білім алу жолындағы оның қадамы туралы мынадай деректер 2-ші істе бар. А.Мәметов 1932 жылы аспирантураға баруға толтырған жеке ісінде өз өмірбаяны туралы былай деп жазады: «Мәметов Ахмед Мәметович 1895 жылдың желтоқсанында тудым. 1916 жылға дейін Уфадағы «Ғалия» медресесінде және Астраханьдағы жеміс - жүзім мектебінде оқыдым. 1916 жылы Ақтөбе уезіне қарасты «Сәуле» мектебінде мұғалім, 1917 жылы Орынбор қаласындағы «Қазақ» газетінде экспедитор және конторщик, 1922 жылы түрлі кеңестік қоғамдық

ұйымдарда, 1919 жылдың аяқ шенінде Орал РКП(б) губкомитетінің «ЕРК» (Свобода) газетінің Жымпитыдағы және аудандық уезкомның органына редактор болдым» [2]. Осы екі мұрағат деректерінде әр жылдары толтырғандықтан өзінің туған жылын екі рет түрліше көрсеткен.

Кейбір мұрағаттық деректерде 1910 жылы, ал кейбіреуінде 1913 жылы деп көрсеткен «Ғалия» медресесінде А.Мәметовтың оқығаны белгілі.

«Қазақ» газетінің 1915 жылғы 2 ақпан №101 санында «Тәңірі жарылқасын!» атты мақала жарияланған: «Өткен жаз елге қайтпай Сібір жағында мұғалім болып, осы қыс тағы да Уфадағы медресе «Ғалияға» келіп оқып жатқанымда, 12 қаңтарда атамның атамның опат хабары келіп, үйге қайтып едім. Елге қайтуға қаражатым кем болып тұрғанда серіктерім - қазақ шәкірттері өз араларынан жолдық ақша жинап берді.

Енді медресеге қайта барудан үміт үзіп тұрғанымда «Қазақ» басқармасынан 25 сом барғанын көріп, баруға жігер екенімде, Лұқпан Көжеков, Әжікей Жакенов секілді құрбылар Уфаға жетерлік жолдық расход жинап беріп, тағы қайта бара жатырмын. Бұлардың әр қайсысына тәңірі жарылқасын айтамын!

Ахмет Мәметов» [3, 131 б.].

Осы медреседе оқып жүргеннен-ақ Ахметтің өлендері жарыққа шыға бастайды. 1912 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтер баспаханасынан «Аберт» (орысша «Назидание») жинағы жарық көреді. Қазақ халқының тәуелсіздігін армандаған балғын жастың «Тілегім» атты өлеңі сол жинақта басылып шықты.

1913 жылы осы баспадан «Кеңес» деген орыс ақын-жазушыларының жинақтарының шығармаларын қазақшаға аударып, жинақ етіп шығарылады. Алғы бетінде: «Автор Ахмет-Али Маметов. Букеевц. 47 страниц. Казань» делінген. Ахмет Мәметов медреседегі оқу жылдарында шәкірттерімен бірге төте оқулық «Әліппе» оқу құралын, Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар» өлеңдер жинағын шығарысады.

«Айқап» журналының 1914 жылғы №22 санының 300-301 беттерінде «Бір қазақ қызының әкесіне зары», 1915жылғы №1 санының 12-14 беттерінде «Тарих исламнан» атты өлеңінде кедейге көмектесуші халифа туралы аңызды мысалға келтіріп, елге пайда тигізуге шақырған.

«Ал енді бүгінгіні ойлап тұрсақ,
Бір жерге таласамыз кеңес құрсақ.
Халифа, патша түгіл, ауылнайлар,
Ақырып қорқытады мойын бұрсақ», - деген жолдарды оқимыз
[4,242-б.].

«Қазақстан» газетінің 1912 жылғы 24 сәуірдегі №11 санында «Жаз» атты өлеңінде табиғаттың әсем жаз бейнесі, сол жылғы 21 ақпан №7 санында «Ұмтыл» өлеңінде жастарды оқуға, өнер-білімге шақырды.

«Алаш» газетінің 1917 жылғы 25 мамырдағы №22 санында «Балаларға», «Қазақ» газетінің 1915 жылы 5 наурызда №109 санында «Көңіліме», 27 қаңтардағы №99 санында «Тілегім», 1916 жылғы №186 санындағы «Су жағасында» атты өлеңінде табиғатты суреттейді, 1917 жылғы №222 санында «Алашқа сәлем», №232 санында «Г...жұбату» өлеңдері жарық көрді.

Сөйтіп, 1912-1917 жылдары Ахмет Мамытұлы азамат болып қалыптасып, өз еңбегін, оқуын, халқына қызмет етуге арнады. «...Ақыры қаржы қиындығына байланысты Орынбордағы «Хусаиние» медресесіне ауысып, осы оқу орнын тәмамдады. Бұл жылдары Шәңгерейдің мәдени ықпалы аясында болды, ақынға еріп Тайпақ, Жымпиты өңірін аралады, Алаш қозғалысына үн қосты. 1916 жылы дүрбелеңі тұсында босқыншылыққа ұшыраған қырғыз еліне көмек беру жөнінде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Жәнібековтермен бірге 1917 жылы маусымда «Қазақ» газетінде қазақ еліне үндеу тастады. I-Бүкілресей Мұсылмандар сиезіне қатысқан бір топ зиялының Жалпықазақ сиезін Ташкент қаласында өткізу, Алаш автономиясына Түркістан өңірін қосу туралы ойын қостады» [5,129 б.].

1917-1918 жылдары Сұлтанбек Қожанов редактор, Мұстафа Шоқай шығарушы болған «Бірлік туы» газеті басқармасында жұмыс істейді. Кейін өзінің туған жері Бөкей уезіне қайтып келеді. Міне осы тұста 1919 жылы Алаш партиясының ісіне біршама араласып, қазіргі Ақтөбенің Ойыл ауданына қарасты Ойылда «Еркін қазақ» атты газетті шығарады. 1920 жылы Жымпитыдағы шығатын «Ерік» газетінде редактор болып жұмыс істейді. Міне, жоғарыдағы мұрағат қорында сақталған жеке істе бұл қызметтері анық та, айқын көрсетілді.

Баршаға аян, 1918 жылдың 18-21 мамыры аралығында Жымпиты қаласында Орал өңірі қазақтарының кезекті IV съезінде Қазақстанның бүкіл батысына ықпал етерлік ұлттық-территориялық құрылым – «Ойыл уәләтының Уақытша үкіметін» (Батыс Алашорда) жариялайды. Осы шешімді мақұлдаған кеңес үкіметіне қарсы күштердің қолдауына ие болған олар тездетіп әскер құру, оны қаруландыру, Ұлттық банк ашады, баспахана ұйымдастырады, «Еркін қазақ» газетін шығарады. Бірақ төртен бір нұсқасы жоқ тек әдемі қиял бесігінде «құндақтаулы» сәби үкіметтің газет шығаруға деген мұршасы болмады. Сондықтан бұл іске нар жүгін көтерер асыл азамат Ахмет Мәметов бел шеше өзі кіріседі.

Осы тұста тарих сахнасына шыққан Қазақстанның батыс өлкесіндегі осы мерзімді баспасөз туралы мәлімет алғаш рет қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, акын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің шығармасынан орын тапты. Революционер ақынның «Тар жол, тайғақ кешу» романында өз көзімен көріп, өзі бел ортасында жүрген оқиғаларды суреттей отырып былай дейді: «Күнбатыс Алашорда» (Батыс бөлімі-Қ.С.) сүйтіп, өзінше істей берді. Айтқандайын, Ойыл қаласында газет шығарды. Газетінің аты жаңылмасам, «Жаңа қазақ» («Еркін қазақ»-Қ.С.) болса керек. Шығарушысы - Ахмет Мәметұлы деген дәрігер» [б. 129 б.].

1919 жылығы 10 қаңтарда Қаратөбеде өткен облыстық земство жиналысының қаулысына сай газет шығаруды қолға алады. Кейін 1919 жылдың 1 қыркүйегінен Ойылда Батыс Алашорда көсемдерінің табанды қаракетінің арқасында тұңғыш тәуелсіз қазақ газеті жарық көрді. Газет «Еркін қазақ» деп аталды. 1997 жылы белгілі зертеуші - ғалым Б.Байғалиев газеттің 1 нөмірін ҚРОМА қорынан тауып алып, жариялайды. Бірінші нөмірінде астына «Бөкейлік баласы» деп қол қойған Ахмет жүрек кернеген қуанышын:

«Еркелеп «Еркін қазақ» алашына,
Жайылған Сарыарқаның даласына.
Жер-жерге сәлем беріп, тарауға тұр
Жалықпай жалпы қазақ арасына.
Тарамақ ел ішіне жеті сайын,
Қолға алып заманның түрлі жайын...»,- деп білдірді.

Беташар мақаласын жазған облыстық земство басқармасының бастығы Халел Досмұхамедұлының газеттің алғашқы нөмірін шығарудың жайын толық ашып көрсетіп береді: «Өткен 18-ші жылда бірқатар халық жұмыстарын басқарып, земстволарды құрып болғаннан кейін областной земствоға арнап Текеден 60- мыңға бір баспахана алынды. Бұл баспахананы Жымпиты қаласын әкеп құрды. Бірқатар керек – жарақтары да түгенделді. Іс басталды. Осылай айтып, енді газетті шығарамыз деп тұрған кезде Текені большевиктер келіп алып, Жымпитыға да қорқыныш кіре бастады. Қыс кезінде земство һәм басқа махкамалар кеңселерін шетірек болған Қызылқоға жағына қарап көшірді. Осы көшудің артынан жазға салым баспахананы да Ойылға көшірді. Баспахананы көшірген уақытта жолда бірқатар нәрселері жоғалып, Ойылға келген соң да, бір ай шамасында азар құрылып болды. Әуелде баспахананы Текеден алғанда бірге жалданып келген жұмыскерлерінің барлығы бірдей Ойылға келмей, қайтадан Текеге кетіп қалды. Бұрын баспаханада тұрып қызмет еткен, жұмыстарының жөн-жосықтарын білетұғын үш - ақ адам бірге Ойылға келді. Бұл баспахананың үлкен жұмысының біреуі - қазақ тілінде бір газет басып таратпақ еді... Қазір де наборщик жоқ, сонда да наборщиктікке үйреніп жатқан қазақ балаларымен шығармақ болып тұрмыз... шамалары болса жедді жұлдызынан бастап жұма сайын қалдырмай, айына төрт рет шығарып тұрмақпыз» [7, 78 -79 бб.].

1919 жылы ортасында «Ойыл уәлаяты» үкіметі шабуылын үдеткен Қызыл Армиямен астыртын байланыс жасайды да, қаруларын тастап беріледі. «Сөйтіп Кирвоенкомның 1920 жылғы 5 наурыздағы қаулысымен Күнбатыс Алашордасын таратады, осыған орай бұл газет жабылды».

«Жаңа арқа» газетінің 1929 жылғы 17 санындағы «газет-журналдарымыз» деген мақалаға сүйене отырып, «Еркін қазақ» газеті, 1919 жылы 26 қыркүйектен бастап Ойылда шыққан, біраз саны шығып тоқтаған. Ұлтшыл - алашордашыл газеті» деп баға берілді» [8].

«Еркін қазақ» газетін алашордашыл контрреволюшыл делініп тоталитарлық тәртіптің уағызшысына айналған «коммунистік идеология» қанша рет жерлесе де, большевизмге қарсы тұрған Батыс Қазақстандағы, оның ішінде Ақтөбе жеріндегі тұңғыш басылым екенін мақтаныш тұрғысынан айтуға болады.

1920 жылы Оралда мұсылмандарға арналып шығып тұрған «Яна фикир» газетінен басқа губбюро жанындағы Шығыс халықтары бөлімінің «Красный Восток» газеті жанынан қазақ тілінде газет шығару мәселесі қаралды. 1920 жылы 2 ақпанда өткен №2 мұсылман - жұмысшыларының жалпы жиналысында губком жанынан қырғыз-татар бөлімі құрылып, оның алқа мүшелігіне сайланған Камил Тухватуллин мен Хамид Тухфатуллиндер қазақ тілінде газет шығаруға қажетті қазақ кадры табылғанша газетті татарша шығара тұруға шешім алды [9]. Сол кезде шығып тұрған «Яицкая Правда» және «Яна фикир» және «Красный Восток» газеттері тұрғылықты қазақтар арасында жаңа үкімет саясатын өз мәнінде насихаттай алмағанын оларда түсінді. Көп ұзамай 1920 жылы 21 ақпанда өткен мәжілісінде Орал губерниелік партия комитеті «Қазақ - татар газеттері» атты мәселе қаралып, төмендегідей қаулы қабылдады: «Орал губерниесін мекен еткен халықтың басым көпшілігі қазақ болғандықтан жақсы жасақталған екі газетті (қазақша-татарша-Қ.С.) шығаруға мүмкіндік болсада, қазақша газетті шығаруға басым күшті аударуға күш салынсын. Қазақша газеттің редакциялық штаты былайша беркітілсін: 1 редактор, 1 хатшы, 1 жауапты қызметкер, 1 хат тасушы және 4 жолдас. Татар халқын басылымсыз қалдырмас үшін губкомның Қазақ-Татар бөліміне мерзімді үнпарақтар(листочка) шығару міндеттелсін.

Губком хатшысы: (Р.Шнейдерман) [10].

Міне, осы кезде Орал қаласында «Қызыл ту» газетінің негізі қаланды деген ой туады. Бұған дәлел, 1925 жылы 2 желтоқсанда «Қызыл ту» газетінің мерекелік бес жылдығын өткізу туралы Орал губкомының №2 §2мәжілісінде ұйымдастыру алқасы мен шаралары беркітіліп, ол шараны 1926 жылдың 8 қаңтарына белгіледі [11]. Сол кезде шығатын Орал губерниесінің татар-қазақ «Қызыл шырақ» газетінің қаладағы таралымы да нашар болды. Міне осыған орай 1920 жыл 4 мамыр күні Орал губкомы президумының мәжілісінде Заромовскийдің төрағалығымен арнайы қаралып қазақ газетін Жымпитыға көшіруге шешім қабылдайды [12]. Бұдан сәл кейін Жымпитыға баспахананда көшірілді. 1920 жылы 8 қазанда өткен губкомның мәжілісі қаулысымен «Қызыл шырақ» газетін қазақ тілінде шығару мақсатында редакциялық құрамына Улямаев, Игмушмахамбетов және Тоқтыбаев кіргізіледі [10, 164 п.]. Алайда сол жазғы екі ай

бойына Орал губерниесі мұсылман халқы газетсіз қалады, себебі Оралдан баспахана Жымпитыға көшіріліп жатты. Шілде айында Қазан қаласынан жергілікті татар - қазақ бөлімі күшімен татар тілінде әріптер алынады. Осының күшімен 1 тамызға үш кәссе әріп табылып «Қызыл шырақтың» екі саны қатар №14-15 нөмірлері 4000-8000 данадан шығарылады. Сол секілді оның «Красный Восток» пен «Молодой борец» атты және басқада жастар ұйымы ережелері басылған үндеулер мен үнпарақтар басылған. Осы тұста Орал облыстық әскери-цензуралық баспасөз бөлімге 1920 жылы 31/08 № 153 төмендегідей қатынас хат жолданады: «Орал губкомына қарасты Шығыс бөлімі жанынан «Красный Восток» («Қызыл шырақ») газеті шығады. Енді жақында Жымпитыда уездік РКП(б) мен атқару комитетінің органы «ЭРК» (Свобода) қазақ тілінде шығатынын қатерге беремін. Хатшы: (Улямаев)» [10, 77 п.].

Жоғарыда айтқан татар - қазақ бөлімінің жанынан шығып тұрған «Қызыл шырақ» газетін губбюроның Коммунистік Шығыс бөлімінің хатшысы Зайнуллин Мәскеуге қызмет бабымен іс сапарға кетуіне байланысты Жымпиты уезінің хатшысы Улямаевтың редактор ретінде қол қойған 3 саны 9000 данамен шығарылады. Осы кезде Жымпитыда «Ерік» газеті шығып, сол кездегі дәуір үніне өзіндік үлесін қосады. Әсіресе, еңбекшілер арасында сауатсыздықты жою, мәдениет жұмысы мәселелеріне көп орын беріледі. Уездік комитет жанындағы татар-мұсылмандар бөлімі берген төмендегі есебінен үзінді келтіре кетсек: «Киргиз-татар бөліміне Х.Тұхфатуллин тағайындалғасын оның басшылығымен «Янги фекрдің» № 3-4 саны әр данасы 3000 шығып, барлығы 9000-1200 таратылды да тоқтап қалды. Оның орнына қазақ тілінде «Ерік» газеті А.Мәметовтың редакторлығымен жарық көріп, № 6-7 сандары әр данасы 3000 шығарылып, жалпы таралымы 21.000 жетті. Хатшы: (Улямаев)» [13].

Біз бұдан сол газеттің таралымы тез өсіп, мазмұнды шығарылуына редактор Ахмет Мәметовтың қандай құлшыныспен кіріскенін айтпасаңда түсінесің.

А.Мәметов 1920 жылдың аяғы мен 1921 жылдың көктемінде облыстық «Қызыл ту» газетіне редакторлыққа ауысады. Осы газетте еңбек етіп жүргендегі мынадай әсем көрініс жүректе сақталған: «Оралда шыққан «Қызыл ту»

газетінің редакторы болып жүргенде осы газетті құру үстінде бетке алты жол жетпей қалған білем. Бет құраушы соны айтса: «Ой, осы да сөз бе екен? Кәне, мен айтайын сіз теріңіз. Әминашым-айнашым, сағындым, қалкам, қайдасың? » деп өлеңдете жөнеліпті» [14, 92 б.].

Бұл да болса Ахмет Мәметовтың жан жары Әминаға арнаған жүрек сезімі, адал махабатының айқын айғағы.

1921 жылы 25 наурыз күні Орынбор қаласындағы Киробкомның үгіт-насихат бөлімінің хатшысы Зеленовский А.Мәметовті партиялық жұмысқа тарту туралы Оралға шұғыл телеграмма берген. Сөйтіп 1922 жылдың аяғына дейін Бөкей губерниясы атқару комитеті алқа мәжілісінің мүшесі және үгіт-насихат бөліміне меңгерушісі болып сайланады. Алайда 1921 жылы қыркүйектегі компартия қатарын солшыл партиялар мен алашордашылардан тазарту науқанына ілігіп «М.Шомбалов тобына қатысушы» деген айыппен партия қатарынан шығарылады [15]. Дегенмен де Бөкей губаткомының құрамында «Қосшы» ұйымының жетекші жұмысына араласа береді.

А.Мәметов батыс өлкесіндегі шаруалар көтерілісін ұйымдастырған И. Тайманов пен М.Өтемісов туралы да еңбек жазған. Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс жөнінде ел аузында сақталған материалдарды жинастыру жұмысын Батыс Қазақстан облысының зиялы азаматы Ахмет Мәметұлы (Мамытұлы) жалғастырды. Ол 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Исатай- Махамбет» деген көлемді мақала жариялайды.

Алаштың соңғы астанасы болған Ақтөбе губерниясына қарасты бұрынғы Ойыл қаласында да қайтадан татар-қазақ газетінің жұмысын қайтадан қалпына келтіру жұмысы жүріп жатты. Алаштың ардақты ұлдарының бірі Ахмет Мәметов редакторлық еткен «Еркін қазақ» газетінің баспаханасы түгелімен Орынборға көшіріп әкетілгендіктен баспа ісін жаңадан ұйымдастыру міндеті тұрды.

1920 жылы 23 қазанда Ойыл уездік партия ұйымы мәжілісінде хатшы Тухфатуллиннің төрағалығымен мұсылман газетін ұйымдастыру қаралды. Газет шығару үшін 2 мұсылманша әріп теруші мен 1 басушыға қоса төмендегідей іс-шаралардың тізімі жасақталып губерниелік басшы ұйымдар алдына мәселе етіліп қойылды:

Қырғыз - татар газетін шығаруға қажетті материалдар:

Қажетті материалдар	саны
Газет басатын машина	1 машина
Мұсылманша әріптер	25 пұт
Орысша әріптер	10 пұт
Әр түрлі материалдар	10 пұт
Сары қағаз	40 пұт
Ақ қағаз	10 пұт.

[16].

А.Мәметов кейін дәрігерлік мамандықты игеріп, республикамыздың денсаулық саласында жауапты жұмыстар атқарады. Қай жұмыста болмасын уақытпен есептеспей адалдық танытады. 1931 жылы I желтоқсанда Денсаулық сақтау Халық Комиссарлар Кеңесі Саратов тері және жұқпалы аурулар клиникасының аспирантурасына түсуге берген мына мінездемеден осыны анық аңғарасың:

«Характеристика на врача Маметова Ахмеда Маметовича, командиремого на аспирантуру.

Врач Маметов Ахмет Маметович по специальности – венеролог, социальное происхождение – сын батрака, социальное положение – служащий, родился в 1895 году, окончил Саратовский Университет в 1927 году, работает ординатором Венинститута, член Коллегии Наркомздрава, член Алма-Атинского Горсовета, в красной и белой армии не служил. С 1920 по 1922 г. состоял в партии и был исключен за группировку. Имеет ряд научных статей и работ, издаваемых Казиздатом(путь Здравоохранен. сифилис и триппер и т.д.).Относится к своим обязанностям добросовестно, выдержанный, политически устойчив и проявил себя, как врач – общественник. Наркомздрав рекомендует его на аспирантуру по венерологии.-

Кадры КНКЗ: (Назеркин)» [17].

Уақыт зымырап өте түсті. Тағдырдың жазмышымен 1938 жылы 11 қараша күні А.Мәметов атылып кетеді. Кейін 1958 жылы 27 ақпанда СССР Жоғарғы сотының әскери алқасы ақтау шешімін шығарды. Алашым деп алаш баласының бақытты өмір сүруін арыстай азамат армандап, соған бүкіл ғұмырын осылайша сарп етті.

Әкесінің атына кір келтірмеген қызы Маншүк Мәметова фашистерге қарсы ерлікпен қаза тауып, Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болады.

Ерлік деп осыны айт!

1. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚ ОММ) Маметов Ахмед Маметович. 10 парақ. 1921 жылы аяқталды. 1- қ., 2-тізім, 2752 –іс, 1-п.
2. БҚ ОММ. Маметов Ахмед 37-қ., 1- т., 282 – іс, 109 п.
3. «Қазақ» газеті (Бас редактор Ә.Нысанбаев). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
4. Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Қазақстан Республикасы, Орталық ғылыми кітапхана, 1999. - 843 б.
5. Тәж-Мұрат Мақсат. Батыс Алаш Орда (биобиблиографиялық сөздік тәжірибесі). – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2003. – 232 б.
6. Сейфуллин С.«Тар жол, тайғақ кешу». Тарихи – мемуралық роман. Алматы: «Жазушы». – Алматы, 1977. – 392 б.
7. Бақтыгерейұлы С. Түлеген Ойыл өңірі. (Деректі хикаят). – Ақтөбе: «NOBEL», 2001. – 235 б.
8. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан(Тарихи очерк). – Алматы: Қазмембас. – 1950. –25 б.
9. БҚ ОММ 1-қ., 1-т., 99-іс, 2 п.
10. Сонда. 1- қ., 1-т., 111- іс, 6 п.
11. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 141-қ., 17-т., 21-іс, 93 п.
12. БҚ ОММ 1- қ., 1-т., 57- іс, 72 п.
13. Сонда 108-іс, 3 п.
14. Мәметова А., Әліпқали Т. Мәңгілікке маздаған қыршын ғұмыр. – Орал, 2002. – 132 б.
15. БҚ ОММ 1-қ., 2-т., 2752- іс, 4-5 п.п.
16. БҚ ОММ 1-қ., 1-т., 124-іс , 79 – 81 п.п.
17. БҚ ОММ 37-қ., 1-т., 282- іс, 110 п.

**Аға милиционерліктен – редакцияға
(1923-1928 жж.)**

Оқырмандардың сүйікті басылымына айналған Атырау облыстық «Атырау» газетінің алғашқы санының жарыққа шығуына, кейін оның қалыптасуына өз қолтаңбасын қалдырған редакторлардың бірі Оралдық – Ғатау Махамбетов.

Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттарда оның атына 1924 жылы толтырылған № 0947306 жеке ісімен танысудың сәті түсті. Мұрағат құжатында «Ғатау Махамбетов 1900 жылы туған, қызметкер, ұлты – қазақ, білімі төмен, партиялық билет №0947306» деп жазылған [1]. Бұл құжатта оған қатысты уездік партия комитетінің қаулылары мен бірге өз қолымен жазған өмірбаяны бар. Ғатау Махамбетов Орал губерниесі, Орал уезі, Пируктукльский(Үйректі-Қ.С.) болысына қарасты №5 ауылында 1900 жылы 15 тамызында дүниеге келген. Оның әке-шешесі егін орып, мал өсірумен шұғылданған. Жеті жасқа келгенде ауыл мешітінде мұсылманша оқып, сауатын ашады. 1912-1916 жылдары арасында әкесіне қолқанат болып, үй шаруашылығына көмектескен. Өз білімін жалғастыру мақсатында 1916 - 1919 жылдары орыс мектебінде оқып, сауатын жетілдіре түседі. 1919-1920 жылдың 19 қыркүйегінде өз ауылындағы кеңеске хатшы болып жұмыс атқарады. Осы қызметте жүріп – ақ Жымпиты оқу білім басқармасы жанынан ұйымдастырылған педагогикалық курсты бітіріп алады.



Суретте: F.Махамбетов

1920 – 1922 жылдар да ауылындағы мектепте мұғалім болып жұмыс атқарған. Бұл қызметте жүріп ол газет жұмысына араласа бастайды. Батыс Қазақстан облыстық «Орал өңірі» газетінің 1968 жылғы 17 қараша күні жарияланған дербес зейнеткер F. Махамбетовтың «Сол бір кезде» атты мақаласында мынадай жолдар бар: «1921 жылдың февраль айының бас кезі еді. Үйректі болысының № 9 ауылындағы бастауыш мектепте (қазіргі Чапаев ауданы, «Восход» совхозының территориясы) сабақ беріп жатқанымда, бұрын көрмеген бір адам кіріп келді де есік жақтағы бір бос партаға отыра кетті. Кідіріп қалғанымды сезді білем: «Сабағыңызды өткізе беріңіз» - деді. Бұл соңғы сағат еді.

Сабақтан кейін класта екеуміз қалдық. «Бұрын көрмеген боларсыз, мен губерниялық партия комитетінен келдім. Фаилиям Әлжанов, есімім Батырбек, «Қызыл тудың» редакторымын» - деп өзін таныстырды. Сонан кейін ол портфелін ашып, онан жұқа сары қағазға басылған «Қызыл ту» газетін маған ұсынды да сөзін қайта жалғастырды» [2]. Одан әрі қарт журналист губерниелік газеттің ел ішінде таралуына, әсіресе мұғалімдердің толық жазылуына үгіттей келгенін түсінеді.

«— Сол күннен бастап «Қызыл тумен» бауырмаласып кеттім. Газет тарату, оған хат-хабар жазып тұру менің басты бір міндетіме айналды. Орал уезінде де, Гурьев уезінде де «Қызыл

тудың» белсенді тілшісі, әрі губерниялық, өлкелік газеттердің белсенді агенттерінің бірі болып кеттім», - дейді сол естелігінде Ғ.Махамбетов.

Демек, оның газетке деген сүйіспеншілігін РКП(б) Орал губкомы бюросы мәжілісінің 1925 жылы 17 қыркүйекте №40/4 қаулысымен Гурьев уезі, Доссор аудандық партия комитетінің хатшылығына тағайындалған Б.Әлжанов оятқанын аңғару қиын емес [3].

Ғ.Махамбетов 1922 жылдың 10 қыркүйегінде өз еркімен Орал губерниелік милициясының жанындағы командалық-саяси курсына түседі, оны 1923 жылы 1 ақпанында аяқтайды. Осылайша курсты бітіріп аттестат алған күні Гурьев уездік кеңестік милициясына жауапты қызметке жіберіледі. Қыстың ысқырық аязы мен боранымен арпалысып Гурьевке олар 9 күн бойы жүреді. Бойларында жастықтың оты лаулаған өрімдей жастардың араларында 24 жасар Ковалев деген азамат жол бастайды. Жол бойы азамат соғысының салған зардаптарын көздерімен көріп, адамдардың ауыр тұрмысына алаңдаушылық білдіреді. Ғатау Гурьев кеңестік милиция құрамында аға милиционер болып 1923 жылдың 1 қарашасына дейін қызмет етеді. Жаңа қоғам құруға ұмтылған азаматтардың тыныштығын күзетіп, қалада қоғамдық тәртіпті сақтауға сыбана кіріседі. Осы уақытта болып жатқан қоғамдық-саяси өмірден мақалалар жазып қана қоймай, Гурьевте тұңғыш қазақ тіліндегі газетті шығаруға араласады. Көзі ашық, білімді жігіт жергілікті басшы органдардың назарынан тыс қалмайды. Ғ.Махамбетов 1923 жылдың 1 қарашасы күні уездік оқу бөліміне нұсқаушы болып тағайындалып, бұл қызметті 1924 жылдың 10 ақпанына дейін атқарады. Осыдан кейін Гурьев комсомол комитетіне нұсқаушы болып беркіліп, бір жыл жарым ай атқарады. Осы тұста «Жұмыскер тілі» газетіне жауапты редактор болады. 1926 жылдың 1 желтоқсанынан бастап Гурьев уездік партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне нұсқаушылыққа тағайындалады. Мұрағатта сақталған құжатта көрсетілгендей, ол 1924 жылдың 25 ақпанында коммунистік партия мүшелігіне кандидаттыққа өтеді. Кейін Ғ.Махамбетов 1925 жылы 9 ақпанда партиялық мүшелікке өтуге берген арызына қоса 1919 жылдан партия мүшесі уездік комитеттің жауапты қызметкерлері Тилеев Шамсон мен 1920 жыл 21 наурыздан партия мүшесі Биікбаев

Ысқақ деген азаматтар кепілдеме береді. РКП(б) Гурьев уездік комитетінің 1925 жыл 16 наурызында №11 алқа мәжілісінің қаулысымен Ғ.Махамбетовты партия мүшелігіне өткізеді [1, 5,7 п.п.].

Ғ.Махамбетов Гурьевте «Ерік» («Атырау») газетінің бірінші санының жарық көруіне тікелей араласқан жан. «Мұнайлы Ембінің социалистік қалыптасуы» атты кітапта «Жастық жылдары – ерлік жылдары» атты естелігінде былайша жазады: «1923 жылдың басында Орал губкомының шешіміне орай Гурьев уездік «Ерік» газеті шыға бастады. Бірінші саны 1923 жылдың апрелінде шықты, ал бірінші жауапты редакторы болып С.Мәмбетов тағайындалды. Одан кейін газетке мен редакторлық еттім. 1924 жылдың 28 тамызынан бастап «Ерік» атауы «Жұмыскер тілі» болып өзгертілді. Басылымның қазақ тілінде жарық көруіне уезд еңбекшілері қуанышпен қарсы алды. Редакцияға Ембіден мұнайшылар мен балықшылардан келген жедел телеграммалар мен хаттар бір толастамады. Газеттің бірінші саны қиын жағдайда шықты. Тәжірибелі журналистер мен баспаханашылар жоқ болатын, оның үстіне ана тіліндегі әріптер жетіспеді. Газет ұзақ уақыт бойы темекінің сары қағазына басылды. Аптасына 1-2 рет жарық көрді. Баспаханада электр жарығы болмағандықтан май шаммен жұмыс істеуге мәжбүр болдық» - деп еске алады [4]. Демек, бұл деректен Ғ.Махамбетовтың уездік аға милиционер болып жүріп те газет жұмысына белсене араласқанын көрініп тұр. Уездік комсомол, оқу бөлімінде жауапты қызметтерде жүріп уақытпен есептеспей «Жұмыскер тілі» газетіне жауапты редактор ретінде қол қойған. Бұл жерде оқырмандар назарына «Жұмыскер тілі» газетінің босатылған ақылы редакторы болмағанын, сондықтан жауапты редактордың жиі өзгеріп отырғанын қатерге бергім келеді. Мысалы, осы аралықта «Жұмыскер тіліне» редактор болып уездік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі З.Зұлхайыров та қол қойған. Оның кезінде осы газеттің таралымы 800-ге жеткен [5]. Ғ.Махамбетов газеттің жұмысын жолға қойып, жоғарғы органдардың қатеріне көкейтесті мәселелерді ұсынып отырған. РКП(б) Гурьев уездік комитетінің Орал губкомымен жазысқан хаттары арасында сақталған мына құжат осының куәсі:

«Рабочая Правда» мен «Жұмыскер тілі» газеттерінің 1925 жыл I маусымдағы жағдайы туралы»

Екі газетте түскен қаржыға орай жарық көреді. Бірақ олар толықтай өзін-өзі ақтай алмай отыр, оған қоса баспахана мекемесі қосылып берілгендіктен оның аз ғана пайдасы газеттің жетіспестігіне жұмсалып отыр. Алайда қаржының жетіспеушілігін алдын алу мақсатта баспахана пайдасы (айына 200-400 сом мөлшерінде), енді қайтарымсыз қарыз алуға мәжбүр болдық. Міне, 1924-25 жылы газет редакциясы мынадай субсидия алды: РКП(б) ОК-1325 сом, уездік аткомнан 392 сом 94 тиын, уездік кәсіподақ бюросынан 135 сом 59 тиын алдық. Бұған қоса редакция мен баспахана қызметкерлері жергілікті клубта ақылы спектакль қойып, баспасөз үшін 24/25 жылдары 312 сом 51 тиын пайда таптық.

Күні бүгінге дейін жаңа газет қағазы болмағандықтан бұрыннан сақталған қордағы барға басып келеміз. Қазір оның таусылуы да жақын, әрі газет басуға жарамасыз: сарғайып кеткен. Ондай қағазға КСРО-ның ешбір жерінде газет басылмайды. Демек, жаңа қағаз сатып алу қажет, ал оған баспахана мен редакцияда қаржы жоқ.

Бұдан әрі әріптер мен баспаханың құрал-жабдықтары әбден ескірді, жаңадан толықтыруды талап етеді. Әріптер ескі, мүжіліп біткен, сондай-ақ үтір мен тасымалдауды білдіретін сызықша белгілері жоқ. Оны жаңарту қажет, ал ол үшін тағы қаржы керек.

Енді газетке басылған материал үшін қалам ақы төлеу мәселесі. Газетте басылған материал мазмұнын жақсарту үшін жұртшылықты тарту керек, ал үшін оларға ақша төлеу арқылы ынталандыруға болады.

Бұдан басқа газетке жазылушылардың қызығушылығын арттыру үшін газетке қосымша бетше шығарғандық артық болмас еді. Ол үшін журнал бояуы мен газетке сурет басуға да қаржы керек. Міне сондықтан есептелген смета құны нақты 6005 сом болды, оны шығарушылар тарапынан редакцияға бөлінеді деген үміттіміз.

Қазіргі уақытта «Рабочая Правда» таралымы 610 дана, ал «Жұмыскер тілі» газеті 500 дана, ал оның «Раб.Пр» -58 данасы және «Жұмыскер тілінің» - 44 данасы тегін таратылады.

Сондықтан, мұндай таралыммен газет өзін-өзі ақтайды дегенді ойлауға болмайды. Таралым санын арттыру қажет, сондықтан газетті жақсартып және жазып алдырушылардың қызығушылығын тудыру қажет...

«Жұмыскер тілі» газетінің редакторы: Ғ.Махамбетов.

20 маусым 1925 жыл» [6].

Ғ.Махамбетовтың газетке қаржы көзін жолдарын іздеп көркемөнерпаздар тобын ұйымдастыруға дейін барғаны қазіргі нарық заманының белгілері сол кезде қылаң бергені көрініп тұр. Сол жылдары Гурьев қаласында «III Интернационал», «Артем» және «Пищевик» атты үш клуб болған. Алғашқы уақытта ешқандай шаралар өтпегенмен, 1923/24 жылдары комсомол ұйымының күшімен осы клубтар жанынан көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істей бастаған. Пьесалар мен концерттер тегін қойылған. «III Интернационал» клубында қазақ және татар жастары сахнаға алғаш рет С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Еңілік- Кебек», «Қыз Жібек» пьесаларын сахнаға қойған. Пьеса мен концерттерді дайындау комсомол белсенділеріне оңайлыққа түспейді. Әртістер қажетті декорация мен киім-кешектерді қаланың тұрғындарынан жинауға мәжбүр болған. Ғатау Махамбетов жоғарыдағы өз естелігінде былай дейді: «Алғашқыда қазақ жастары сахнада ойнамақ түгіл, сцена мәдениеті туралы хабарлары болмады. Көпке дейін қыз бен әйел образына ойнаушылар табылмады. Қасиля Аралова, Мағира Арысланова, Бадар және Шакар Вагапова, Сара Юзликеева(әріп терушілер-Қ.С.) алғашқы әртістер еді. Кейін олардың қатарына партия мүшелері қазақтар Ақжан Аманова, Ақаш Тебсаева, комсомол мүшелері Жамал Ещанова және т.б. Қазақ қойылымындағы ер адам бейнелерін мұнайшы Өтеп Абдошев, Әмір Мұқамбетов, балықшы Сыық Неталиев, Ғ.Ғұбашев, М.Жұмағалиев және Е.Досимов болды. Аралов(Лұтфолла-редакция қызметкері –Қ.С.) мен М.Қарымбаев тұрақты суфлер қызметін атқарды.

...«Жұмыскер тілі» газеті жастар тәрбиесі міндетін алға қойды. Уездік партия-комсомол ұйымдарының шешіміне орай комсомол жұмысын жақсарту мақсатында газетке қосымша бет шығарылды. 1925 жылы 15 сәуірде «Жұмысшы жастар» («Рабочая молодежь») атты бетше шығарылды. Комсомолдық бетшенің редколлегия мүшелерінің бастамасымен

Гурьев жастарын мұсылмандардың мерекесі «Ораза айтта» қала сыртындағы садқа 250-300 түп ағаш отырғызып, барлық кәсіпорындар ұйымдарына үлгі көрсетті» [4, 375 б].

Газетке деген құштарлығы ақыр соңы Ғатауды осы жолға салады. Гурьев уездік комитетінің 1927 жыл 10 тамызда өткен №33 §5 бюро мәжілісінде мынадай қаулы қабылданыпты: «ВКП(б) уездік комитетінің нұсқаушысы болып ж.Махамбетов 1926 жылдың желтоқсанынан бері атқарады. Оның нұсқаушылық қабілеті төмен, жұмыстағы белсенділігі әлсіз, бірақ газет ісіне деген бейімі бар. Сондықтан баспасөз бағытына пайдалану керек» деп шешім алыпты.

Көп ұзамай Гурьев уездік комитеті жолдамасымен Ғ.Махамбетов Мәскеудегі ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы партия қызметкерлерін дайындайтын курсқа жіберіліп, оны 1928 жылы маусым аяғында бітіріп келеді. 1928 жылы 11 маусымда Орал губерниелік «Қызыл ту» газетіне хатшылыққа тағайындалып, 1929 жылы шілде айына дейін атқарады. 1929 жылы 11 мамырда өткен ВКП(б) Орал округтік комитетінің №21 § 12 мәжілісі қаулысымен редакциядан кері шақырылып, өлкеде жаңа алфавитті енгізу үшін мәдени-үгіт бригадасына округтік оқу бөлімінің қарамағына жіберіледі [1, 21 п.].

Ғ.Махамбетовтың бұдан кейінгі творчестволық қызметі мен өмір жолы өзінің туған өлкесі Батыс Қазақстан облысында жалғасты.

1. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ) 3-қ., 1-т., 49-іс, 1-п.

2. Махамбетов Ғ. «Сол бір кезде» // «Орал өңірі». – 1968. – 17 қараша.

3. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚ ОММ) 1-қ., 1-т., 1134-іс, 3-п.

4. Государственный архив Гурьевской области «Социалистическое становление нефтяной Эмбы» (Сборник документов и материалов). – Гурьев, 1965. – 373 с.

5. БҚ ОММ 1-қ., 1-т., 1384-іс, 1-п.

6. АОММ 3-қ., 1-т., 334-іс, 5-п.

II бөлім

Қазақстан Республикасы Орталық кітапханасының сирек қорында сақталған «Қызыл Ту» мен «Красный Орал» басқармаларының жанында болған жұмыскер, ауыл және поселке тілшілерінің губерниелік тұңғыш тобы» атты кітап (Бұл кітапты арапшадан аударуға көмектескен С.Демирель атындағы университетте оқитын қытайдан келген қазақтар 1 мамыр 2007 жыл)

Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!

«Қызыл Ту» мен «Красный Орал» басқармаларының жанында болған жұмыскер, ауыл және поселке тілшілерінің губерниелік тұңғыш тобы

(1927 жыл январдың 21-25)

(Топтың қаулыларына, сөз алды және тілшілер үйірмесін құру туралы уақытша негізгі ереже қосып басылды)

Бастырушы, «Қызыл Ту» басқармасы.

Теке қаласы - 1927 жыл

«بىرىڭنىڭ ھۆزىنىڭ ھىكە كىشىلەرى، بىرىڭنىڭدەر!»

«Кызыл ту» мен «Красный Орал»
басқармаларының жаанында
болған. Жаңықса, ауқым және
поселке тілінің мерінің губер-
ниялық тұрғыш табы.

«قىزىل تۇۋ» مەن «كىراسنى وراى»

باسقارمалارنىڭ جانىندا بولغان

چۇمىسكەر، اۋىل جانە پىاسولكە تىلىشلەر بىنىڭ

گۇبىرنەلىك تۇڭغىش توبى.

(1927 نىشى جىل، غەنىۋاردىڭ 21—25 ى)

(توبىنىڭ قاۋىللىرىنا، سوز الدى جانە تىلىشلەر

ئۇيرمەسنى قۇراۋ تۇۋرالى ۋاقتىشا

نەتىجى ھەرجه قوسىلىپ باسلىدى).

باستىرىۋىشى:

«قىزىل تۇۋ» باسقارماسى.

نەكە فىلاسى—1927 جىل.

СӨЗ БАСЫ

«Әуелі үркердей ғана болған, қазірде үлкен көлем алған, келешекте орасан көлемденіп қанатын жаятын, біздің жұмыскер және ауыл тілшілерінің қозғалысының негізгі мағынасы - жұмыскер мен қара шаруаның жаңа қабаты біздің жалпы ұйымдастырушылық құрлысымызға нағыз белсенді қатынасуға көтерілгендігінде жатыр» - бұл сөзді біздің партияның жол басшыларының бірі жолдас бұқараны айтқан.

Жуырда ғана біздің газетіміз – «Қызыл Ту» мен «Красный Урал» жұмыскерлермен ауыл және поселке тілшілерін бірендеп – қана, ең тәуір дегенде - ондап-қана саналатын еді: Жұмыскер, ауыл және поселке тілшілерінің губерnelік тұңғыш тобы шақыруы қарсаңында екі газеттің маңайына 400-ден астам тілшілер қозғалысының өркендеп өсуіне еш бір шүбә жоқ. Дегенмен тілшілер қозғалысының өсуі көз алдымызда болсадағы, бұл қозғалыс ұйымдастырушылық жағынан әлі де тиянақталып болған жоқ. Әсіресе ауыл мен поселкеде солай. Қане (қазір-Қ.С.) онда тілшілер ұйымының негізгі ұясы - үйірме дегеннің өзі де жоқ.

Ауылда тілшілер үйірмесінің мүлде жоқтығы, ауыл тілшілері қозғалысына басшылық жұмысына және олардың арасында тәрбие жұмысын жолға қоюға үлкен әсер етеді, ауыл тілшілерінің қызметін қиындатады, оларды өздерінің күнделік қызметінде саңлаусыз қылып қояды. Сондықтан да губерnelік тұңғыш тілшілер тобы, жуырда істелетін негізгі міндеттердің бірі деп мынаны таныды: бірінші - газет пен тілшілердің байланыстарын бұрынғыдан да жақынырақ орнату. Екінші - саяси мектептерге тарту жолымен барлық тілшілер арасына тәрбие жұмысын күшейту.

Жалпы тілшілер қозғалысының тағы да бір көрне кемшілігі, тілшілер қызметіне негізгі негізгі көпшілігіміз жұмыскерлер мен қара шаруалардың кем тартылғаны. Әсіресе қазақтың жұмыскері мен нағыз шаруаларынан тілшілер жоқтың қасы. Әйелдер жөнінде де хал осындай. Сондықтан басқарманың да және әрбір тілішінің де міндеті деп мәжіліс мынаны тапты: Ол тілшілер

қозғалысына алдымен жұмыскер және шаруаларды тарту. Сонымен қатар әйелдерді де тігіншілікке баулуды ұлы міндет етіп тапсырады.

Байтақ еңбекшілер көпшілігінің тілшілер қозғалысына төте қатынасуының ділгерлігін тудырып отырған, біздің партия мен кеңес үкіметінің алдында тұрған осы күнгі алуан - алуан міндеттер. Ол міндеттер негізінде, елімізді социалдық құрылыстың жолымен тоқтатпай, бұлтарыссыз алға қарай алып баруға тіреледі. Бұл жолда, мемлекет орындарынан тыс қана емес, оның ішінде жасырынып жатқан бірталай кеселдер жатыр. Бұл кеселдерді байтақ еңбекшілер көпшілігі қатынасқанда ғана болғанынша жедел құртуға болады. Мемлекет орындарын өңдеу және іскер ету жөніндегі жетістік, ондағы төрешілдік және былықбайлықпен күресу, оның түрліше кемшіліктері және қаскүнемдігі мен күресу - жұмыскер мен шаруаның төте қатынасқанында ғана қамсыз болмақ. Ауылда не кемшілік жоқ, ауылда не бұзықтық жоқ, қайсы бірін санап бітірелік, соның бәрін жою, олармен күресу үшін алдымен мемлекеттік мекемелеріміздің қаладағысын да, даладағысының да оңдап алуымыз керек.

Бұл жөніндегі мергеніміз, партия және кеңес үкіметі мен қолға қол ұстасып қызмет жасайтын жұмыскер - ауыл тілшілері. Партия(оның ұялары, комитеттері, бақылау комиссиялары) мен кеңес үкіметі (жұмыскер шаруа инспекциясы, прокурор) тарапынан бар жәрдем істеліп тұрған уақытта, тілшілер өздерінің жауапты қызметтерін газет арқылы орындап отырады.

Губерниелік тұңғыш топ бірсыпыра орасан бағалы қаулылар қабыл алды. Біздің губерниеміздегі тілшілер қозғалысы келешекте табан тіреп нығая, өркендей беруіне осы қаулылар ұлы негіз болуы тиіс.

Негізі салынды. Жас тілшілер өзегі осы негізге құрыла, нығая жұмысын өркендете бермек.

«Қызыл Ту» басқармасы.

Съезді құттықтау телеграммасы

Қазақстан өлкелік партия комитетінің құттықтауы

«Қызыл Ту» шығарушысы Сүгір ұлына.

Газетіміздің ауыл тілшілерінің губерниелік тұңғыш мәжілісіне Қазақстан өлкелік партия комитеті атағынан жалынды сәлемімізді айтыңыз.

Ауыл тілшілері партияның соңынан еріп, ауылды кеңестендіру, ауылда кеңес жұртшылығын жасау, батырақтар мен кедейлерді өз қатарларына тарту ісінде күрделі еңбек сіңірулері тиіс. Қызметтеріңізден жеміс күтелік.

Өлкелік партия комитеті хатшысы үшін:

Рыбакин

Өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімінің меңгерушісі және «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты шығарушысы :
Тоғжан ұлы Ғаббас

Төменде осы кітаптан үзінді:

سىيەزدى قۇتتىقتاۋ تەلگىرامى.

قازاقىستان ولكەلىك پارتىيا كامىيەتەتىنىڭ قۇتتىقتاۋى.

«قىزىل تۇۋ» شىعارىۋىشىسى سۇگۇر ۇلىنا.

گازەتتىكىزدىڭ ۇىل ئىلىشلىرىنىڭ گۇبېرنەلىك تىۋىغىسى ماچىلىسىنى، قازاقىستان ولكەلىك پارتىيا كامىيەتەتى اتاعىنان چالىنى سالىمىزدى ايتىڭىز. ۇىل ئىلىشلىرى پارتىيانىڭ سۇگىنان مەرب، ۇىلدى كەڭەستەندىرىۋ، ۇىلدا كەڭەس چۇرىتىشلىمىن چاساۋ، باتىراقتار مەن كەدەيلەردى موز قاتارلىرىنا تارتىۋىسىنى كۇردەلى ەڭبەك سىڭىرىۋىلىرى تىپىس. قىزمەتتىكىزدەن چەمىس كۇتتىك.

ولكىلىك پارتىيا كامىيەتەتى قاتشىسى مۇشەن: رەبا كون.

ولكىلىك پارتىيا كامىيەتەتىنىڭ باسبا سوز بولىمىن

مەڭگەرىۋىشى چانە «ەڭبەكشى قازاق» گازەتىنىڭ

چاۋابتى شىعارىۋىشىسى: توعجان ۇلى عابباس.

**Жолдас Федоров баяндамасы бойынша.
«Партия мен ауыл тілшілері»**

1. Ауыл жұмыскер тілшілерінің губерниелік тобы - кеңестер одағының ішкі және тысқы жалпы хәлі, оның бер жағында саясат, мәдениет, тұрмыс және шаруашылық хәлі, тілшілер жұмысының мақсатын әбден белгіленді - деп есептейді.

2. Мұнымен қатар топ «Правда» газетінің жалпы одақтық тілшілер сиезінде және партияның қарарында көрсетілген ұйымдасудың негізгі мақсаты мен шығарылған жол мен партия жол басшылық етіп отырғанда тілшілер жұмысы орындалып тілшілер қозғалысын түзу жолға түседі деп есептейді. (Жұмысқа өз еркімен кірісу, губерниелік, уездік газеттермен жапсырма газеттерінің маңайына тілшілерді ұйымдастыру, жапсырма газеттердің басқарма алкасында фракция болмауы, тағы сондайлар)

3. Сиезд көрсетіп өтеді: губерниелік, уездік газеттер арқылы партияның тілшілерге жол басшылығы болып тұрса да, төменгі басқыш партия ұйымдары көбінесе тілшілер жұмысына көңілдерін аз бөледі. Кейде олардың басшылығы теріс бағыт алып кетеді. Тілшілерге жол басшылық ету жұмысында жергілікті партия ұялары жолбасшылықтың негізгі шарты жапсырма газет арқылы көрсетіп отыруды қолданбай, өздері төте басқарып, нұсқау беріп отырады. Жапсырма газеттеріне партия мүшелерінен өкілдер белгілейді: бұлар кейде өздерінің міндеттерін газетке жазылған сөздерді тексеріп отыру (сендер) деп түсінеді. Жә болмаса газет жұмысына көңілді көп бөле қоймайтын жолдастардан қызметкер тағайындайды. Кейде газет жұмысына көңілді көп бөле қоймайтын жолдастардан қызметкер тағайындайды. Кейде газет жұмысына таныстығы жоқ жолдастарды белгілейді. Партия ұйымдарының жол басшылығында бұлардан басқа да тілшілердің жасырын атын әшкерелеу, тілшілер хабарландырған істің анығын мезгілінен бұрын- ақ жұртқа жарналау, тілшілерге әмір беріп отыру секілді кемшіліктердің барлығы байқалады.

4. Сондықтан ауыл және жұмыскер тілшілерінің тобы - төменгі басқыш партия ұйымдарына тілшілерге жолбасшылық етудің (партияның ХІУ- сиезінде белгіленген қалып бойынша) маңызы зор екенін партия ұйымдарына түсіндіруді губерниялық партия комитетінен сұрайды. Партияның жалпы бұқарасын ауыл тілшілерінің қозғалысы мен таныстыру жұмысын өткізуі тиіс. Жазушылар үйірмелерінің тілшілерге жолбасшылық етіп отыруына аса үлкен көңіл бөліп, күш салуы тиіс.

Ж.Варнаков баяндамасы бойынша
Губернелік партия бақылау комиссиясы «Жұмыскер қара
шаруа инспекциясы» мен «Жұмыскер ауыл тілшілері» және
Ж.Мәтжан ұлы баяндамасы бойынша
«Прокурор мекемесі мен ауыл - жұмыскер тілшілері»

1. Қазіргі басымыздан өткізіп отырған дәуіріміз, жұмыскер табы мен қарашаруаның барлық назары ең басты мәселе – жұмыскермен қарашаруаның одақтығын бекітудегі ең ділгер шарттың бірі есебіндегі олардың дұрыс қатынастарын сақтау мәселесіне үйірілген болуын талап етеді.

Коммунистер партиясы мен кеңестер үкіметінің саясаты - түп негізінде сөзсіз дұрыс саясат – ендігі жерде жұмыскерлер мен қарашаруалардың одақтығын күшейтуді негізгі мақсат деп отыр. Өйткені осы одақтың негізі арқасында ғана социализм құрылысын түзетуге болады. Бұл саясатты дұрыс алып жүрудің өзі -ақ кеңестер мекемелеріндегі қызметкерлерді іріктеп алуды, бұл қызметкерлердің партия мен үкімет жұмыстарын атқаруын тексеріп отыруды талап етеді.

Бұл жауапты мәселені жүзеге асыру жолында бақылау комиссиясы- жұмыскер-қарашаруа инспекциясы және прокурор мекемесі үлкен маңызды орын алады.

Бақылау инспекциясы мен губерниелік прокурор ауылдарда төңкеріс заңын нығайту жұмыстарына қиындық келтіретін жағдайлар да бар. Олардың негізгілері мыналар: халықтың надандығы, ауылдарда кеңестер жұмыстарының өте нашарлығы. Кейбір жерлерде еңбекшілер мүддесін көргендей кеңестердің құрылмауы. Кедейлердің ақсақалдар мен атқамінерлер ықпалынан шыға алмай, бірқатар мәселелерді солардың шешулері.

Төңкеріс заңының ауылдарда нығайуының маңызын жалпыны, әсіресе кеңес қызметкерлерінің белсенді қатынасуды мойындарына алмаулары. Бұл қиындықтардан қалайда шығып, төңкеріс заңын нығайту алдағы тұрған мәселе. Соның үшін тілшілер мен түрлі қатынасты әсіресе тірі қатынасты(тікелей - Қ.С.) күшейту керек.

Губерниелік бақылау комиссиясі, жұмыскер- қарашаруа инспекциясі және прокурор мекемесінің жақын арада

тілшілермен қатынас жасауы туралы топ мынадай шаралар қолдану керек деп тапты:

1) Жұмыскер-қарашаруа бұқарасы мен партияның байланысын оңайландыру жұмысында бақылау комиссиясіне түрлі жәрдем беру.

2) Кеңес құрылысы жайынан болыстық аткомдердің, ауылдық кеңестердің, агроном жәрдемі, ағарту, шаруашылық, денсаулық тағы солар секілді жәрдемдер туралы істеп отырған жұмыстарына көңіл бөлінсін. Бұл істердің қалай жүріп тұрғандығы баспа сөз бетінде жақсы жағынан да, жаман жағынан да жазылып тұрсын.

3) Ең көп ой жіберетін бір жұмыс элеумет ұйымдары, әсіресе кооператив. Бұл ұйымдарды басқарушылардың халық алдында кооперативтің беделін кетіретіні ең кішкене қиянатына дейін баспа сөз бетінде жариялап отыруы тиіс. Кооперативтердің арзандату саясатын қалай жүргізіп, үстеме бағаны қаншалық кемітіп отырғандығында байқап отыру керек.

4) Жоғары, орта әкімшілік және шаруашылық мекемелерінің қызметкерлері үнемі комиссияларында, өндіріс ұйымдарының қызметкерлерінің түрлі жиналыстарына нашар қатынасатындарын ескеріп, бұларды жұмысқа тарту мақсатымен жұмыскер тілшілерге – үнемі комиссия мен өндіріс ұйымдарының қызметкерлерінің жиналыстарындағы жұмыстардың кемшіліктерін, сонымен қатар жетістіктерін де баспа сөз бетінде жазып тұруға тапсырылсын.

5) Үнемшілдікті жүзеге асыру жолындағы жетістіктерді баспа сөз бетінде кем көрсетушілік. Жалпы тілшілердің бұл мәселені баспасөз бетінде тоқтаусыз жарыққа шығарып отыруларын және бұл іске мекеме бастықтарын тартып үнемшілдік жұмысын жүргізу жолындағы түрлі кемшіліктерді айқындап отыруды талап етеді.

6) Орал губерниясында өте күшейіп кеткен қылмыстар мен әсіресе төменгі орындардың әкімшілік зорлығы мен аянбай күресуге топ өз тілшілерінің отрядын шақырады.

7) Топ төңкеріс заңының жедел жүргізілуі жалпы бұқараның осы күнгі заңға таныс болуымен ғана мүмкін деп біледі. Сондықтан осы жұмыстарға оқу үйлерінің, ленин бұрыштарының жанынан заң үйірмелері және заңға тірелетін мәселелер туралы түрлі мағлұмат беретін үстелдер құру шараларын қолдану өте керек.

Бұл жұмысқа ауыл оқығандарын, әсіресе сот-тергеу қызметкерлерін, анықтау мекемелерінің қызметкерлерін (милиция, ақша инспекторы тағы солар секілді жұмыскер) тарту тиіс.

8) Жоғарыда топтың тілшілерге жақын арада кірісуге міндет қылған мәселелерімен қатар, бұл жұмыстың тез орындалуы үшін топ тілшілері жұмыстарына үкімет мекемелерінің көңіл бөлуін талап етеді. Солардың ішінде:

(1) Оқиғаның дұрыстығын жазбаушылық кейде біле тұра өтірік жазушылық барлығын еске алып, сиезд мұндай тілшілерге масқаралық таңбасын басады және бұл жауыздық бір жолата тиылсын дейді. Мұндай қалдықтарды дұрыс қарастырмай, сыңар жақтылықпен тергеу. Жазылған сөздер рас болса да өтірік жазады деген пікір туғызады. Топ бұған прокурор мекемесінің шара қолдануын өтінеді.

(2) Сонымен қатар топ, қиянат, зорлық туралы жазылған сөздердің өте шабан зерттелгендігін бақылау комиссиясы мен прокурор мекемесінің есіне салады. Осындай халдер пікір туғызады және жазушылардың тауын қайтарады.

(3) Дұшпандардың жауыздығынан тілшілерді, олардың мал-мүліктерін қорғайтын заңдар баспа сөз жүзінде көрсетіліп отыруын керек деп санайды.

(4) Салт қылмыстары газет бетінде жарияланғанымен, тергеуде ашылмай нәтижесіз қалып отыр. Бұған себеп мұндай қылмыстар газет бетінде жазылып шыққансын - ақ сөйлесіп, ол қылмысты қымтауға қазақ халқының жол табатындығы. Сондықтан, топ ілгеріде салт қылмыстары туралы тілшілерден келген мақаланы басқарма тіке тергеу мекемесіне жіберіп соның нәтижесін жариялап оттыруды мақұлдайды.

Ауыл кеңестерін жандандыру, алдағы сайлау жұмысы, пішендік, егіншілік туралы заңдардың жүзеге асу реті тағы сондай мәселелерді тілшілердің күн ілгері газет бетінде жазып отырулары өте керек.

Ж. Сүгірұлының баяндамасы бойынша «Қызыл ту» газетінің күйі туралы

Жұмыскер, ауыл және село тілшілерінің губерниялық тұңғыш тобы «Қызыл Ту» газетінің есебін тындап мыналарды көрсетті:

1. Шаруашылық күйі жөнінде.

1. Өткен жылдарға, әсіресе былтырғы губерниялық баспас сөз бөлімі мекемесінің қарамағындағы кездеріне қарағанда, биылғы 1926/27 кәсіп жылында қаражат күйі едәуір көтеріліп және нығайып отыр. Бұл меншікті сметаға (кіріс - шығыс) жоспары шығып, сол смета бойынша 1926/27 жылдың бірінші кварталында қаражаттың дұрыс, дәл жұмсалғанын көрінеді. Және аз да болса барлық тиражы (алдырушылары) да ақылы болып отыр.

2. Бірақ «Қызыл Ту» тиражының сметада көрсетілген мөлшерінен (3 мың болуға тиіс еді) кейін қалып нашар өсуі және смета бойынша губаткомның беретін қаржысының 20% Қазақстан орталығының кесіп тастауы, жаз айларына қарай «Қызыл Тудың» қаражат күйі өте нашарлап кетуі қаупін туғызады.

Оның үстіне смета бойынша губатком беретін қаржыдан тысқары, Орталықтан сұралған 6300 сомның берілмеуі үлкен кедергі болатын.

3. Газеттің шаруашылық күйінің тұрақсыз болатындығына екі түрлі үлкен себеп бар. Бірі-газетті үздіксіз алдырып тұратын негізгі оқушыларымыздың жоқтығы. Бұл жалпы ауруымыз. Өйткені жалпы қазақ халқы мәдениеттен кейін қалып жаппай 97% (біздің губернияда соған жақын) надан қалуы. Сондықтан ел шаруасы мәдениетті жұрттар сияқты газетті ішкен асындай керексініп отырған жоқ. Және шаруашылықтың азамат соғысынан, жұттан орасан әлсіреп қалғандығы де әсер етеді.

Екінші - газет басының өзімізге өте қымбатқа түсетіндігі. Газеттің жеке саны өзімізге 12 тиыннан түсіп тұрғанда, біз жеке санын 5 тиыннан, айлап, 3-6 айлап, жылдап өткізгенде одан (2 жарым тиын) арзан сатып отырмыз. Себебі қарашаруаның күйімен есептескендіктен.

Үшінші - газет қағазының басқармаға жоғары ақыға түсуі. (Бір пұты 6 сом 82 тиыннан 7 сом 50 тиынға шейін тұрады). Баспахана расхоты өте көп. (Бұл жалпы расхоттың 50% құрайды. Дұрысында 25% болуға тиіс еді.) «Қызыл тудың» бір саны 81 сом тұрады және баспаханың қазақ бөлімінің техникасы өте нашар. Тиражы өте аз.

II. Газеттің мазмұны жөнінде.

4. Соңғы жылда газеттің мазмұны өңделді. Газет оқушысын таңдап-шаруа газеті болды. Негізгі бөлімдері ашылды. Ел тұрмысына көп назары ауды, тілшілер хаты көп орын алды. (Орта есеппен 26-жылы ай сайын 322 хат түсіп тұрды. Оның 60 % -і басылып отырған. Бұл хаттардың 60%- і елден түскен). Әр түрлі науқандар туралы алдын ала басшылықтар жасалып отырды. Губерниямыздың саясат, шаруашылық, мәдениет тұрмыстарына да газет бетінде басшылық оңдалып келеді. Ескі әдет ғұрып, қылмысты істермен күресу жөнінде бірсыпыра жетістіктері барлығы көрінді.

5. «Қызыл Ту» газетінің мазмұнының осындай жетістіктерін көрсетумен бірге губерниелік мәжілісі мынадай зор кемшіліктерін айтып өтуді де керек деп санайды:

- 1) Губерния уезіндегі бас қазақ қызметкерлерінің газет жүзінде қатынастарының кемдігі.
- 2) Шаруашылықты ғылым жолымен жүргізуде басшылықтың кемдігі. Оған мәдени күштердің кем тартылуы.
- 3) Әр уақытта да газет бөлімдерінің орынды - орынды кезегімен басылып тұрмауы.
- 4) Қоғам тұрмысының қолайлы жақтары өте кем жазылып, газет бетін өсек хабарлардың көп алуы.
- 5) Уезд орталықтарының хал-жайы өте кем жазылуы.
- 6) Өтем сақтау, тауар бәсін арзандату сияқты істерде газеттің еңбегі кем сіңуі.
- 7) Партия тұрмысы бөлімінің нашар жолға қойылғандығы. Онда төменгі партия ұйымдарының тұрмысы өте кем суреттелуі.

III. Ауыл тілшілерінің қозғалысын басқару және қатынас түзеу жөнінде.

6. Мәжіліс басқарманың мынадай жетістіктерін көрсетеді.

- (1) Соңғы жылдар тілшілер санының өсуі (25-жылда 15-ақ тілші болса, қазір 120 болып отыр. Осы санның 50 %-нің белсенділігі тәуір.
- (2) Губерние көлемінде ауылда 2 жерде тілшілер үйірмесі, қалада 2 үйірме жасақтаулы.
- (3) Газет бетінде тілшілер бұрышы ашылуы тілшілермен хат арқылы қатынас жасалуы.

7.Тілшілер қозғалысы жөніндегі басқарманың кемшіліктері деп мәжіліс мыналарды есептейді:

(1) Ауыл тілшілерінің сапасын көрсететін тұрғылықты есептің болмауы.

(2) Жұмыскер тілшілердің жоқтығы.Әсіресе губерниеміздің балық пен мұнай кәсібі аудандарында (Доссор, Мақат, Теңіз, Редут) жұмыскер тілшілерінің жоқтығы.

(3) Әйелдерден және нағыз қарашаруалардан тілшілердің жоққа жақындығы.

ІУ. Газеттің тарауы жайында

8. Бұл жөніндегі басқарманың жетістіктері мыналар:

(1) Азда болса газет алдырушылар өсуі(25-жылы тиражы 600 болса, қазір 1700

(2) Газет таратуға жаңа әдістер қолданылғандығы(сайлау науқанын пайдалану, Қосшы мүшелеріне тарату, төменгі кеңестерге міндетті алдыру)

(3) Газеттің барлық тиражының ақылы болуы.

(4) Газет бағасының арзандауы.

(5) Бар тираждың төрттен үшіншісі ауылға тарауы.

9. Газет таратудағы басқарманың негізгі кемшіліктері:

(1)Газеттің иесіне түгел тимеуі (ауыл, болыс аткомдары мен почтаның салақтығы)

(2) Газеттің Бөкей мен Орал уездеріне және жұмыскер аудандарына өте кем тарауы.

(3) Агенттер жазып алдырушылардың, срогы өткенін қадағалап жаңадан созуға(ұзартуға - Қ.С.) қам қылмауы.

(4) Басқарманың агенттері мен қатынасының нашарлығы.

«Қызыл Тудың» қазіргі күйін негізге алып, бірінші губерниелік мәжіліс, газеттің шаруашылық жағына да, сапа жағына да қатысы бар мына шараларды істеуді керек деп табады:

Шаруашылық күйі жөнінде

1. Басқарма келешекте сметадан шықпай қаражатын мұқият ұстасын. Сонымен қатар губерниелік ұйымдар алдында губатком бекітіп берген қаражат толығымен берілуі мәселесін ізденсін және Орталықтан сұралған 6 мың 3 жүз сомның берілуін дереу талап етсін.

Сметаның орындалуына мүмкіндік беру мақсатымен мына шаралар орындалсын.

(1) Баспахана расходын қайта қарап, оны арзандату. Бұл мәселені баспахананы оңдау (қазақ әріптерін молықтыру) жұмысымен байланыстыру.

(2) Газет қағазының басын (әр данасын-Қ.С.) мүмкін болғаныша арзандату.

(3) Газеттің тиражын өсіруге барынша күш салу.

Газеттің мазмұны жөнінде

1. «Қызыл Ту» - шаруа газеті болумен бірге, қала мен жұмыскер аудандарының да тұрмысын суреттеп отыруы тиіс. Және губернияға басшы газет болу міндетін де орындап тұрсын.

2. Басқарманың назары жоғарыда айтылған кемшіліктерді жоюға қатты аусын.

3. Сыртқы хабарлар өте түсінікті жазылып, көбінесе сыртқы хәлдерге қорытынды беріліп отырылсын.

Ауыл тілшілері қозғалысына басшылық жөнінде

1. Майдың бірінен қалдырмай, тілшілердің сапалық есебі алынсын.

2. Мүмкін болғанынша тілшілермен хат арқылы және тірі катынастар (бұлардың текке келуін пайдалану сияқты) күшейтілсін. Газет бетіндегі тілшілер бұрышын күшейтіп, оған үздіксіз ай сайын кемінде 3 рет газет бетінен орын берілсін. Тілшілерге басшылық және тәрбие жұмысының күрделісі сонда істелсін.

3. Жер ыңғайлы, қолайлы жерлерде тілшілер үйірмесін ашу тәжірибеленсін. Ол жерлерде басшылық тілшілер сайын емес, үйірмеге жасалсын.

4. Жұмыскер аудандарында тілшілер болсын. Онда үйірме жасақталсын.
5. Өз шаруасындағы нағыз қарашаруалардан(кедей, батырақ, қосшы мүшелерінен) тілшілер көп тартылсын.
6. Шаруа әйелдерден тілшілер жоқтығы ескеріліп, бұғанда көп назар салынсын.
7. Осы күнгі әрбір тілшінің міндеті - өздерінің қатарларын нағыз қарашаруалардан түзу болсын. Сол мақсатпен әрқайсысы шаруалардың хат білетіндерін баулып үйретсін.
8. Басқарма, жұмыскер, қарашаруа инспекциясы және прокурор мекемелерімен жақын араласып, солармен бірге мыналардың орындалуын қатты көздесін:
 - (1) Тілшілердің шын атын жариялау және оларды зерттеп бақылаушылармен(бұзық ойлылармен) қатты күресу.
 - (2) Тілшілер хатының орындалуына және аяқсыз қалмауы үшін тиісті мекемелердің назар салып шара қолдануына жету.
9. Басқарма тілшілер хатына өте назар салып, егер басылмайтын болса, мүмкін болғанынша әрқайсысына жеке хат арқылы себебін айтсын, я болмаса газеттің «Почта бақшасы»бөлімінде жауап дереу берілсін.

Газет тарату жөнінде

- 1.Топ басқарманың газет тарату жөніндегі әдістерін әбден мақұлдады.
- 2.Сонымен қатар мына шараларды істеуді керек деп табады:
 - (1)Май айына шейін сметада көрсетілген тиражын (3 мың) толтырсын.
 - (2)Төменгі кеңестердің және почтаның салақтығымен күресіп, айыптыларына заң бойынша шара қолдансын.
 - (3) Ауыл мектептері мен комиттер, қызыл отау, оқыту, оқу үйлері -мәдениет орталығы болғандықтан, олар газет таратуға да пайдаланылсын.
 - (4) Ауыл тілшілерінің барлығы агентікте болатын болсын.
 - (5) Елдегі агенттер өздерінің жинаған алдырушыларының срогы қашан толатындығын бақылып, қайтадан жазуға қолдансын.
 - (6) Агенттер басқарма алдында жауап берулерін оңдап істесін.

Ж.Сапаұлының баяндамасы баяндамасы бойынша

Губерниедегі тілшілер қозғалысы және оның кезекті міндеттері туралы

Бірінші губерниелік жұмыскер және ауыл тілшілерінің тобының шақырылуы кезеңіне, барлық тілшілердің саны-428. Жалпы тілшілердің партиядағылары -102 адам.(23.8%). Жастар ұйымындағылары-61 адам(14,2%), партиясыздары-265 адам (62%). Әлеуметшілік күйлерін алғандар: жұмысшылар-25 адам (5,9%). Шаруалар- 240 адам (56,1%) және қызметкерлер басқалар-163 адам (38%). Ұлт ретіне қарай бөлгенде: қазақ 122 адам(28,5%). Орыстар 308 адам (72%). Әйел-еркектері: 403 адам (94,1%). Әйелдер 25 адам (5,9%). Жұмыскер, село, ауыл тілшілерінің сандары: -44 адам(10,3%). Село тілшілері -262 адам(61,2%) және ауыл тілшілері 122 адам.(28,5%).

2. Тілшілердің жұмысшыларын, село, ауылдағыларын жеке жеке тексергенде мынадай жайды көреміз:

(1)Тілшілер қозғалысында партиясыздардың көбі село тілшілерінен(жалпы тілшілер санының 68,3%) ауыл тілшілерінен кем, небәрі 48,4% шамалы.

(2) Әйелдердің тілшілер қозғалысына қатынасында көбірек жұмысшы әйелдер -11,4 %, ауыл тілшілері әйелдерден тіпті аз 2,5% шамалы. Тілшілерді әлеуметшілік күйлеріне бөлгенде: жұмыскер тілшілер арасында қызметкерлер 56,8%. Ауыл тілшілерінің арасында қызметкерлер 83,6%. Село тілшілерінің 84% шаруалар.

3. Губерниедегі тілшілер қозғалысы ұйымдасу жағынан белгілі бағытты түрде түзілген жоқ. Тілшілер қозғалысының негізі, алғашқы басқышы губерниемізде тілшілер үйірмесі жоқ. Қазірде губерниелік қалада 3 үйірме құралып жұмыс істей бастады. Бұлардан басқа тағы 6 үйірме құрыла бастады. Село тілшілерінің арасында 3 тілшілер үйірмесі бар. Ауыл тілшілерінің арасында 2 жерде тілшілер үйірмесі құрылған. Бұлар жұмысқа енді кіріспекші.

4. Жалпы тілшілер арасында тәжірибе жұмысы кем. Бұл жұмыстың кемдігі. Жаңа айтылған тілшілердің ұйымдасу бағытында әлі болса да губерниедегі бір жол алып түзелмегендігінен.

Ауыл тілшілерінің машықтығы олардың түрлі үйірмелерге бірікпегендігі тілшілер қозғалысын тәртіпке салып, тәрбиелеу жұмысын жүргізуге жолбасшылық етуге өте қолайсыз және өте қиын.

5. Губерниеміздегі қазіргі күнде тілшілер қозғалысының барысы мынадай кезекті, кейін қалдырмайтын мәселелерді алдымызға тартады.

(1) Тілшілер қозғалысына партияда жоқтарды көбірек тарту. Әсіресе партияда жоқ жұмыскер, мал баққан шаруаларды көбейту жұмысын күшейту. Бұл жұмыста аса көңіл бөлетін нәрсе, ауыл тілшілерінің ішінде қазақ шаруаларын көбейту.

(2) Тілшілер қозғалысына әйелдерді тарту жұмысын күшейту керек. Әсіресе жұмыскер, шаруа әйелдерін, қазақ әйелдерін тартуға көңіл бөлу керек.

(3) Губерниедегі тілшілер қозғалысын белгілі бағытқа салу жұмысы - тілшілер үйірмелерін оқу үйлері жанында, жапсырма газеттер жанында және бұлар жоқ жерлерде ұйымдастырып, олардың желісін кеңейту мен бөлу керек.

(4) Тілшілер қозғалысына жолбасшылық ету, олардың төменгі партия және жастар ұйымы (ұялар, болыстық комитеттер) мен және

«Қызыл Ту», «Красный Урал» газеттерінің басқармалары мен қатынастарын нығайту үшін бүгінге дейін болып келе жатқан жұмыстан көрі тәртіпті, жоспарлы жұмыс істеуді қолға алу керек. Губерниеміздегі тілшілер қозғалысына жолбасшылық ету - қатынасты күшейту жұмыстарында басқа губерниедегі тілшілер қозғалысы туралы істеліп отырған жұмыстан тәжірибе алып, ендігі жерде жолбасшылық жұмысын тілшілер үйірмелері арқылы ғана жүргізу керек және соны жүзеге асыруға тырысу керек.

(5) Тілшілер арасында тәжірибе жұмысы - олардың саяси қоғамдық біліктерін толықтыру және істеген жұмыстарында өздерінің толық жауапты екендіктерін ұғындыру болуы керек.

Бұл жұмыстарды орындау үшін тілшілерді саяси мектептерге тарту және тілшілер үйірмесін басқаруға олардың өзбеттерімен білім алу жұмысын басқару үшін партия ұйымдары білікті, қолынан жұмыс келетіндей басқарушылар беру керек.

Жапсырма газеттер туралы(қабырға газеттері -Қ.С.) (баяндама бойынша)

1. Губерниелік бірінші сиезі жапсырма газеттерінің жұмысында айрықша жетістіктер барлығын көрсетеді.

Жетістіктер мын түрде:

(1) Жапсырма газеттерінің көбейіп өсуі.

Бұл өсу -жалпының жапсырма газеттерінің керекті екенін сезіп сонымен жапсырма газеттердің алдағы ілгерлеу жұмысына негіз даярлаулары.

(2) Жапсырма газеттердің жалпылық газет болуға айналғаны.

2. Жапсырма газеттердің жетістіктерін көрсетумен қатар тілшілер сиезі бір қатар кемістіктерін көрсетіп, тілшілердің назарын сол кемістіктерге аударады. Бұл кемістіктердің негізгілерінен төмендігілерді көрсетуге болады.

(1) Жапсырма газеттерінде ұсақ әңгіме, ерегес, ұрыс көп жазылады.

(2) Жапсырма газеттерінде түрлі жұмыстың жақсы жағы, жетістіктері кем жазылуы.

(3) Кейбір жапсырма газеттердің түрлі науқандарды елемей оларға аз көңіл аударады.Сондықтан науқандардың жақсы өтпей қалуы.

(4) Біздің жапсырма газеттер жалпының жұмысын, пікірін сөйлеп оларға жолбасшылық ету, тәрбиелеу жұмысын жүргізе алмай отыр.

3.Жоғарыда көрсетілген кемістіктерді жоюға шұғыл кірісу керек.Жақын арада жапсырма газеттерді көтеріп тиісті сатысына бассын.Бұларды орындау үшін губерниелік тілшілер тобы төмендегі жұмыстарды істеуге тапсырады:

(1) «Қызыл Ту» мен «Красный Урал» газеттерінің басқармалары қаладағы жапсырма газеттердің сапа жағын есепке алсын.

(2) Тілшілер тобы бітісімен ауыл, село жапсырма газеттерін есепке алып, олардың жұмыстарын тәртіптеп, келешекте жоспарлы түрде жолбасшылық етуге негіз қалаулары керек.

(3) Қаладағы жапсырма газеттерге жолбасшылықты күшейту жұмысын жүргізу, жапсырма газеті тілшілерінің, басқарма алқаларының кеңестерін жасау, жапсырма газеттеріне көрмелер ұйымдастыру, күн сайын нұсқау беріп отырумен болады.

(4) Осы күнге дейін шейін ауыл, село жапсырма газеттерінің беті ашылмағандықтан губерниелік сиез «Қызыл Ту», «Красный Урал» басқармаларына осы жазда ауыл, село жапсырма газеттерінің бірінші губерниелік көрмесін жасауды тапсырады.

ТІЛШІЛЕР СИЕЗІНЕ ҚАТЫСҚАН ДЕЛЕГАТТАР СУРЕТІ

« Қызыл Ту» ауыл тілшілерінің губерниелік тұңғыш тобы
20-24 январ 1927 жыл

«Қызыл Ту» ауыл тілшілерінің губерниелік тұңғыш тобы.
20-24 январ 1927 жыл.



(4) Тілшілер мен жапсырма газеттердің мазмұны оңды болуы басқарушылар алқасының іскерлігіне қарай болатындығын ескеріп, басқарма алқасы әр ұйымның өкілдерінен құралмай, сайлаумен болуын мақұлдайды. Жапсырма газеттерінің алқасы әр ұйымның өкілдерінен құралғанда, кейбір жолдастардың тіпті газет жұмысымен ісі жоқ, газетке көңіл бөлмейтін адам болып, жұмысқа үлкен кесел болған реттері көрінді.

(5) Қалалы жерлерде шаруашылық мекемелерін басқарушыларды, село, ауылдарда, ауыл-село кеңестерін жапсырма газеттерінің жұмысына қатынастыру жағын көздеу керек. Дегенмен оларды жапсырма газеттерді басқару алақасының мүшелігіне кіргізуге жарамайды.

(6) Жапсырма газет басқарма алқаларының газетке сөз жазушылардың жасырын атын айтып қоюларымен қатты күресу керек. Жазушылардың атын жариялап отыру жалпы газет жұмысына қатынасудан түңілтеді, тауын қайырады.

(7) Басқарма алақасының прокурор, шаруа бақылау инспекциясы мекемелерімен жақсы байланыс жасап отыру жұмысты ілгерлетіп маңыздандырады.

(8) Губерниелік топ ауыл, село жапсырма газеттерінің сан және сапа жағынан өскендіктерін көрсетіп, «Қызыл Ту» мен «Красный Урал» газеттері басқармаларына, оларға аса көңіл бөлуді тапсырады.

(9) Губерниелік топ түгелімен жапсырма газеттеріне партия жолбасшылығының керек екенін айтып, ол жапсырма газеттерінің жылдам ілгерлеуіне, жалпыны дұрыс тәрбиелеуші, ұйымдастырып жолбасшылық етуші болуына үлкен жәрдемші болады деп, - деп табады.

Ауыл тілшілерін ұйымдастыру және олардың үйірмелерінің жұмысы жайындағы уақытша негізгі ережелері

1. Ауыл тілшілер үйірмесінің мақсаты

1. Ауыл тілшілерінің үйірмесі - тілшілер қозғалысының төменгі ұйымы. Бұл ұйымға жапсырма газеттеріне яки газет жалпы газет - журналдарға жазып жүрген әрбір шаруа және шаруа әйелдер өз еріктерімен жазылып, ұйымдасады.

Ауыл тілшілерінің ұйымдары мынадай мәселелерді жүзеге асыру үшін құралады.

(1) Жергілікті жапсырма газет арқылы яки жалпы баспа сөз (газет - журналдар) арқылы ауылдың шаруашылық мәдениет құрылысын оңдауды көздеу және жергілікті кеңес мекемелерінің құрылысына көзсалу, оларды жетістіруге ынталандыру.

(2) Ауыл тілшілерінің саясат және мәдениет жағынан біліктерін пысықтау, олады кеңес құрылысымен партия жолының мақсатын түсінгендей ету және тілшілер қозғалысының социализм орнату жолында қоғамның алдыңғы қатарында мойындаушылары екендігін ұғындыру.

(3) Жапсырма газетін шығарып, оның жұмысынан тәжірибе алу. Техника, хабар жазу тағы сондайларын үйрену.

(4) Тілшілердің қатарына шаруалардан: кедей және орташаларды тартып, оларды баспа сөз (газет - журнал) арқылы бір қоғам қызметкері етіп жасап шығаруды көздеу.

(5) Шаруаларға баспа сөзге қатынасудың маңызын ұғындыру - тілшілер жұмысын көрсету, шаруалардың баспасөзге, тілшілерге сенімдерін арттыру жадығын (мақсатын - Қ.С.) көздеу.

(6) Газет - журнал, түрлі кітаптардың ауылға көп тарауына белсенділік жасау.

(7) Тілшілерді түрлі қудалаудан қорғаудың амалын көздеу.

2. Ауыл тілшілері үйірмесінің жоғарыда көрсетілген мақсаттарын толық жүзеге асыру үшін мынадай жұмыстар жасау керек:

(1) Жергілікті жапсырма газетте және баспа сөзде (газет - журнал) тұрған ауылының шаруашылық, мәдениет, саясат, қоғам тұрмысындағы мәселерін, болған дұрыс оқиғаларды, кемшіліктерін, жетістіктерін толық суреттеп жазып отыру.

Жалпы шаруаларды газет - журналдарға тарту үшін, газеттердің қадірін көтеру үшін жазған сөздер, жалпы шаруаны қызықтырғандай,

қышыған жерлеріне тигендей мәселелер болсын. Шаруаның керек деп жүрген мәселелері дер кезінде көтерілсін.

(2) Ауыл тұрмысында, тілшілер жұмысында туған түрлі жаңа мәселелерді шешу, талқылау үшін жеке әңгімелер, жиылыстар жасалсын. Бұл мәселелерді ауылда жалпы кеңес құрылысы мәселелерімен баспа сөздің мақсаттарымен байланыстыра шешу керек.

(3) Түрлі отырыстар жасап ауыл кеңесінің жұмысы, мәден жұмыс, төңкеріс заңы, өндіріс өнеркәсібімен ауылшаруашылығының байланыс тағы сондайлар жайында әңгімелер жасау керек. Бұл мәселелер туралы сөйлегенде жергілікті жағдайға сәйкес тілшілердің мақсаттарына жанамалап талқылау тиіс.

(4) Тілшілердің жанама газетке болмаса, уездік, губерниелік газеттерге - журналдарға жазғандарын ортаға салып талқылып, әңгіме қылу керек. Жергілікті жапсырма газетте берілген болмаса баспа сөз бетіне жіберілетін мақалаларды тексеріп ортаға салып отырулары керек.

(5) Тілшілер туралы көтерілген мәселелерді, жазылған сөздерді жинап оқып, талқылып отыру жөн.

Бұлай еткенде жазған адамның аты ашылмасын, бүркеншек аты қала берсін. Және газет-журналдарға жіберілетін тілшілер хаттарының барлығы үйірмеде қаралуы тиіс деп түсінілмесін. Барлығын талқыға салу міндетті жұмыс емес. Және оның мақаласын ұстап қалуға, жібермеуге үйірменің де хақы жоқ.

(6) Үйірмеге мүше болған тілшілердің жазғандарын шұғыл тексерудің амалдарын қарап, жапсырма газеттерде жалпы баспа сөзде айтылған, жазылған сөздердің орындалуын бақылып отыруы тиіс.

(7) Жазылып шыққан жапсырма газеттердің мазмұны және шығайын деп тұрған газеттің жоспарын ортаға салып, қарап отыру керек. Бұлай еткенде үйірме мүшелерін жапсырма газеттің жұмысына толық тартуға қатынастыруға болады және үйірмеге шаруалардан жаңа мүшелер тартуға болады.

(8) Үйірменің ашық жиналыстарын жасап газетке сөз жазбай жүрген, жазуға ынтасы бар тілшілер жұмысына тілектес шаруаларды, әйелдерді қатынастыру керек.

Тілшілер қозғалысына шаруаларды көп тарту үшін үйірме, оқу оқу үйлерімен тағы басқа саяси ағарту мекемелері бірігіп, мезгіл-мезгіл ел шаруаларына баспа сөз тілшілер қозғалысына жайында

баяндамалар жасалады. Газетпен жалпы аудандағы саяси-ағарту мекемелерінің жұмысына қатысып отырады.

(9) Газеттің қадірін арттырып, тілшілер хабары туралы істеп отырған жұмыстарды, көрінген нәтижелерді, баспа сөздің пайдасын мәнін айтып, шаруаларға жазылу шартын, тағы сондайларды ұғындырып отырады. Баспа сөз арқылы почтаның, оның бөлімдері жұмысын тәуірлетуге газетті иелеріне тапсыру, алдырушылар жинау жұмыстарына көңіл бөлдіруге қызмет етеді.

(10) Тілшілердің қуғынға ұшырып жүргендері болса, үйірме арқылы шығып тұрған газет басқармасына кешіктірмей білдіріп, қорғау амалын қолданады, және бұл амалды партия - кеңес мекемелері арқылы қоғам ұйымдары, прокурор мекемесі арқылы да қорғайды.

3. Тілшілер үйірмесін ұйымдастыру

3. Тілшілер үйірмесі жапсырма газеттердің жанында болады. Жапсырма газеттері жоқ жерде ұйымдасқан тілшілер алдымен жапсырма газет шығруды қолдайды.

4. Үйірменің шығарған жапсырма газеті жергілікті шаруалардың газеті болып соған лайық ат қойылады. Бұл газетке көңілі тілеген әрбір шаруалар, кедей - батырақтар қатынасады.

5. Үйірменің жұмысын, жапсырма газетін үйірменің жалпы жиналысында араларынан сайлаған алқа басқарады. Сайланған адамдардың қанша уақытқа сайланғандықтарын жалпы жиналыс көрсетіп кетеді.

6. Ауыл тұрмысы, ауылдағы істеліп жатқан жұмыстар мен жақын таныс болу үшін және таныстыру үшін тілшілер үйірмесі алқаларындағы партия мүшелері, жастар мүшелері арқылы жергілікті партия ұйымы, жастар ұясы, болыс, ауыл кеңестерінің мекемелерін, қоғам ұйымдарына, кооператив, қосшы оқу үйлеріне тағы сондайларға жіберіп қатынас жасап отырулары тиіс.

Үйірме жергілікті саяси ағарту мекемелерінен жапсырма газет шығаруға керек нәрселелерді табу үшін, тілшілер үйірмесіне керек кітаптарды қолдарына алу үшін қаржы алады.

7. Жапсырма газеттің және үйірменің жұмысына сайланған алқа жергілікті оқушы, оқу үйлерін басқарушы, агроном тағы сондай қоғамдық жұмыстарды басқарушыларды тартады.

8. Сайланған алқа үйірмелерінің жиналысын, мезгілін белгілейді. (Тілшілерге керек мәселе, олардың жұмыстарында ұшырайтын деректерді көптеп талқыға салады). Алқа жапсырма

газетіне түскен мақалаларды есепке алады: Үйірменің күнделікті жұмысын жазып тәртіптеп отырады. Үйірменің жұмысын тілшілер баспа сөз бетінде, газеттерде жазылып отыруын құнттап, көксеп отырады. Жапсырма газеттердің көрмелеріне қатынасады, тағы сондайлар.

9. Сайланған алқа үйірменің жұмысына, жапсырма газеттің мазмұнына, оған жазылған мақалаларға түгел жауапты болады.

10. Тілшілер үйірмесі өздеріне жақын газеттің басқармалары мен (округтік, уездік, бұлар жоқ жерде облыстық, губерниелік) жақын қатынас жасалары керек.

Үйірме өзінің жұмысында, сол басқарманың көрсеткен бағытымен болады.Өздерінің жұмысы жайында оларды хабарландырады.

Түсінік сұрау, кездескен қиын мәселелерді шешу туралы соған хабарласады.

Сол газет басқармасы арқылы губерниелік, уездік тағы сондай қоғам кеңес мекемелері ұйымдарымен қатынасып отырады.

11. Жергілікті баспа газеттер, орталық газеттер өз алдарына тілшілер үйірмесі жасамайды дегенмен үйірменің мүшелері өздерінің тілшілерімен қатынасты үзбей нұсқауларын беріп отырады.

12. Ауылда жеке әйел тілшілер, жәй тілшілер үйірмесі құрылмайды.Дегенмен әйелдер, жастар баспа сөздерінде шыққан әңгімелер, мәселелерді тексеру, қарау туралы әйел тілшілер, жас тілшілер керек болғанда арнаулы кеңестер жасалып, мәселені талқыға салуларына болады.Жергілікті жер, ел жағдайын қарай әйел - ерек тілшілерді қосып, бір үйірме жасау қиын болатын болса, жеке әйелдер тілшілер үйірмесінде жасауға болады.Бұл әйел тілшілердің үйірмесі жалпы тілшілер үйірмесіне кіруге даярлық болады.

«Қызыл Тудың» жапуапты шығарушысы

Сүгір ұлы Рақым.

Жауапты хатшысы:

Сапар ұлы Тамем.

Губерниелік бірінші ауыл тілшілер тобына келген
«Қызыл Ту» газетінің тілшілері

1. Айманұлы А.
 2. Байшеркешұлы М.
 3. Берпайұлы Қ.
 4. Бөкенбайұлы Б.
 5. Ғатауұлы.
 6. Дәулетұлы М.
 7. Жазықбайұлы.
 8. Ілиясұлы А.
 9. Қажбанқызы П.
 10. Көшкінбайұлы.
 11. Ықсанұлы Р.
 12. Қожа-Ахметұлы.
 13. Мәленбердіұлы Б.
 14. Молдағалиұлы Ғ.
 15. Нығыметоллаұлы .
 16. Пәжібайұлы Д.
 17. Тұрашұлы Б.
 18. Өтеуліұлы.
 19. Шағыұлы.
 20. Шортанұлы.
- «Красный Урал» газетінің 55 тілшісі келді.

Бұл кітапта басылғандар.

1. Сөз басы.
2. Партия мен Ауыл тілшілері туралы баяндама бойынша қаулы. 2- бетте.
3. Жолдас Варнаков баяндамасы бойынша қаулы. 3- бетте.
4. «Қызыл Ту» газетінің күйі туралы» баяндамасы бойынша қаулы 6- бетте.
5. «Губерниедегі тілшілер қозғалысы және оның кезекті міндеттері туралы» баяндама бойынша қаулы. 11- бетте.
6. «Жапсырма газеттер туралы» баяндама бойынша қаулы 13- бетте.
7. «Ауыл тілшілерін ұйымдастыру және олардың үйірмелерінің жұмысы жайындағы уақытша негізгі ережелер 17- бетте.

Қазақстанның батыс өлкесінде шығарылған мерзімді баспасөздердің жалпылама көрсеткіші

Р/с	Басылым атауы	Шыққан жылы	Тоқтады	Алғашқы редакторлары	Қосымша мәліметтер
1	«Уральские войсковые ведомости»	1867		Есаул Назаров П.	
2	«Уральский листок» «Уральский листок»	1891 1901.	1900 1915.	Жавронкова М. Лисовский;	
3	«Уралец» «Уралец» «Уралец» «Уральский дневник»	1897 1901. 1914. 1906	1909. 1905. 1916. 1907.	Сладков М.С. Логошкин Н.М. Старцев В.В. Тухфатуллин К.	Құрылтайшысы Ванюшкин К.В.
4	«Фикер» (Мысль)	1905	1907	Мутыги К. Тұхфатуллин А.К	73 № саны шыққан.
5	«Ал-гасрель жәдид» (Новый век)	1906	1907	Мутыги К. Тұхфатуллин К.	17 № саны шыққан
6	«Уклар (Стрелы)»	1906	IV-XI.	Мутыги К	6 № саны шыққан.
7	«Уральские областные ведомости»	1903.	1917.	Редколлегия.	
8	«Листок Уральский»	1915	1917	Щелокова А.Н.	«Уральский листокты» шығарғандар болды.
9	«Қазақстан»: (Москва-РГБ; Санкт-Петербург-ГПБ сақталған)	1911.16/03.	1913. VII.	Бұйрин Е.	Орада-2, Оралда-16 саны шыққан.
10	«Уран»	1917. VII.	1918. V.	Мұсағалиев Ф.	Орал, кейін Орда.
11	«Гурьевский вестник»	1917.	1917. 28/XI.	Старцев В.	Уақытша үкімет басылымы.
12	«Яицкая воля»	1917.	1919.		«Уральские обл. ведомости».
13	«Ішкі Ордалықты басқарушы областной комитетінің Хабары»	1918. 17/XI.	1919. 1/XI.	Милютин С.П.	Орда к.
14	«Қазақ дұрыстығы» -	1919. 1/01.	1919.1 /XI.	Көкебаев М.	Орда к.

	«Киргизская Правда»				
15	«Дұрыстық жолы»	1919.26/02.	1919.10/07.	Редколлегия.	Орда к.№11 саны жарық көрген.
16	«Қызыл дала»	1919.10/07.		Редколлегия.	«Дұрыстық жолы» газетінің жалғасы.
17	«Сахара таңы»	1919.15/XI.		Редколлегия.	Татар тілінде
18	«Мұғалім» журналы	1919.	1919.	Мұсағалиев Ғ.	Орда к.№7 саны шыққан.
19	«Еркін казак»	1919.1/09.	1919. XII.	Мәметов А.	Ойыл қ. Алашорда үні.
20	«Наши силы» (Оқушы, студенттер журналы).	1918.№1-6.		Редколлегия.	Орал қ.
21	«Яицкая правда»	1919.1/02.		Редколлегия.	«Яицкая воля» орнына шыққан.
22	«Красный боец»-Түркістан майданы	1919.	1920.1/03.	ж.Котомка	№4 армия саяси органы.
23	«Революционная борьба»	1919.		Редколлегия.	№25 атқыштар дивизиясы.
24	«Дала қыраны»-Степной Орел (Қолжазба журнал)	1919.14/XI.		Редколлегия.	Ілбішінді ақтардан азат етуде шыққан.
25	«Красный Урал» «Прикаспийская правда»	1920.13/1932.6/03 1938.6/X.		Петровский П.Г.	Орал қ. «Приуралье».
26	«Вехи строительство» журнал	1920.15/XI.	1921.	Петровский П.Г. Недачин.	Орал қ. №4 саны шыққан.
27	«Степной Набат», «Казак жарлылары», «Кедей Туы».	1920.27/04.	1925.26/06.	Варламов П.И. Сарбаев Ғ.	Орда қ.
28	«Қызыл Ту», «Екпінді құрылыс», «Орал өңірі»	1920.1932.6.03 1957.08.	1930.1957.10/08.	Әлжанов Б. Байділдин А.	1920.21/02.губкомда казакша газет шығару мәселесімен шыққан.
29	«Красный Гурьевский вестник», «Трудовая правда», «Прикаспийская правда»	1920.8/01 1920.25/02. 1924.18/08.	1920.20/02.	Самсонов. Тамбоцев. Куприянов П. Гудоман. Файс С. Матвеев М.	№25 Чапаев дивизиясының органы. Гурьев уездік, округтік және облыстық партия ком. үні.

		1933. 15/09.			
30	«Красный Восток» Шығыс татар бюро үні	1920.2/02		Тұхфатуллин Камил және Хамид	Орал к. Татар – қазақ бюросы.
31	«Ерік»	1920. 09.	1923. 03.	Мәметов А.	Жымпиты к. Кейін Гурьевке көшкен.
32	«Ихтилан- Байрак»(Знамя революции)	1919.		Редколлегия	Орал к. Татбюро үні.
33	«Красная молодежь Востока»	1920. 3/07.		Редколлегия	Орал к. Татбюро үні.
34	«Путь молодежи» (көптиражды газет)	1920.14/0 5.		Редколлегия	Орал к. РЛКСМ үні.
35	«Юный пролетарий»	1921.18/0 2.		Редколлегия	«Красный Уралға» қосымша шыққан.
36	«Радиохабары» қабырға газеті, «Партиялық хабар», «Степная РОСТА». Қолжазба журналдар.	1920. 1920.28/0 6. 1920.1/Х.		Мацкевич В.	Форт- Александровскід е шыққан.
37	«Ерік», «Жұмыскер тілі»	1923. 1/04. 1924. 18/08.	1924.1 8/08. 1931. 25/XII	Өтеулиев Б. Жақыпов С. Махамбетов Ғ. Сұлтанғалиев Р.	Гурьев, Ембі ауданы құрылғанда «Ленин жолы», «Жем жұмысшыларына » айналды.
38	«Жұмыскер жас» - («Рабочее дело») Гурьев уездік комсомол газеті.	1924.15/ ХІ. 1925.3/03	1927.0 8.	Махамбетов Ғ.	Гурьев к. «Жұмыскер жастың» №47 саны шыққан.
39	«Крестьянская новь»	1924.4/Х.	1925.2 5/06.	Каховский Я.	Орал к.Шаруаларға арналған газет.
40	«Бетінді ауылға бұр!» (Қолжазба журнал)	1925		Редколлегия	Форт- Александровскід е шыққан.
41	«Маңғышлақ» журналы	1927.		Белгісіз журнал	Адай уезкомы Ахмедовтың журналды шығару жөнінде хаты бар.

42	«Грудовая правда» газетінің көпшілігі редакциясы ашылды (көптіражды газет)	1931.25 /04.		Черсватов М.	Доссорла мұнайшыларға арналған.
43	«Жем жұмысшылары»	1931.25 /XII.	1933.1 5/09.	Сәрсенбайұлы Ж. Мұқатұлы Т.	Орал-Ембі аудандық газеті.
44	«Большая Эмба»	1931.25 /XII.	1933.1 5/09.	Матвеев М.	Орал-Ембі аудандық газеті.
45	«Ленин жолы»	1932.15 /02.	1933.1 5/09.	Қосанұлы	Гурьев аудандық газеті. №172 саны шыққан.
46	«Социалды құрылыс», «Коммунистік еңбек», «Атырау»	1933.15 /09. 1963.1/ 05. 1990.30 /06.	1963.1 /05. 1990.3 0/06.	Сыздықов З. Қожахметов Ш. Төлебаев С.	Қазіргі Атырау облыстық газеті.
47	«Қызыл Ту» (Жымпиты)	1920,19 31- 1940		Мәметов А. Тастайбеков Қ.	Жымпиты қ.
48	«Трактор»	1930.	1933.5 /09.	Редколлегия	1931 жылы 13/01 Қазөлкелік комитет бюросында беркілген.
49	«Промкооператор»	Шыққан кезі белгісіз	1931.1 3/01.	Редколлегия	«Красный Уралға» бірікті.
50	«Төңкеріс жолы», «Колхоз жолы»	1931.15 /03. 1935.		Жұмағалиев С	«Ауыл айнасы - 75» деген кітапта 1930.17/05. шығады деп жазылыпты.
51	«Жаңа жол»	1931.		Махамбетов Ғ.	Орда қ.
52	«Үлгілі ауыл», «Үлгілі кеңес»	1930.1/ XII. 1931.8/ 03.	1931.8 /03.	Мәдәліұлы	Орал қ.
53	«Жаңа жұртшылық», «Колхоз жолы», «Сталин жолы»	1931.1/ 08. 1933. 1958.		Тәпесұлы Ж. Сәрсембин Ж.	Форт-Шевшенко. Таушыққа ауысты (№36.1932 ж)
54	«Балықшылар үні»	1930.		Аманғалиев Ғ. Есеев К.	Теніз ауданы. Қазіргі «Серпер».

55	«Красный Каспий»	1932.		Чанчиков А. Афанасьев Ю.	Теңіз ауданы.
56	«Комсомол ұрпағы», «Сталиншіл жас»	1933.	1941.	Мырзашев Ө.	Орал к.
57	«Социалистік ауыл»	1933.4/ X.		Айтжанұлы	Жылкосы ауданы
58	«Социалды Қосшағыл» (көптіражды газет)	1933.20 /08.	1936.2 2/02 ұзарт ылды	Игісінов	Қосшағыл мұнай кәсіпшілігінде шыққан.
59	«Ударник нефтепровода» (көптіражды газет)	1933.1/ 05.	1934.7 /XI.	Юфаров И.Е.	«Каспий-Орск» мұнай құбыры (Гурьев-Ақтөбе).
60	«Мұнайшылар үні» («Голос нефтянника»)	1934.14 /02.	1935.2 8/09.	Дүзбаев	Доссор к.
61	«За большую нефть» (көптіражды газет)	1934.4/ 06.		Өзімов С.М.	Темір к. 2 тілде шыққан.
62	«Стахановшылар Ембісі», «За стахановскую Эмбу» (көптіражды газеттер)	1936.20 /X.	1937.1 /01.	Аманғалиев Ғ.	Гурьев округтік газет жанынан шыққан.
63	«Доссор-Байшонас» (көптіражды газет)	1936.28 /02.		Редколлегия	Мұнайшыларға арналған.
64	«Молния» (көптіражды газет)	1936.29 /X.		Климанов С.	«Гурьев-Қандағаш» темір жол құрылысы.
65	«Индербор» (көптіражды газет)	1936.22 /02.		Редколлегия	Индер құрылысы.
66	«Шопан үні», «Қойшы», «Социалды қой шаруашылығы», «Ленин жолы»	1933.14 /X.	1937.2 6/04.	Кальментев С. Жалмұхатов М. Царьков.	№8 Баксай қой кеңшарының көптіражды газеті, кейін Баксай аудандық газеті.
67	«Социалды мал шаруашылығы», «Коммунизм туы», «Дендер».	1934.3/ 06.	1958.1 2/XI. 1962.1 /V.	Аманғалиев Ғ. Молдабеков Ш. Машанов М.	Есбол, Индер аудандық газеті
68	«Ембі жұмысшысы» («Эмбинский рабочий»)	1937.1/ X.		Бұрқұлақов Қ.	Мақат аудандық газеті
69	«Сталиншіл» («Стал	1934.	1936.2	Редколлегия	Орал к.

	инеп») (көптіражды газет)		8/02.		Жоғары дәрежелі ауылшаруашылығы коммунистік мектеп үні.
70	«Стахановец»(Урал ьск-Илецк) (көптіражды газет)	1933.	1936.	Редколлегия	Жол құрылысшыларға арналған.
71	«Сақшы» («На страже») (көптіражды газет)	1933.	1934.	Редколлегия.	Орал к. облыстық милиция үні.
72	«Қаражат жұмысы» («На страхов.посту») (көптіражды газет)	1935.	1936.	Редколлегия	Орал к.
73	«Оку майданы» («Фронт учебы») (көптіражды газет)	1935. 1936.22 /02.		Серов В.	Орал к. Педагогикалық институт үні.
74	«Колхозшылар үні», «Ленин жолы».	1936.3/ 03		Бахтияров Ж.	Қаратөбе ауданы.
75	«Коммунист»	1936.18 /XI.		Батырғалиев З.	Жәнібек ауданы.
76	«За образцов. мясокомбинат» (көптіражды газет)	1936.22 /02.		Редколлегия	Орал к.
77	«За культуру» (көптіражды газет)	1936.22 /02.		Редколлегия	Гурьев консерво комбинат.
78	«Орал сушысы» («Уральский водник»	1936.3/ 03.	1940.2 6/07.	Надеждина К.С.	Орал к.
79	«Большевиктік құрылыс» (Көшім) (көптіражды газет)	1939.11 /09.		Редколлегия.	№51 саны шыққан.
80	«Паровозшик» (көптіражды газет)	1938.		Редколлегия.	Орал к.
81	«Колхоз жолы» (Степ.новь)	1934.	1939.	Қасымов Т.	Талов ауданы
82	«Железнодорожный путь» №4 теміржол бөлімі	1934.	1935.8 /03.	Ладыгин В.	Орал к.
83	«За большевистские колхозы» - МТС, кейін «Большевитский путь»	1939.29 /X.		Редколлегия.	Зеленовский ауданы.
84	«Екпінді еңбек».	1934.19		Редколлегия.	Берлі МТС.

	«Колхозная Правда»	/X.			Бөрлі ауданы.
85	«Реконструктор» (көптиражды газет)	1933.	1938.	Андрянов И.	Каменск ет-сүт кеңшары.
86	«Сталинец» (көптиражды газет)	1933.		Редколлегия	Рубешенск
87	«Кавалерист» (көптиражды газет)	1934.		Редколлегия	Орал қ.
88	«Екпінді еңбек»	1934.10 /06.		Қитаров А.	Бөрлі МТС саясаттық бөлімі.
89	«За освоение техники»	1935.		Редколлегия	Гурьев қ.
90	«Динамо»(ПСО) (көптиражды газет)	1933.		Чуев, Чистяков.	Орал қ.
91	«Екпінді жол»	1934		Төлешев Ж.	Ілбішін ауданы
92	«На стройке Кандагач- Гурьев»(көптиражд ы)	1936.29 /X.	1941	Климанов С.	Темір жолшыларға арналған.
93	«Политотделец» орган П/отдела Каспийского пароходства(көптир ажды газет)	1940.	1941.	Редколлегия	Астрахань қ.

МАЗМҰНЫ

Бастау.....	3
Орал баспасөзінің алғашқы қарылғаштары (1919-1928жж.).....	17
Орал өңіріндегі аудандық баспасөз тарихынан (1930-1940 жж.).....	26
Тілшілердің «Қызыл Ту» ұйымдастырған алғашқы бас қосуы.....	32
КИЖ-д– Оралдықтар.....	41
«Қазақстан» газетінің педагогикалық ой-пікірді қалыптастырудағы рөлі.....	47
Білім ордасының тұңғыш басылымы.....	53
«Үлгілі ауыл» газетінің тарихынан.....	61
Орал облыстық баспасөз тарихынан (1932-1938 жж.).....	68
Мерзімді баспасөзге сталиндік биліктің орнауы (1932-1938 жж.).....	77
С.Сейфуллин және өлке баспасөзі.....	86
Мәншүктің әкесі.....	94
Аға милиционерліктен – редакцияға (1923-1928 жж.).....	104

II бөлім

Қазақстан Республикасы Орталық кітапханасының сирек қорында сақталған «Қызыл Ту» мен «Красный Орал» басқармаларының жанында болған жұмыскер, ауыл және поселке тілшілерінің губерниелік тұңғыш тобы» атты кітап.....	111
Қазақстанның батыс өлкесінде шығарылған мерзімді баспасөздердің жалпылама көрсеткіші.....	136

Көлемі 9 б.т. Таралымы 500. Тапсырыс № 16 .Офсет қағаз.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің баспа орталығы
090000, Орал қаласы, Сарайшық көшесі, 34.т. 50-76-52*

